

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН



ҚҰТТЫ БІЛІК

БАҚЫТ ӘКЕЛЕТІН БІЛІМ



УДК 398
ББК 83.2
Б22

«Мектеп кітапханасы» топтамасы

Проза түріне келтірген – Эльмира Исабаева

Ж. Баласағұн
Б22 **Құтты білік.** Бақыт әкелетін білім. Жоғары сынып оқушыларына арналған кітап. / Ж.Баласағұн. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2023. – 208 бет.

ISBN 978-601-201-128-9

Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі XI ғасырда жазылған. Бұл шығарма – құнды әдеби жәдігер. Бұл кітапқа «Құтты біліктің» кейбір тараулары таңдалып, проза және поэзия түрінде берілген.

УДК 398
ББК 83.2

ISBN 978-601-201-128-9 © Исабаева Ә.Н. 2023
© «Arman-PV baspasy», 2023

Барлық құқығы қорғалған.
Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

«Құтты білік» еңбегі туралы түсінік

«Құтты білік» – ХІ ғасыр түркі әдебиетінің және Ислам дәуіріндегі ең маңызды, ең көне туындыларының бірі. «Құтты білік» – адамдарға екі дүниеде де шынайы бақытқа кенелуге қажетті жолды көрсету мақсатында жазылған шығарма. Оны Қараханидтер дәуірінде Жүсіп Баласағұн жазған. Жүсіп осы еңбегімен адам өмірінің мәнін талдап, оның қоғамдағы, демек, мемлекет алдындағы міндетін айқындайтын философияны, өмір философиясының жүйесін құрады.

Жүсіп Баласағұн – ХІ ғасырдың аса көрнекті ақыны, энциклопедист-ғалымы, белгілі қоғам қайраткері ретінде күллі түркі әлемінің мақтанышына айналған тұғырлы тұлға.

«Құтты білік» 1069 жылы жазылған. Жүсіп Баласағұн бұл туындыны он сегіз айда бітірді. Шығарма 6645 жұптан тұратын өлеңмен жазылған. Барлығы 85 тарау бар. Құтты білік Аллаға, Пайғамбарға, төрт халифаға және заман әміршісіне мадақ айтудан басталады. Шығармада кейіпкерлер орын алады. Бірі – әділет, екіншісі – бақыт (дәулет), үшіншісі – ақыл, төртіншісі – қанағат және бұлардың әрқайсысына түркіше ат беріпті: әділетке *«Күнтоғды»* атын беріп, патша орнына қойыпты; бақытқа *«Айтолды»* деп ат беріп, уәзір орнына қойыпты;

ақылға «Өгдүлмиш» атын беріп, уәзірдің ұлы есебінде таныпты; қанағатқа «Одғұрмыш» атын беріп, (Өгдүлміштің) туысқаны деп айтыпты. Міне, осылардың арасында өзара пікір алысу ретінде сауалдар беріліп, жауаптар қайтарылып, осылай болып өткен әңгіме туралы сөз болады. Құтты білік тек діни мәселелер туралы ғана емес, адамның мінсіз түрі туралы да мәлімет береді. «Құтты білікте» мінсіз адам түрін түсіндіре отырып, ақиқат, ізгілік, парасат, білім сияқты ұғымдарға баса назар аударылады.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» кітабын сол кезеңнің билеушісіне жазған. Оны ұсынғанда кітап билеушінің назарына ілікті және билеуші Жүсіпті өзінің бас кеңесшісі етіп тағайындады. Бұл жағдай кітаптың сол замандағы маңыздылығын көрсетеді.

«Құтты білік» дастанының бүгінгі күнге дейін сақталған үш нұсқасы бар: біріншісі – Вена нұсқасы, оны Герат нұсқасы деп те атайды; екіншісі – араб әріпімен көшірілген Каир нұсқасы; үшіншісі – Наманган нұсқасы. Наманган нұсқасын 1913 жылы көрнекті ғалым Ахмет-Зәки Уәлиди Тоған Өзбекстанның Наманган шаһарынан тапқан болатын. «Құтты білік» дастанының араб әріпімен көшірілген ең толық нұсқасы саналатын бұл құнды қолжазба Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Әбу Райхан Әл-Бируни атындағы

шығыстану институтында сақталып келеді. Шығарманың көшірмесін Кеңес Одағы 1934 жылы басып шығарды. Бүгінде «Құтты біліктің» қазақ тілінде өлең түрінде және жолма-жол 4 аудармасы жарық көрді. Сол сияқты шығармадағы оқиға желісі сақтала отырып жазылған әңгімесі де бар.

«Құтты білік» дастанын зерттеуге әр елде бірқатар белгілі ғалымдар саналы ғұмырын арнаған. Әлі де зерттелуде.

Бұл кітапта біз «Құтты біліктен» кейбір тарауларын таңдап, проза және поэзия түрінде беріп отырмыз. Оқырмандарымыз өз таңдауына қарай проза не поэзия түріндегі нұсқасын оқи алады.

Бұл кітапты оқыған оқырманның көңіл сарайы ашылсын!

***«Құтты біліктен»
таңдаулылар***

Құдайға мадақ

Жаратушы, тәрбиеші, кешірімді Алланың атымен бастадым. Құдіретті, жалғыз Аллаға мың да бір шүкір. Алла Тағала үшін өлім жоқ. Қара жер мен көк аспанды, күн мен айды, түн мен күнді, уақытты және барлық тіршілік иелерін жаратты. Бірде Ол: «Бол!» – деді, оның барлық тілегі орындалды. Бұл жаратылыстардың барлығы Аллаға мұқтаж. Құдай ғана мұқтаж емес, оның теңдесі жоқ.

Уа, құдірет пен құдіретті Құдай! Бұл есім сенен басқа ешкімге жараспайды. Ұлылық, даңқ сенікі. Саған тең келетін ешкім жоқ.

Осы сансыз, жүздеген мың тіршілік иелерін, жазықтарды, тауларды, теңіздерді, төбелер мен шұңқырларды жараттың, көк аспанды сансыз жұлдыздармен безендірдің, қараңғы түнді нұрлы күнмен нұрландырдың. Ұшқан да, жүрген де, тұрған да ризық-несібесін сенен тауып, ішіп-жейді.

Я Раббым! Бұл пенденің барлық күнәларын кешіре гөр. Сенен пана таптым. Үмітім сенде, қолымды қажет жерде ұстап, демеп жібер.

Құдайға мадақ

Бір Құдайға түмен мыңдап толғана,
Мақтау айтам – өлмейтұғын сол ғана!

Ол жаратқан: көк аспан да, жер, күн де,
Жан-жануар, мезгіл, түн, ай – еркінде.

Бар нәрсенің бәрі – соның жарлығы:
Ол «Бол!» – деді, – бола қалды барлығы.

Барлық адам қайғы-мұңын шектейді,
Бір ғана Ием еш қайғы-мұң шекпейді.

Аса биік ұлылық та төн саған,
Сенен басқа тең келмейді жан саған.

Сен жалғызсың, дара тұрған өресің,
О баста сен болдың, бола бересің.

Жалғыздығың жатпайды ешбір есепке,
Бәрін билер құдіретің десек те.

Жалғыз Құдай – жаратушы қолдапты,
Бір Құдайдан басқа Құдай болмапты.

Ішкі, тысқы сырды білген Құдайым,
Көзден – жырақ, көңілдесің ұдайы.

Барсың, рас, ай, күн сәуле шашқандай,
Дәл қандайсың? – Жетпейді ақыл ешқандай.

Жалғыз өзің қоспасы жоқ жаралған,
Барлық нәрсе бір өзіңнен таралған.

Бар нәрсені сен жарата аласың, –
Бәрі де өтер, сен мәңгіге қаласың.

Бар жаралған нәрсеге ие –
Жаратқан, Екі өмірді бір өзіне қаратқан.

Оны «қандай?», «қай жерде?» деп іздеме,
Сөзді созба, «қайда қалды із» – деме.

Мұңсыз Ием¹, мұңды құлың марқайсын,
Кешір барлық жазығымның әрқайсысын.

Сыйынайын, сенде үмітім – сол үшін
Тарыққанда беріп жүргей қол ұшын.

Көтер мені – Пайғамбарым жебесін,
Қияметте² қолтығымнан демесін.

Түмен мыңдап сәлемімді арнаймын,
Төрт досына³ жеткіз соны әрдайым.

Көрсет берік қияметте жекелеп,
Ізгі сөзі медет берсін жетелеп.

Саған тең қып ешбір мақтау айта алман,
Сен өзіңді өзің мақта, майталман!

¹ Мұңсыз Ием – бұл жерде Алла Тағала туралы айтылып тұр

² Қиямет – ислам діні бойынша дүниенің күл-талқан болып қирауы

³ Төрт досы – бұл жерде Пайғамбардың төрт досы – Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли туралы айтылып тұр

Пайғамбарға мадақ

Раббым адамдардың ең таңдаулысы, адамдардың ең жақсысы болған махаббат пайғамбарын жіберді. Қараңғы түнде халыққа шырақ болды, сөрені нұрландырды және сізді нұрландырды. Ол Алланың сендерге жіберген хабаршы¹ еді. Осылайша сіз дұрыс жолға түстіңіз. Ол әкесі мен анасын құрбан етті, оның жалғыз тілегі – үмбеті² еді. Үмбетін тура жолға салды. Оны азаптан құтқаруын үнемі Аллаға жалбарынып, сұрады. Ол әке мен шешеден де мейірімді еді. Ол Алланың үмбетіне деген рақымы еді. Ол асыл мінезді, ақкөңіл, адал, жанашыр, жомарт, сенімді адам еді. Мен оған бауыр басып қалдым. Мен оның айтқанының бөріне сеніп, сөзіне ұйыдым.

Уа, Раббым, жүрегімді таза сақта. Сүйікті Пайғамбардың жүзін қиямет күні толған айдай көрсет. Уа, Раббым, мен үшін шапағат ет.

Пайғамбарға мадақ

Мейірімді Ием сүйікті Елші³ жіберді,
Ел ішінен ең таңдаулы бір ерді.

¹ **Хабаршы** – ислам дінінде Алла Тағала Құранды Мұхаммед Пайғамбар арқылы түсірген делінеді

² **Үмбет** – Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстанушы мұсылмандар қауымы

³ **Елші** – бұл жерде Мұхаммед Пайғамбар Алла Тағаланың елшісі деген мағынада

Ол Құдайдан хабаршы боп халыққа,
Содан түстік тура жолға, қалыпқа.

Етті құрбан әкесі мен анасын
Айтты үмбетке тура жолын, панасын.

Үмбет үшін қайғы жеген сүлей-ді,
Сол үмбеттің рақатын тілейді.

Ата-анадан мейірімі бетер-ді,
Үмбет үшін зарлап тілек етер-ді.

«Құдай берген бұл – рақым» – дер еді ол,
Қылық – таза, құлқы – түзу ер еді ол.

Кішіпейіл, ақ көңілі бар зият,
Қолы да ашық, жетіп жатыр ар-ұят.

Қара жерде, жасыл көкте – ең ірі,
Шексіз құрмет берген оған Тәңірі.

Ол әуелден басшылардың басы еді,
Бар пайғамбар соңғысы еді, жасы еді.

Жолына оның жүрегімді байладым,
Сөзін сүйіп, сеніп, көңіл жайладым.

Ей, Алла, өзің көңілімді толықтыр,
Қияметте Елшіменен жолықтыр!

Ол қолымнан қияметте ұстасын,
Көрсет жүзін – бұ ғажапқа ұстасын!

Пайғамбар сахабаларына мадақ

Пайғамбардың жақсы көретін төрт досы бар. Олар – оның кеңесшілері. Екеуі – қайын атасы, екеуі – күйеу баласы. Олар адамның ең жақсысы және ең көрнектісі болды.

Жүрегі таза, тілі таза *Әбу Бәкір* ең бірінші болып Аллаға иман келтірген. Ол ислам жолында мал-мүлкін, жанын құрбан етті. Оның жалғыз тілегі – Пайғамбардың көңілінен шығу еді.

Одан кейін халықтың таңдауы *Омар* болды. Омар пайғамбардың көмекшісі және діннің негізін қалаушы болды.

Одан кейін қайырымды, мінезі жұмсақ, жұрттан ерекшеленетін, кең пейілді *Оспан* келеді. Ол өзінің барлық мүлкін және өзін құрбан етті. Пайғамбарымыз оған екі қызын берді.

Одан кейін ерекшеленген, ержүрек, қаһарман, ақылы мол *Әли* келеді. Әли жомарт, жүрегі таза, ойы зерек, білімді, ұлы адам еді. Бұлар діннің негізін қалады. Олар көпірлер мен екіжүзділердің қуғын-сүргініне шыдады.

Уа, Раббым, менен мәңгілік сәлем жолда. Оларды әрқашан маған разы қыл және қиямет күні маған шапағатшы ет.

*Пайғамбар сахабаларына
мадақ*

Төрт досы оның – қуанышы тең өскен,
Бұларменен бірге жүріп кеңескен.

Екеуінің алған қызын, батасын,
Екеуіне қызын берген атасы.

Ең әуелі Атық¹ еді өксіген,
Тіл, көңілмен Құдай жолын көксеген.

Құрбан етіп өзін, малын жинаған,
Расулға шын жүрегін сыйлаған.

Сосын Фаруқ,² бұл – адамның хас ұлы,
Тіл, көңілі бірдей, елдің асылы.

Діннің көркі, діннің сырын жете өрген,
Шариғаттың бет-пердесін көтерген.

¹ Атық (ар, құтқарушы) – Әбу Бәкірдің лақап аты. Мұхаммедтің қайын атасы. Ол бірінші әйелі – Айшаның әкесі.

² Фаруқ (жақсы мен жаманның парқын білетін адам) – Омардың лақап аты. Мұхаммедтің қайын атасы. Ол – екінші әйелі Хафизаның әкесі.

Үшінші Оспан¹, ар-ұяты бақи-ды,
Ер сарасы, қолы да ашық сақи-ды.

Жан-иманын дін жолына салыпты,
Екі қызын Расулдың алыпты.

Бұдан басқа таңдаулы жан еді Әли²,
Ол – ержүрек, ақылы мол, көделі.

Атағы үлкен, көңілі кең мырза еді,
Ойы зерек, білімді жұрт ырза еді.

Бұлар еді дін, шариғат өзегі,
Жауларының азабына төзеді.

Бұ төрт жолдас бас тігіп, жең түргендер,
Нағыз өмір – бұ төртеуі жүрген жер.

Мен де оларға мыңдап сәлем арнайын,
Жеткіз соны, Ием, дереу әрдайым.

Білсін олар – мен тілеймін мол табыс,
Берсін маған қияметте қолғабыс.

¹ **Оспан** – Мұхаммедтің күйеу баласы. Әйелі Руқия – Мұхаммедтің қызы. Омар ислам дінінің аса зор қорғаушысы және оның қағидаларын реттеп таратушысы болған.

² **Әли** – Мұхаммедтің күйеу баласы. Әйелі Фатима – Мұхаммедтің қызы. Әли жеті жасынан бастап Мұхаммедтің қолында өскен.

Адамзаттың құндылығы білім мен ақылдан туындайды

Алла Тағала Адамды жаратты, оған ізгілік, білім, ақыл берді. Адам сый-құрметке ақыл мен білімнің арқасында жетеді. Оған сұлу келбет, әдемі мінез-құлық сыйлады. Адам білім мен ақылдың арқасында өмірдің түйінін шешуге мүмкіндік алды. Алла кімге ақыл, білім берсе, солар игі істердің түйткілін шешті. Білім мен ақыл-парасат өте маңызды, өйткені бұл екі нәрсе адамды биіктерге көтереді.

Есінде болсын, білімді адамнан ауру алыс. Надандық адамды дертке шалдықтырады. Егер ауру емделмесе, адам жақын арада өледі. Ей, надан адам! Барып дертіңізді емдеңіз.

Ей, бақытты ғұлама, надандықтың емін айт. Ақыл – тізгін сияқты, қолыңда болса, тілегіңе жетіп, аңсағаныңды табасың. Ақылдың адамдар үшін көп пайдасы бар.

Адамның қадірін біліміне қарай біледі

Жаратты адамды Алла керек етіп,
Ой, білім, ақыл берді зерек етіп.

Берді оған ақыл, ұят, өткір тілді,
Һәм қылық, таза пейіл бере білді.

Адамды биік қылар білім берді,
Берді ақыл шешетін не түйіндерді.

Кімге Алла ақыл ой мен білік берер, –
Ізгі іске соның қолын іліктірер.

Болсын да білім – биік, ақыл – терең,
«Адамды өсіретін – солар», – деп ем.

Дәлел бар осы сөзді «шын» дейтұғын,
Кез келді оны менен тыңдайтұғын.

Ақыл-ой ұстартады ұлылықты,
Білімдар биік кетіп, жүрер мықты.

Білікті білім алар, ұғушы ұғар,
Жүзеге осы екеуі алып шығар.

Білім ал осы өмірдің жолын ашар,
Кісіден білім білген бөле қашар.

Білімсіз дертке ұшырап күйзеледі,
Ауруын емдемесе – тез өледі.

Емдетіп, ей біліксіз, дертінді құрт,
Жабысар наданға – сор, данаға – құт.

Ақыл ол мұрындық боп жетектейді,
Онымен сан тілекке жетед дейді,

Ақылдың пайдасы мол, құр кетпейді,
Содан да білімдіні құрметтейді.

***Білім мен ұғымның айырмашылығы
мен пайдасын айтады***

Ей, білімдар, бір сөзім бар ойымда:
Ой мен ұғым, білімділік жайында.

Ақыл – шырақ қара түнде, білім – нұр,
Саған сәуле жарқыратып құйып тұр.

Ақыл, білім жетілдірер, көтерер,
Сый-құрметке осы екеумен жетер ер.

Сен сенбесең – мен айтайын дәлелді:
Ақыл нұры жарық еткен әр елді.

Бір білімдар айтқан бізді ұғар деп:
«Білімді адам тозақтан¹ да шығар», – деп.

Ел байыды – заң әділ боп ақталды,
Ізгі кезден ізгілікті ат қалды.

Міне, қара ақыл қуған баланы:
Жасы жетпей тебіренбес қаламы.

¹ Тозақ – діни түсінік бойынша о дүниеде күнәкарлардың жазаланатын орны

Ақылды адам қартайса алжып қалады,
«Ес кетті», – деп тоқтайды екен қаламы.

Егер өлсе ессіз адам – кемі жоқ,
Одан басқа кеселінің емі жоқ.

«Надан адам кім?» – десеңіз, бұ, әсте,
Жұрдай болған ақыл, білім үлесте.

Ақыл үшін құрметтейді бір басты,
Ессіз адам, байқа, түкке тұрмас-ты.

Қарап тұрсаң: бәрі – дұрыс, не ізгі:
Ақыл-білім барлық істің негізі.

Ақылы бар болады екен Асыл тек,
Білімі бар ел билейтін болар бек.

Жер үстінде адам өмір өткізер,
Бар нәрсеге білім қолды жеткізер.

«Асыл» дейді тарқатса ақыл желісін,
Бектер билер білімменен ел ісін.

Жұпар, білім – өзара ұқсас, жолдас-ты,
Өзгелерден жасыруға болмас-ты.

Жасырсаң да – жұпар исі аңқиды,
Сөз танытар білімніңді сан қилы.

Білім – байлық таусылмайтын, бітпейтін,
Ұры-қары, қу жоқ оны үптейтін.

«Ақыл» деген – жан дос сөзің өтетін,
Білім – бауыр мейірбанды өте тым.

Ей, ақылды, алыс ұста ашуды,
Ей, білімді, білме қаһар шашуды.

Ашу, қаһар асығыс іс қылдырар,
Онда өмірің зая кетер, құлдырар.

Ашу ісі – өкінішті жаза еді,
Қаһар шашқан адасады, жазады.

Байсалды бір мінез керек еленер, –
Өмір сонда күн нұрына бөленер.

Әділ, тура, ақ көңілге не жетсін,
Парасат пен білімді де қажетсін.

Түйсікті бол, білімді де таңдай біл,
Жақсы атқарып іс тетігін аңдай біл.

Жарар іс пен жарамасты байқастыр,
Керек іс пен керексізді жайғастыр.

Ажыратып, таңдап, талдап түс-дәмді,
Барлық істе әрдайым бол ұстамды.

Тілдің қасиеті мен кемшілігі, пайдасы мен зияны

Түсінісу мен білімге арқау болған – тіл. Адамның көзін ашатын тілдің қадірін біл. Адамды құрметті етіп, бақытты қылатын да, қадірін қашырып, басына бәле болатын да тілі. Тілінен әбден таяқ жеген адам не дейді, тыңда, ұғып ал: Мен тілімнен көресіні көп көрдім, менің басымды алғанша, мен өз тілімді өзім кесейін. Басың кетпесін десең, сөзіңе абай бол, тісің сынбасын десең, тіліңді тісте. Басыңа амандық тілесең, аузыңа келгенді айта берме. Біліп айтылған сөз – білім, ал білімсіздің сөзі – маңдайының соры. Тілдің пайдасы қандай зор болса, зияны сондай орасан. Тілің үшін мақтайды, кейде даттап та жатады. Олай болса әрбір сөзді біліп сөйле. Сөзің көр соқырға көз болсын. Надан адам соқыр емей немене? Ей, білімсіз, кел, білімнен нәсібіңді ал.

Қарашы, өмірге келеміз де, кетеміз. Естелік боп артымызда сөз қалады. Артыңда жақсы сөз қалса, сен өлмек емессің. Екі нәрсе адамды қартайтпайды екен. Жақсы сөз бен жақсы ісі. Мәңгі өлмеймін десең, ісің мен сөзің жақсы болсын!

Тілдің пайдасы мен зияны туралы айтуы

Тіл – білім мен ақыл-ойдың тілмашы,
Ердің жүзін ол ашады, тыңдашы.

Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер,
Бас та жарар, қадір-құтты ол өшірер.

Тіл – арыстан босағаны күзетер,
Басыңды жер, бір іс қылсаң тыз етер.

Не деп еді тілден көрген азарды,
Пайдаңа асыр со сөзге сап назарды.

«Тіл қинайды – жүрек қанша тілінді,
Бас аманда мен кесейін тілімді.

Бас кетпесін – сөзіңді бақ күзетіп,
Тіс сынбасын – тіліңді бақ түзетіп».

Халық жаман – сөзбен шалар бетіңді,
Кісі күншіл – жеп қояды етіңді.

Тілге Құдай білім берді тиесі,
Басыңды күт, осынау тіл иесі.

Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен,
Жарамайтын сөз шығарма тісіңнен.

Біліп айтса – дана дейміз озғасын,
Білімсіздің сөзі жейді өз басын.

Бейпіл сөзден түскен пайда көрмедім,
Сөйлегеннен тағы түсім термедім.

Көп сөйлем – азбен келтір иінін,
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.

Сөз білгенге патша тағы тиеді,
Көп сөз басты жерге әкеліп иеді.

Көп сөйлесе – «оттаған» боп аталар,
Сөйлемесе – мылқау деген ат алар.

Олай болса қарсы жұмса құрықты,
Қарсы тұрған – көтереді рухты.

Тіліңді бақ – сонда басың сақталар,
Сөзді қысқарт – жас ұзарып, бақ толар.

Көп бүлінбе: тіл пайдасы – мол өзі,
Бір мақталып, бір датталар ол өзі.

Соқыр көзге нұр құйғандай көретін,
Сен енді бол біліп сөйлеп беретін.

Надан адам – соқыр болар сүле сал,
Ей біліксіз, кел білімнен үлес ал!

Туған – өлер: бәріне атақ келмейді,
Жақсы сөзі қалған адам өлмейді.

Екі нәрсе – содан адам қартаймас,
Іс пен сөзің ізгі болсын ер тоймас.

Туар адам, өлер өзі – ат қалар,
Кеткендердің сонда сөзі жатталар.

Өлмес өмір тілеп жүрсең өзіңе –
Ізгі нұр бер қылған іс пен сөзіңе.

Тілді сөгіп әрі мақтап мүсіндеп,
Айттым саған: «Сөздің сырын түсін!» – деп.

Бәрін жисаң – сөз ақылға сыймайды,
Таңдап оны білген адам сыйлайды.

Ұлына арнап сөз айтатын батырмын,
«Ал, тыңда» – деп, ұлым, міне, отырмын.

Саған, ұлым, бердім осы кеңесті,
Сөз – сен үшін (өзім үшін емес-ті).

Алтын, күміс қалса менен – кем көрме,
Бірақ бәрін осы сөзге теңгерме.

Күміс – кетер, жұмсағанда жол табар,
Сөзімді ұқсаң – күміс ақша сол табар.

Кісілерден кісі мирас іздеген,
Онысы – сөз пайда әкелер жүздеген.

Ей, білімдар! Түйме қабақ дәл бүгін,
Именсем де айтсам сөздің дәлдігін.

*Сөйлеген жақсы ма немесе сөйлемей
тек тұрған жақсы ма?*

Шақырып патша бір күн Айтолды ерді,
«Отыр», – деп ыммен айтып орын берді.

Айтолды әдепті ердің ісін істеп,
Отырды төмен қарап, тілін тістеп.

Тіл қатса бекке барып тектен-текке,
Саналар миғұла боп, ол тентекке.

Қызыл тіл қысқартады қайран жасты,
Қылады байламасаң ойран басты.

Айтыпты ұстамды жан жайбарақат,
Тек жүрген – өмір сүрер жайда рақат:

«Қызыл тіл – қара бастың жауы болар,
Жейтұғын талай басты тауып алар.

Басыңды сақтау үшін тілді күзет,
Бір күні басыңды тіл шауып алар».

Патша айтты: «Ұқтым – «сөзім тегін», – демей,
Тірі адам тұра ала ма тек үндемей?

Туады екі түрлі тірі анадан:
Екеудің бірі – керең, бірі – надан.

Кереңді, тілі берік, қыстамайды,
Надандар сөзін бүгіп ұстамайды.

Наданның тілі дәйім берік болсын,
Тіліне білімдінің ерік болсын.

Білгеннің сөзі – судай жерге берген:
Молшылық жерден өнер су жіберген.

Білімді кісі сөзі таусылмайды,
Ағысты бұлақ суы таусылмайды.

Білікті – бастау көзі, шым бұлақтай,
Су болар ол жүрген жер тыңғылықты-ай.

Көңілі білімсіздің құмдай болар,
Құйса да дария тасып, жымдай болар».

Айтолды: «Тілден бөле жиылады,
Тамыры тіршіліктің қиылады.

Тірі адам тұра ала ма, тіл қатпаса,
Керегін жасыра ма, зіл жатпаса?».

Айтты патша: «Сөзің шын, сезімтал-ды,
Сұрайтын тағы да бір сөзім қалды.

Зиянын айттың тілдің – болдым қанық,
Әділ айт: бар ма тілдің пайдасы анық?

Тұрғанда зиянынан қорқып, ығып,
Кетпей ме пайдалы сөз жоққа шығып?».

Айтолды: «Қызыл тілім сөйлей білсе,
Пайда көп, оны халық құлаққа ілсе.

Бос сөзді білімсіздер жалдап жатар,
Білімдар білімсізді «мал» деп атар.

Бос сөзбен қараңғы адам семіреді,
Сол әдет қара басты кеміреді.

Бекер сөз – зиян болар, түспейді дөп,
Жөн сөзді сөйлей білсе – пайдасы көп.

Ғылымнан алса барлық қанағатты,
Тән тозып, істейді тек сана қатты.

Тамақтан өткен нәрсе тән семіртер,
Құлақтан кірген шын сөз жан семіртер.

Біліммен екі нәрсе қырланады,
Ер жүзі екеуімен нұрланады.

Бірі – тіл, бірі – құлқын қызықтырған,
Ұтады осы екеуін қысып тұрған.

Білімдар – нәпсі, тілді түзетеді,
Екеуін еркі жетіп, күзетеді».

Жақсылық жасаудың мақтауы мен пайдасы

Ел билейтін дәрежеде болсаң, іспен де, сөзбен де жақсылық жаса. Жастық өтіп, өмір де бір жерде тоқтайды. Мына арманшыл дүние көзді ашып жұмғанша тез өтеді. Өмірді тек жақсылық жасау үшін сүр. Бұл ертеңгі күніңді дәмді тамақпен жақсы киіммен қамтамасыз етеді. Бұл дүние баянсыз, опасыз. Береді, бергенін қайтарып алады. Дүниеге қаншама батырлар келді, олар да өмірден өтті. Құл да, бек те қалмайды, бірақ олардың ізі ретінде тек аты ғана қалды. Ендігі кезек сіздікі: сондықтан басқалардан жақсы болыңыз және әрқашан жақсылық жасауға тырысыңыз. Халықтың есінде екі есімі қалады: бірі жақсы, бірі жаман. Әй, бауырым, жақсы болсаң – мақтайды, жаман болсаң – қарғайды. Қараңызшы, адам өзінің жақсы есімімен қоспеметтеледі. Ал жаман адам өлсе, қарғыс алады. Ей, ғұлама, неше рет көрдім; зұлымдардың ісі ешқашан алысқа бармады. Жамандық – от, от – тілсіз жау, артында күл ғана қалады.

Кімде-кім данышпан мырза атанса, оған білімді адамдарды жақындатқан. Қолына алған әрбір жұмысты ұқыптылықпен атқарып, білім нәрімен сусындап, ел билеген. Елін ретке келтіріп, халқын байытты. Жақсы атқа ие болып, жомарттығымен атақ тапты. Жомарт өлсе де, есімі тірі екенін біл. Жомарт жан өлетінін біліп,

өзіне дайындық жасап, атын кітапқа жазып,
тірілерге қалдырады. Дүниеде білімнен артық
ешнәрсе жоқ, надан атану ауыр қорлық.

*Ізгі жақсылармен араласудың
игі іс екендігін айтуы*

Егер қолың ұзын болса, халыққа
Сөзбен, іспен ізгілік қыл, жалықпа.

Өшер өмір, кетер жігіт кезің де,
Көрген түстей тез өтерсің өзің де.

Тіршіліктің азабы бар, табы бар,
Ас пен киім ізгіліктен табылар.

Кісі игісі былай деп ой бөледі:
«Демі барлар ақыр бір күн өледі».

Небір ерлер туып өмір сүрді де,
Түбінде өлді азды-көпті жүрді де.

Құй бек болсын, құл мен ізгі, жаман да –
Бәрі де өліп, ізі қалған һәманда.

Келді кезек енді саған жөн табар –
Ізгілік қыл, ізгі болып сен де бар!

Тірі өледі, жер қойнында – жатағы,
Жақсылықпен өлсе – қалар атағы.

Екі нәрсе барлық тілде жатталар,
Бірі – жақсы, бірі – жаман ат болар.

Сөксе бірін, оның бірі мақталар –
Өзің қала – қандай сенен ат қалар?

Жақсы болсаң – мақтаулы атың ылайық,
Жаман болсаң – жаманатты қылайық!

Не себептен Заһһақ¹ пасық датталды,
Ал Фаридун «жақсы» деген атты алды?

Бірі жақсы болғаннан соң мақталды,
Бірі – жаман, сондай аты сақталды.

Сыншы кісі осы жайға меңзейді,
Ол біледі елдің ісін, мән-жайды:

«Жақсы аттылар алғыс алып түлейді
Өлсе жаман – жұрты қарғап-сілейді».

Көп сынадым жаманшылық еткенді,
Өлген бойда аты ұмтылып кетті енді.

Байқап ісін жамандардың тіпті енді,
Ей, білімдар, көрмедім еш біткенді.

¹ Заһһақ – Иран елінің эпикалық аңыздарындағы қаніпезер ел билеушісі

Жаман адам от қояды – жетесіз,
Жер жоқ қашар өрттен қалай өтесіз!

Өтті талай бізден бұрын текті ерің,
Қара халық, ел билеген бектерің.

Кім солардан білім алса тәуірлеп,
Сол ұшпаққа шығыпты ғой дәуірлеп.

Болса білім – бетер биік заңғар-ды,
Таратады елге жақсы заңдарды.

Кім бүгінде «жақсы» деген ат алды,
Сол басы боп жақсылардың аталды.

Зерек жанның білімі де артады,
Білімдіні ол өзіне тартады.

Ол жұмысын біліп істеп, тасады,
Ел бастауда білімді іске қосады.

Ел байытып, жетістірер сана-ойды,
Ел байлығын «бір мөре» деп санайды.

Игі адамның «жомарт» аты шығады,
Ол өлсе де – «тірі» деп ел ұғады.

Өлімге де жұрт әзірлік етеді –
Кейінгіге кітап жазып кетеді.

Соны оқыған білім алып жатады,
Соны ұстаған игілікке батады.

Сөздің басы. Күнтоғды патша туралы

Бұл жалған дүние алдамшы қызыққа толы екен. Алдымен қылықты қыздай елітіп, өзіне тартады, сүйсіндіреді. Ал қолынан ұстамақшы болсаң, қолын бермейді, ұстатпай киіктей қашады. Ол сүйгенді сүюді білмейді. Ал өзін сүймегенге жабысып, соңынан қалмайды. Бірде әдемі киініп, артыңнан жүгіріп жүрсе, бірде елемейді. Тіпті саған қарамай қалады. Осылай жүріп қалай қартайғаныңды аңғармайсың. Бұл жалған дүние талай бектерді қартайтты, бірақ өзі ешқашан қартаймайды.

Бір кездері бұл дүниеде білімді, ғұлама адам болған. Ол адамның аты Күнтоғды болатын. Оның даңқы бүкіл әлемге тарады. Күнтоғды адал, мейірімді, шыншыл, бай адам еді. Ол зұлымдыққа қарсы болды. Үнемі ақылын, білімін пайдаланып, жұмысын даналықпен атқарды. Саясатпен айналысқан кезінде ол өзінің жеке мүддесін ескермеді. Ол осылай өмір сүрді.

Күнтоғды патша осы жақсы мінезімен күн мен айдай жарқырап, әлемді нұрландырды. Елдегі барлық жұмысты жалғыз өзі атқара алмады, осы істермен айналысатын көмекші табу керек болды. Ол көмекшінің дана, білімді, билеушіге берілген, адал, іскер адам болғанын қалады. Елдің ішкі және сыртқы істерін жүргізуде өзіне көмектесуге мүмкіндігі жеткілікті болуы керек деп ойлады. Көмекші болса, жұмыс жақсы

жүреді, тәртіп те бұзылмайды деп армандады. Бірақ билеуші іздеген көмекші табылмады және барлық жұмысты өзі атқаруға мәжбүр болды. Ол күнделікті бір қиындыққа тап болып отырды, оның бәріне де шыдады, шешімін тапты.

Патша бүкіл елді бақылауға алды. Оған барлық жабық есіктер ашылды. Орынсыз қылық жасағандарды орнына қойды, зұлымдарды елінен қуды. Ол елін осылай әділ басқарды. Елінде тыныштық орнап, бақыты күннен күнге артты. Патша неғұрлым дұрыс болса, соғұрлым жақсы әрекет етсе, халықтың бақытты өмірі басталады екен. Билеушінің кісілігі мен мәрттігі елге танылып, оның даңқы дүние жүзіне тарады. Ел ішінде оған дұға бағыштағандар көбейіп, бақыты күннен-күнге арта түсті. Мұны естіген әлем халқы оны паналап, айналасына жиналды. Оның заманында қасқыр мен қозы бірге өмір сүріп, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман болды.

Сөз басы. Күнтоғды патша туралы

Дана, білгір бек болды бір заманда,
Сол кез әлем жайнап тұрды һәманда.

Бұ – Күнтоғды белгілі еді, ал енді
Бағы жанып, шарлады аты әлемді.

Әділ ісі кең пейілге сай еді,
Сөзі таза, көз-көңілі бай еді.

Білімді бек, сергек барлық кездерде,
Жауға – зауал, от боп тиді ездерге.

Өр көңілді, ержүрек боп ерледі,
Әділ іспен әр күн сайын өрледі.

Ел басқарды ылғи ойлап табысты,
Ынтасы мен саясаты қабысты.

Бір шайырдың бар осындай дос сөзі,
Оқығанның ашылады қос көзі:

«Ынта, жігер ер жігіттен табылсын,
Іске жаман оның жолы жабылсын.

Ынта, жігер кісілікке керек қой,
Ер қадірі соған қарап танылсын».

Бұ Күнтоғды бар қылығы сай болып,
Жарқырайды әлемге күн, ай болып.

Зерделіні жақын тартты, жайлады,
Білімдарды бас жұмысқа сайлады.

Не бектерді жинады сан тараптан,
Ақылды мен білімдіні сараптап.

Елдің ісін жөндеп ізге салады,
Айрықша бір кісілерді қалады, –

Жәрдем беріп, әр істі өзі бастайтын,
Жан тындырып, бәрін істеп тастайтын.

Мұң айтыпты бір күн тұрып бұл арыс:
«Көп қой бекте айтар сөз бен қылар іс.

Бас қатырар бар ғой істер сан әлі,
Соны атқарар адам керек саналы.

Барлық істі қалай істеп тынайын,
Бір ер керек білетін іс сыңайын.

Керек біреу шығатұғын қасқарып,
Ақыл, білім қосатын ел басқарып.

Әділ, адал, бауырмал да сенімді,
Тіл, көңілі – түзу, ісі – өнімді.

Қыла берсе менің барлық ісімді,
Біле білсе сыртым менен ішімді».

Тыңда, айтыпты сынайтын ер көп көрген,
Жасы жетіп, көп нәрсені өткерген:

«Керек ерге жәрдемші, дос саналар,
Ақылменен ел билейтін даналар.

Дос – көмекші істі төмам етеді,
Істі білген тілегіне жетеді.

Дос көп болса, бектің түгел тобасы,
Бар іс бітер бүлінбей жөн-жобасы.

Барлық істе жәрдемшілер керек деп,
Бек ісімен жүрсін және дедектеп.

Іздеп, қолға көмекшілер түспеді,
Бар жұмысты патша қолмен істеді.

Жанды жейтін көп қой бейнет құйыны,
Рақатпен бірге жүрер қиыны».

Бір әулие сөз айтыпты сынайтын,
Қарап тұрсаң, сөзі жақсы ұнайтын:

«Тыныш болсаң – бәле келіп жағысар,
Сен қуансаң – қайғы келіп жабысар.

Адам өссе, бас ауру да өседі,
«Басқа қарай бөрік киер», – деседі.

Бар патшаның көз-құлағы, жақтасы,
Оған ашық барша жұрттың қақпасы».

Ез адамды буындырып дүрелеп,
Жаман жанды үйден қуды түре кеп.

Сақ отырып, елін сергек басқарды-ай,
Құт көбейіп, аты болды асқардай.

Бұған ұқсас шайыр сөзі, батасы,
Бұ сөз болған барша сөздің атасы:

«Сақ, сергекті мақтап халық «ұтты» дер,
Бейқам жүрген мың түменді жұтты жер».

Қалма ғапыл, сақ жүргенің оздырар,
Бейқамдығың екі өмірде аздырар.

Қамсыз адам со мінезден табады:
Жау келгенде, сол өмірем қабады.

Тыңда: депті әлем билеп тұрған ер,
Сақ жүрумен кейін жауын ұрған ер:

«Елін патша сақ жүргенде сақтайды,
Сақ жүруді шариғат та жақтайды.

Бейқам адам ұйықтап өтер бекерге,
Болма қамсыз, сақтану шарт тек ерге».

Патша сақ боп, пайда көрді қол асты,
О пайдасы татулыққа жол ашты.

Халық байып, ел де мінді қуатқа,
Қой мен қасқыр бірге барды суатқа.

Ашты мақтап жақтаушылар қойынын, –
Жаулары естіп, салбыратты мойынын.

Пана іздеген сиынып, бас иді кеп,
Біреу патша босағасын сүйді кеп.

Тыңда: айтыпты ойы сергек оянған,
Сөзі гүлдей түмен түске боянған:

«Сергек өмір бекке керек жүз есе,
Жөн-жорықты әділ ұстап, түзесе.

Өте жақсы бек болып ап, жол тану,
Одан жақсы әділ заңды қолдану.

Бек жақсы боп тура құрса санатын,
Елде бақыт жаяр еді қанатын.

Ерге жақсы ат қандай бақыт, бел еді,
Сол атпенен мәңгілік құт келеді.

Ел-жұрт ісін кісілікпен істесе,
Ол – бақытты жақсы атақтан түспесе».

Бұ патшаның жақсылығын ел көрді,
Даңқы әлемді шыр айналып үлгерді.

Аты күнде дұға болып оқылды,
Өсті күнде бағы, өзі де ақылды.

Әлем елі қалап, келіп жосылды,
Жиылып кеп өздігінен қосылды.

Айтолдының Күнтоғды патшаның қызметіне кіруі

Айтолды деген бір ақылды адам болған. Ол патшаның атағы мен жарлығын естіп, оған баруға дайындалады. Айтолды мінезі байсалды, тәрбиелі, білімді, зерделі, ойлы жігіт еді. Айтолды бір күні өзіне: «Мен неге мұнда уақытымды босқа өткізіп жатырмын? Мен патшаға барып, оның қызметіне кіруге рұқсат сұрайын. Мен елім мен ел басқару ісіне бір пайдамды тигізейін. Ол да маған жақсылық жасар, менің де мұң-шерім бітер. Дана ақылдың жайын біледі демекші мені билеуші қызметке алар» – деді.

Айтолды атын, киім-кешектерін, қару-жарағын дайындап, жолға шықты. Өзіне-өзі: «Мен бұл жерден Күнтоғды патшаға қызмет ету үшін кетіп бара жатырмын. Бұрын-соңды бармаған жерге баратын болғандықтан, жолыма көбірек алтын мен күміс алайын» – деп ойлады. Ұзақ жол жүріп, әмірші тұрған қалаға жетті. Бірінші күні ол сұрастыра жүріп, бір қайырымдылық үйіне тоқтады.

Айналасында бірде-бір танысы жоқ, көңілі жабырқап, біраз уақыт жалғыз қалды. Ақыры біраз адамдармен танысып, достаса бастады. Өзіне үй де сатып алды. Үлкенді де, кішіні де жылы жүзбен қарсы алды.

Бір күні Айтолды сол қаладағы маңызды адаммен достасып, өзінің бұл қалаға келгендегі

мақсаты туралы айтып, ақылдасады. Айтолдының бұл досының аты Көсеміш болатын. Ол өте ізгі адам еді. Көсеміш Айтолдының кім екенін және ол қалаға не үшін келгенін білген соң оған көмектесетінін айтты. Ол Күнтоғды патшаның Бас уәзірі Ерсұға барып, Айтолды туралы айтып берді. Бас уәзір Айтолдымен жүзбе-жүз кездесіп сөйлесті. Оған Айтолдының болмыс-бітімі, ақыл-білімі, парасат-пайымы, сөз саптауы, киім киісі бәрі де ұнады. Ерсұ Айтолдыға ерекше риза болды. Патшаға да осындай адам керек деп топшылады.

Бір күні ретін тауып, Айтолды туралы Күнтоғдыға баяндады.

Айтолдының Күнтоғды патшаның қызметіне кіруі

Айтолды есті бітірер ер бір істі,
Алып хабар өзірлікке кірісті.

Ол – ұстамды, жүзі жарқын, күлімдер,
Ақыл-ойлы, парасатты, білімдар.

Көрікті еді көрген көзді қамардай,
Сөзі – шындық, тілінен бал тамардай.

Талай өнер үйреніпті, таныпты,
Он саусақтан өнері де тамыпты.

Айтты бір күн: «Өнерім бар түмендей,
Мен халықтан жырақ қалдым түгелдей.

Неге жүрмін бұ жерде бос тұлайым,
Қой, патшаның қызметін қылайын.

Соған құрбан «өнер-білім» дегенім,
Бітсін менің осы төшбіш жегенім.

«Ақылы мол, білімді бек – ол», – депті,
Өнер-білім іздейді екен әдепті.

Шайыр айтқан осы ойымды бейнелеп,
Оны білу керек, сірә, кейде елеп:

«Ақыл құнын ақылды адам төн алар,
Білімді алар білім сатса даналар.

Надан қайдан білсін білім қадірін,
Білімді ерде білім таныр сана бар».

Айтты Айтолды: «Әкел ат, тон, қаруды,
Мен ойладым қызметке баруды».

Қылды дайын бар амалын қолдана,
Бет түзеді патшасына, ол – дана!

Айтты және: «Жол шегуге тұрдым, – деп,
Қызметке, патшаға бет бұрдым, – деп.

Көп нәрселер шетте керек болады,
Олар жоқта балғын жүзім солады.

Алтын, күміс алған дұрыс – оңды-сол,
Аямастан жұмсау үшін оңды-сол».

Алған біреу білім жинап, көк теңіз,
Нықтап айтқан сөзі сонда не деңіз:

«Әр адамға іс, қызмет сұраған,
Екі нәрсе керек болар, сірә, оған:

Ең алдымен, керек өмір саламат,
Бұра тартпай іс қылу бар ғаламат.

Ей, зерделім! Алтын керек тағы да,
Жарататын істің керек жағына.

Сонда тиер істің қолға нақ басы,
Сонда ашылар барлық жердің қақпасы».

Шығып үйден, жолда жұтты самалды,
Бірде жүріп, бірде тоқтап дем алды.

Жетті ақыры орда, патша, қалаға,
Тілегіне ой-арманы қалаған.

Бұ қалада үйге түсіп тұру – іс,
Түсер жерің жоқ болса әлем – бір уыс.

Қонақ үйге келіп түсті мұңайып,
Сабыр етті, жатты түнеп, тыңайып.

Тыңда: дана депті, сөздің күлігі,
Әр сөзіңен көрініп тұр білігі:

«Өте қиын адам жеке жүргенде,
Жалғыз өзі бөтен елге кіргенде.

Ауыр өте, бөтен елде кім аяр,
Тамыр-таныс жоқта дәйім мұңаяр.

Адам – соқыр, таныс жоқта басқа онда,
Сөкпе соқыр жолдан жаза басқанда.

Бөтен елге келген кісі ойланар,
Жас келіндей тілі шықпай, байланар.

Ас-су беріп, жарылқа бір жат жанды,
Жақсылап күт жолаушылап жатқанды.

Бөтенді күт – көзіңе нұр тарайды,
Жолаушы құт – жұрт аузына қарайды.

Әр жерден-ақ керек таныс-білістер,
Сол арқылы бітер талай бұл істер».

Жүрді Айтолды білу үшін әр жайды,
Бұ жолаушы қалпын ойлап сарғайды.

Ол танысып, араласы бастала,
Мәз боп қалды, тауып алып баспана.

Дос-жар тауып жақындауға жарады,
Үлкен-кіші жұртқа жылы қарады.

Бұл Айтолды бір күн жақсы дос тапты,
Ол – Көсеміш, о да мұны қостапты.

Айтолды айтты соған сырын, қарманды,
Кім екенін, көңілдегі арманды.

Айтты елінен нені көздеп шыққанын,
Көріп-біліп, өзінің не ұққанын.

Ерсу деген хажиб бар ед, өзі бір
Жақын еді патшаменен сөзі бір.

Со хажибке Көсеміш кеп кездесті,
Мәулет сұрап: «Арада бар сөз», – десті.

Айтты хажиб: «Тұр еді не болып қап,
Не тілек бар, айтшы анық қып, толықтап».

Ашты сонда Көсеміш те сөз сырын,
Кім екенін, тілегін не жасырын.

Айтты хажиб: «Алдымен кеп қол берсін,
Мен көрейін, мені келіп ол көрсін.

Мен патшаға айтам мұны – ол ұқсын,
Соған келіп кезегімен жолықсын».

Көсеміш кеп Айтолдының соңынан,
Оған айтты: «Күнің туды оңынан.

Жүр хажибке, алып келдім хабарын,
Айтшы соған көкейіңде не барын».

Тұрды Айтолды, киінді, сөз ұқты енді,
Сыртқа беттеп Көсемішпен шықты енді.

Дәу қақпаға тірелді кеп қадамы,
Қарсы алыпты хажибтің бір адамы.

Қарсы ап хажиб, төрге оздырып, қарады,
Май тамызып, жылы сөзбен орады.

Хажиб сұрап көңілі қалай екенін,
Білді түскен орын-жайын, мекенін.

Айтты Айтолды хажибке сөз ләззатын:
«Келдім естіп бұ Күнтоғды өз атын.

Ту жырақтан естіп даңқын, өзін де,
Білігін де, таным, таза сөзін де,

Келдім оған бір қызмет қыларға,
Есігіне басымды ұрып құларға.

Тілегім бұл – патшам іске жолдаса,
Сөзім өтіп, хажиб мені қолдаса!»

Хажиб көріп Айтолдыны жақтырды,
Бар мақтауын айтып салып, тақ тұрды.

Хажиб айтты Айтолдыға: «Қарағым,
Енді саспа, ылғи маған қарағын.

Мен патшамен жеке сұхбат құрайын,
Келеріңді қашан содан сұрайын.

Сені көріп, біліп, салсын әр заңға,
Қадір тұтсын, түсірмейін арзанға.

Көрсетем ғой саған керек қолғабыс,
Ықылас сап, мен тілеймін мол табыс».

Хажиб жақсы көп сөз айтты туынды,
«Істеймін!» деп, белді бекем буынды.

Кісі игісі болар, сірә, осындай,
Халық қамын жейтін ізгі досындай.

Шығып одан, бұл Айтолды мол кетті,
Үйге тартты, кешкі құрым ол жетті.

Көрді хажиб Айтолдымен сөзге кеп,
Оны білді «басқалардан өзге» деп.

Деді: «Жұрттың мен көрмеген сарасы,
Парасат бар, білімі бар, дарасы.

Керек адам, патша көңілі толады,
Ол ұнатса, елге қажет болады.

Мұндай адам сирек болар өте тым,
Сирек болса, қыздай қымбат өтетін.

Сирек нәрсе таңсық болып, табынтар,
Таңсық болса, табылмай-ақ сабылтар.

Өнер-білім бар нәрсеге өтеді,
Онымен ер тілегіне жетеді».

Айтты хажиб патшаға сөз орайын,
Айтолдының ашып ішкі сарайын¹.

Айтып берді іс-әрекет, қылығын,
Санап берді ақыл, білім, құлығын.

Патша тыңдап: «Қайда жүр? – деп сұрады, –
Бір көрейін, келтір, қайда тұрады?

Осындай ер – іздегенім, таптырса,
Із басарым, ел билеуші боп тұрса.

¹ Ішкі сарайын ашу – жан дүниесін көрсету

Сөзім – осы, орындалды бар тілек,
Тек зәруім – дәл осындай бір түлек.

Тура бар да, шақыр мұнда, мәзір ет,
Өзін дереу қызметке әзір ет!».

Шықты хажиб қақпасының алдына,
Жұмсады бір бала таңдап алды да.

Зытты бала, берді хабар иінді,
Бұл Айтолды қуанды, тез киінді.

Атқа мініп, қақпаға бас тіреді,
Хажиб күткен үйге келіп кіреді.

Төрден орын беріп хажиб ол да тұрды,
Сақтап әдеп Айтолды да отырды.

Айтты патша: «Шақыр, жықпа мерейін,
Мені көрсін, оны да мен көрейін!»

Хажиб айтты Айтолдыға, ойланды,
«Жүр патшаға, саған бақыт байланды!».

Айтолдының Күнтоғды патшаға көрінуі

Айтолды патшаға барды. Патша Айтолдыдан: «Сен кімсің? Атың кім? Қайдан келдің? Туған жерің қайда?» деп сұрады. Ол патшаның алдында еңкейіп, тәтті сөздерімен сыпайылықпен сөз бастады: «Уа, өміршім. Менің атым – қызметші. Менің тілегім – сізге қызмет ету. Сол үшін ұзақ жол жүріп келдім. Бүгін тілегіме жеттім». Бұл сөздерді естіген патша қуанып, Айтолдыға: «Айтолды, мен сені көрдім, түркелбетің, жүріс-тұрысың мені қуантты. Сен маған адал қызмет етесің; әрқашан жанымда бол», – деді.

Айтолды күн сайын мінсіз қызмет етті: патша өз мейірімімен есігін ашты. Айтолды күн санап көтеріле берді, патшаға жақындай берді, мазасыздық азайды. Оның қуанышы одан сайын арта түсті. Айтолды өз міндетін зор ынтамен атқарды: патша оған да сый жасады. Патша оны барлық жұмыста сынап көрді: ол өзінің қалағанындай қызметшінің табылғанына қуанды.

Айтолдының Күнтоғды патшаға көрінуі

Айтолды кеп тағзым етті, бас иді,
Көзі жайнап патша көңілі тасиды.

Ол жүгініп, ерік берді сөзіне,
Төтті сөйлеп, төнті қылды өзіне.

Айтты патша: «Бар ма бізде бір ісің,
Есімің кім, қалай осы жүрісің?».

Салмақты боп, Айтолды айтты не дерін,
Әдемілеп келтірді сөз бедерін.

Ұстамдылар – жақсы адам боп қалды олар,
Түйсігі жоқ жанның бөрі – мал болар.

Шайыр мұндай сөзін елге жайыпты:
«Асықпай-ақ, атқар істі байыпты.

Саспай кіріс, шыда біраз тартын да,
Асыққанның өкініш бар артында.

Тек асықпа, ұстамды бол, тұлданба,
Шыдай білсе, бек шығады құлдан да».

Айтты Айтолды: «Ей, падишам, бағы асқан,
Құлдың аты қызметке жарасқан.

Есік алды – менің орным, құл – атым,
Мен адаммын таза жұмыс қылатын.

Келдім ұзақ жол жүрумен арындап,
Тұрмын бүгін арманымды орындап.

Сен қайтарма, – міне, менің арызым,
Бір жұмыс бер, мен өтейін парызын».

Патша – тәнті¹, көңілінің қосы кеп,
«Ойдағыдай болатың ер – осы» деп.

Айтты патша: «Осылай ма үрдісің²,
Сүйсіндірді, көрдім, құлқын, түр-түсін.

Әрбір кезде адал істе – жағасың,
Сен жақын боп, босағамды бағасың.

Сенен – жұмыс, менен – сыйлық, жарайды,
Қонатын құт қызметке қарайды.

Сен бүгіннен қызмет қыл, жарқыным,
Өтейді бек қызметтің бар құнын».

Жерді сүйіп, Айтолды айтты, ер еді:
«Патшам айтса – бақ кеп қолын береді.

Бір қызмет – ойлағаным жалғыз-ақ,
Беттеп үйден, келдім, жүріп жол ұзақ.

Бұ жұмыста Жаратқаным жақтасын,
Саған еңбек ету үшін сақтасын».

¹ Тәнті болу – риза болу

² Үрдіс – бұл жерде *әдет*, *қылық* мағынасында

Іске тұрды, Айтолды боп ізетті,
Ерте тұрып, патша есігін күзетті.

Күндіз-түні тік тұрды өңдеп ажарды,
Салды соған бар ынта мен назарды.

Кіріп-шығып, патшаға жүр түйсініп,
Патша да оған көз тастайды сүйсініп.

Күнде істеді әр алуан жұмысын,
Жүрді патша тәуір көріп мұнысын.

Бұл Айтолды іс атқарды қат-қабат,
Есік ашық – патша қылды мархабат.

Өсті күнде, іс тетігін қарады,
Көңілі – шат, уайымы тарады.

Айтолды ісін патша көріп жебейді,
Құнықты іске, мал-дүние көбейді.

Істе сынап, оған патша сенбекші, –
Ер табылды қалағандай еңбекші.

Айтолдының ұлы Өгдүлмішке берген кеңесі

Айтолдының бір ғана ұлы бар еді, ол әлі жас еді. Аты Өгдүлміш еді. Оның жаны таза, жүзі көрікті, мінезі жақсы болатын. Айтолды баласын жанына шақырып, құшақтап, көзіне жас алды. Ол ұлына:

– Балам, менің уақытым келді. Менің үйім, менің мүлкім, бәрі саған қалды. Сен көзімнің нұры едің, аман бол! Балам, құлағыңды түр, сөзімді ұмытпа! Мен – сенің әкең, атым Айтолды еді. Қазір маған қара, енді кімін? Ешкім де емеспін. Мен бұл дүниені қатты жақсы көрдім. Бұл өмір тәтті еді. Мен оған ғашық болдым, бірақ ол менен тез жеріді. Мен барлық қажетті жұмысты тастап, жанымды қуып, қажетсіз жұмыстармен айналыстым. Өмір құйындай өтті де кетті. Сонша билігім мен мал-мүлкім де өлімге арашашы бола алмады. Дүние мені алдады. Өлімнен құтылу мүмкін емес, ол – ащы шындық. Әсем де зәулім сарайларды қирататын – өлім: бүкіл қоғамды талқандайтын да – өлім.

Әкесінің сөзін тыңдаған Өгдүлміш былай деді:

– Әке, менің сізге қояр сұрағым бар. Сіз осы жасқа жеткенше қанша білім алып, өмірлік тәжірибе жинақтадыңыз. Көп нәрсені үйрендіңіз, көп нәрсені білдіңіз. Өлімге қарсы ем

бар ма? Бар болса, сол дәруменді дереу тауып, қабылдаңыз, егер жоқ болса, бар мал-мүлкіңізді, қазынаңызды елге үлестіріңіз. Сіздің жолыңызда бәрі құрбан болсын!

Айтолды ұлына:

– Балам, алтын-күміс те, білім мен ақыл да ажалға тосқауыл бола алмайды. Егер дүние-мүлік ажалға тосқауыл болса, қожалардың қожасы өлмес еді. Өлімге қарсы дәрі көмектессе, дәрігерлер мәңгілік аман жүрер еді. Әрбір дүниеге келген тіршілік иесі міндетті түрде өледі.

– Ей, балам, мені тыңда, немқұрайлы болма, ақырет ісіне қалдырма. Менің өмірімнен сабақ ал. Ертеңің үшін ертерек қамдан. Кез келген тіршілік иесі өлу үшін туады. Ажал уақыты келгенде, ешкім алға қадам баса алмайды.

– Балам, менің бар уайымым сенсің. Жастай қалып барасың. Менен кейін жағдайың қандай болмақ? Одан басқа уайымым жоқ. Әкесі баласын тәрбиелеу үшін аянбай еңбек етсе, баласы жақсы өседі. Егер әкесі баласына жақсы тәрбие бере алмаса, ол баланың соры. Бірақ ол – баланың кінәсі емес, әкенің кінәсі. Мен соны уайымдаймын.

Мен өлген соң жүрегінді, тілінді таза ұста! Аллаға сыйын, қызмет ет. Ертеңгі жұмысыңды бүгін жаса. Бар жақсылық пен жамандық Құдайдан келетінін ұмытпа. Құдайға сен және оған құлшылық ет. Алладан сұра, одан басқа саған көмектесетін құдірет жоқ.

Әр қадамың түзу болсын, тура жолдан адаспа, кішіпейіл бол. Ірі сөйлем. Бұл дүние үшін өзіңді отқа тастама: біреудің мүлкін алма, ешкімге қиянат жасама. Менің мал-мүлкім саған қалды, рақатыңа жарат. Бұл мал-мүлік саған жетеді, екі дүниеде де жүзіңді жарық қылады. Байлығыңды ұқыптылықпен жұмсамасаң, саған аздық етеді, жүзіңді қарайтады. Шыншыл бол, адал әрекет ет, шындық адамды бақытты етеді. Дұрыс адам бұл дүниеде де, ақыретте де жеңеді. Егер адам бақытты болғысы келсе, ол дұрыс әрекет етуі керек. Сен ешқашан тура жолдан тайма. Сонда екі дүниеде маңдайың жарқырайды, – деп өсиетін жеткізді.

***Айтолдының ұлы Өгдүлмішке
берген кеңесі***

Айтолдының бар еді бір жас ұлы,
Осы-ақ еді оның жалғыз асылы.

Аты – Өгдүлміш, тегі таза қымбатты,
Ойы да – пәк, көрікті еді сымбатты.

Шақырды ұлын, уайым қып қия алмай,
Құшаққа алды көздің жасын тия алмай.

«Кетіп барам, – деді, – бітіп мәулетім,
Қалды саған орыным да, дәулетім.

Көз жарығым өзің едің, осы – хал
Кетем сенен қош, аман бол, жақсы қал.

Түрікте бар елбасы айтқан қызық ой:
«Көздің нұры – ұлы менен қызы ғой!».

Бала қамы – түпсіз теңіз, терең-ді:
Әке-шеше уайымын жер енді.

Болса кімде әйел мен қыз, бала да –
Ол кісіде ұйқы тыныш бола ма?

Әке күйер қам-қайғының отында,
Олар мұның атамайды атын да».

Айтты Айтолды: «Ей, ұл, тыңда, мойыма,
Еш ұмытпа сөзімді өмір бойына.

Әкең едім, – деді Айтолды, ол тұрып, –
Қарап алшы көзіңе бір толтырып.

Бұл өмірде бар байлығы толды оның,
Ажал келді – не пайдасы болды оның!

Өмір – тәтті, өлім – ащы, сол жайда,
Қаза келді, қашатұғын жол қайда!

Мәз болып ем дүниеге – ол тайды,
Опа қылмай қу құйрығы шолтайды.

Мені алдады: шақырып ап, құшты да,
Ойымды алды, үркіп тайды ұшты да.

Жалған азды, бақ қартайды, тарады,
Сені де алдап түсірімесе – жарады.

Керек істі мен жүріппін байқамай,
Құр қызықты қуыппын ғой шайқап-ай.

Дауыл соғып бір өткендей тұштыып,
Босқа ашынып өлем бүгін іш күйіп.

Жан қала ма пара, сыйлық, мал беріп,
Қолдан ұстар бір адам жоқ әл беріп.

Өлім жайын білген біреу ерте елеп,
Айтқан екен ой жүгіртіп, зерделеп:

«Өлім көрген дана есінен арылып,
Ой-білімнен жұтап қапты сарылып.

Қандай қатал бұл ажалдың тырнағы,
Ол соққанда қалмайды адам жұрнағы.

Нән сарайдың өлім күлін суырар,
Бар байлықтың апшысын бір қуырар».

Осы іспеттес шайырдың бір сөзі бар,
Оқы соны ей, көкейде көзі бар:

«Бұл әлемде әр нәрсеге жора бар,
Қандай айла болса да оған шара бар.

Бар нәрсеге – амал, айла тапқанмен
Тек өлімге айла жоқ қой бара-бар!»

Тыңдап ұлы, ойын ойлап толғатты,
Бірде қарап әкесіне тіл қатты:

«Ей, әкетай, сен аларсың сауабын,
Бір сөзім бар, айтшы соның жауабын.

«Көп жасады» деп білеміз сен ерді,
Көп үйрендің ақыл, білім, өнерді.

Сұрап, естіп, сен үйреніп, көп көрдің,
Сынап, біліп бәрін бастан өткердің.

Бар ма амал бұл өлімді жеңетін,
Сен өлерде қарсы қойып сенетін?

Айла, шара жоқ боп көңіл шайлықты, –
Онда үлестір қазына, мал, байлықты.

Себі тисе, қазына, мал... – жә, бұлар,
Аман боп тұр, алтын-күміс табылар.

Депті біреу көзі – тоқ та, қолы – ұзын,
Өзі – сақы, шүлен еткен нан-тұзын:

«Қолда барда ішкіз, жегіз, таратып,
Өлсең – қалар, сілтеп жібер жаратып.

Сау өмірі қиылмаса қысқадан,
Табылады адамға – мал, құсқа – дән.

Басы амандар сала білсе бар жанды,
Өткереді талай тілек-арманды!»

Айтты Айтолды: «Ұлым, тыңда үңіліп,
Бұл ойдан без түбегейлі түңіліп.

Өлім жолын алтын-күміс қия алмас,
Бұл өлімді ақыл-білім тыя алмас.

Бұл ажалды тияр болса мал-мүлік,
Өлмес еді әкім беріп мол мүлік.

Бұл өлімді ақыл-ой да тыймайды,
Ол айылын білімнен де жимайды.

Пайда қылса оған дәрмек-дәрі де, –
Өлмес еді онда емшінің бәрі де.

Түсер болса сұм ажалдың мейірі,
Жұрмес пе еді пайғамбарың, тәйірі!

Туса – өлім бар, оны көрге салатын,
Кім бар, қане, мәңгі тірі қалатын?

Бұ дүние – аялдама, далбаса,
Айдаһардай бір тоймайды жалмаса».

Деді Өгдүлміш, жаны сөзден қажалды:
«Өте жақсы білдім, әке, ажалды.

Сен өмірді бос өткіздің несіне,
Неге жылап қор боласың – сесі не?

Неге жидың бар нәрсені қалатын,
Бермедің бе төгіп жұртқа алатын?

Адам қамсыз болса, көрсін байыптап,
Жесін опық, өзін-өзі айыптап.

Не пайда бар бүгін жылап тұрғаннан,
Мың қайтара басын жерге ұрғаннан?».

Айтты Айтолды: «Тыңдап, ұлым, сайын бол,
Мені ұмытпа, келер күнге дайын бол!

Мен өкінем, қалды өмірім қас қағым,
Қамсыз болма, сен ізімді баспағын.

Туған адам өлімге бас иеді,
Көнбесе де, түбі кебін киеді.

Адам – тұтқын уақытқа саптасып,
Жетсе мезгіл – тұра алмайды тап басып.

Шайыр сөзін тыңдап алып, көр енді,
Білген ерге мағынасы тереңді:

«Әр нәрсенің мезгілі бар» – деседі,
Тірі жанның белгілі сан, есебі.

Жыл мен айлар, күндер өтер өмір боп,
Сен де өтесің – күнің желдей еседі».

Айтты Айтолды: «Ей, ұлым, кел қасыма,
Бұ халімді келтірмесін басыңа.

Жалғыз сені ойлап жүр ем тынбастан,
Менен қалып барасың ғой тым жастан.

Мен кеткен соң не боласың сен кейін, –
Бұдан басқа түк қайғым жоқ, – не дейін!

Сіңсе әкенің баласына еңбегі, –
Ұл қылқынан ол білінер ең кемі.

Ұл ізетін қадағалап тұрса егер, –
Әке-шеше жүзі жайнап нұр себер.

Сәл аударса баққан ұлдан назарды,
Бос сандалып, ол береді азарды.

Бала білім тәрбиесіз ұғар ма! –
Олай болса, уысыңнан шығарма.

Депті біреу бастан көп іс кешірген,
Бала бағып, сақтандырған кесірден:

«Кімнің ұлы, қызы болса, тым аяр, –
Соның өзі зар жылар да, мұңаяр.

Өссе жастан бейбас болып бала осы,
Ол – әкенің ұлға берген бөлесі.

Ұл-қыздан да жаман мінез шығады,
Қырсыз қылық тек әкеден жұғады.

Берсең тәлім, қысып ұстап қаттылап,
Өскен кезде қуантады қатты ұнап.

Кейін жұрттан қалмас үшін табаға, –
Басып ұстап, ұлды келтір тобаға.

Балаларға өнер-білім берілсін,
Сұлу мінез әр өнермен өрілсін».

Тіл, көңілмен ойлан Алла жайында,
Бұ күн сенбе, ертеңгі істі дайында.

Жақсы, жаман – Құдай ісі иінді,
Соған сеніп, шеш істегі түйінді.

Бар керекті сұра Алладан сол үшін,
Одан басқа ешкім бермес қол ұшын.

Алла өмірін қадір тұтып, ер сен де,
Қадірлі бол күні бүгін, ертең де.

Бол ұстамды түзеп мінез, бас сақтап,
Кішік көрін, бөсіп кетпей асқақтап.

Байлық іздеп, отқа түспе түбінде,
Аттамағын жаттың ала жібін де.

Жасап біраз, бастым өмір байтағын,
Ол не қылды енді, міне, байқағын.

Жей алмадым жиған малды ерте-кеш,
Өтті күнім – тимеді оның пайдасы еш.

Маған жүк боп, қалды саған бар малым,
Жан рақат соны жеші – арманым.

Ұстай білсең мұны қолға алғанда, –
Жүзің жарқын екі бірдей Жалғанда¹.

Бұ байлықты егер ұстай білмесең,
Жеткізе алмай тарығасың мүлде сен.

Тура жүріп, бол ұстамды пішінде,
Бар қуаныш – әділдіктің ішінде.

¹ Екі бірдей Жалған – бұл жерде *бү дүние мен о дүние*: өмір мен өлім деген мағынада

Тыңда тура жүрген адам не депті,
Екі Жалған сүйер әділ әдепті:

«Тек тыныштық күткен кісі ісінен,
Оны издесін әділеттің ішінен.

Сен белгілі бек болуды тілесен,
Әділеттің ішінде ғой үлесің.

Бек боп халық үстіне қол салдың ба, —
Әділет жол ашық тұрсын алдыңда.

Адам шындық, әділ жолды қуады,
Қос Жалғанда сонда күні туады».

«Сенсең, балам, бұ сөзіме күрелі,
Қуанышың ортаймайды бір елі.

Бұл айтқаным — өсиет сөз, жаттап ал,
Ойға тоқып, көңіліне хаттап ал!».

Өгдүлміштің патшаға бектің қандай болу керектігін айтуы

Бек болу үшін ең алдымен, асыл текті болу керек. Бек ержүрек, қаһарман, күшті болады. Әкесі бек болса, ұлы да бек болып туады. Бек білімді және дана болуы керек. Сонымен қатар, бек жомарт және жұмсақ мінезді болуы керек.

Бек өте ақылды және ақылдың қадірін білуі керек. Ақылды адамның дұшпаны көп. Дана-лықты бағалап, сапарға шыққан кісінің айтқанына құлақ түріңіз: біреудің жапқан жаласына ілігіп кетпес үшін бек дана, әрдайым сергек болуы керек. Өзінің беделін көтеру үшін онда жақсы мінез-құлық пен істейтін жақсы амалдары, мыңдаған ізгі қасиеттері болған жөн. Бек әрбір істі шынайы ықыласпен жасауы керек.

Бектің қызметі тазалықты талап етеді. Халықтың да озығы, жомарт, қанағатшыл болғаны керек. Егер бек халықтың ақылы, батыры әрі таңдаулысы болса, осы қасиеттерімен маңызды істерге қол жеткізе алады. Халыққа керегі де сол. Сөзі мен ойы астасқан, тәжірибелі Өтүкен бектің айтқанына құлақ түріңізші: «Бек басқадан дара, шыншыл, халыққа жомарт пейілді болуы керек. Ол білімді, ақылды, ашкөз емес¹, жүрегі мейірімге бай, асыл мінезді, табиғатынан сұлу болуы керек. Адам істі бастағанда

¹ Ашкөз емес – дүниеқұмар емес

білімнен бастап, ақылмен аяқтайды. Бектер халықты білім мен парасаттың арқасында басқарады. Оның білімі болмаса, ақыл-ойы да кемдік етеді. Егер ел басқаруда бектер қателік жіберсе, онда ол билік ауруына ұшырайды. Оны емдеу керек.

Бектің мінезі жақсы, әрекеті түзу болса, бектің өмірі қуанышпен өтеді. Алла кімге осы жақсы мінез-құлық пен ізгі амалдарды нәсіп етсе, бұл дүние барлық нығметтерімен жақсылыққа толы болады. Егер бектің жаман әдеті болса, ол қуаныш көрмейді, оның бүкіл ісі кері кетеді.

Бектің сөзі де, ісі де ашық, қанағатшыл болуы керек. Ашкөз адам ештеңеге тоймайды, тіпті оған дүниенің бар байлығы да жетпейді. Ашкөздік – емі жоқ дерт. Дүниедегі барлық пайғамбарлар жиналса да, оны емдей алмайды. Аш адам тамақ ішсе – тояды, ал ашкөз, сараңның аштығы өліммен ғана бітеді. Не алса да, ол сараңның көңілінен шықпайды; ол бүкіл әлемді иеленсе де, бай бола алмайды, себебі ол әрқашан ашкөз.

Бек ержүрек, қаһарман және батыл болуы керек. Қорқақ сарбаздарды жігерлендіру үшін қолбасшы қаһарман, ержүрек болуы керек. Әскер қайда болса, қазына сонда. Халық бай болу үшін әділ заң керек.

Бекке жомарттық пен кішіпейілділік керек. Жомарттық бектердің атын әлемге жаяды, олардың атағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

Абыройы мен даңқым артсын деген бек мына
бес нәрседен қашық болуы керек. Біріншісі –
сабырсыздық, екіншісі – сараңдық, үшіншісі –
ашушандық, төртіншісі – қырсық мінез, бесін-
шісі – өтірік айту.

***Өгдүлміштің патшаға бектің
қандай болу керектігін айтуы***

Өгдүлміш айтты: «Патшам, қиын сұрақ,
Ілім – бұл, мен айтайын, сиын бірақ.

Бек ісін біледі ғой бектер барша:
Заң, әдеп, тәртіп, қылық бар оларша.

Туады анасынан бек боларға,
Іс біліп, үйрену бар енді оларға.

Бір Алла біреуді «бек қылайық» деп,
Береді соған ақыл лайықтап.

Кімді бек Құдай қосса санатына, –
Мінгізер соны ақылдың қанатына.

Болады бектер ісі – бектік ісі,
Біледі бектер ісін бек боп кісі.

«Бұл істі патша білер кезі – деп ек:
Әкесі бек болған да, өзі де – бек!».

Патша Айтты: «Ұқтым! – шын сөз айттың ашып,
Тура сөз тұр ғой жұпар исін шашып.

Істеуші ер іс тындырып, тастар жайқап,
Біледі іс сапасын көрген байқап.

Істеуші мен болғанда – сен бақыла,
Үйретер бақылаушы сап ақылға.

Өзіңе Құдай берді жан, ақылды,
Зерде мен білім тола сана қылды.

Қызмет қылдың маған қаршадайдан,
Үйреніп ізгі әділет барша жайдан.

Бар істі білдің өзің ізденіспен,
Беріліп маған түгел сөзбен, іспен.

Айтады сүйгеніне сөзін кісі,
Қияды құрбандыққа өзін кісі.

Адалдық сен ұшырдың сезім құсын,
Ниетпен сол адалдық сөзіңді ұсын.

Естіп ал, адал жанның дастан – сөзі,
Адалдық – кісіліктің бастау көзі:

«Ақылды адал жанды мақтайды көп,
Кісіні адал жандар жақтайды көп.

Таба алсаң адал адам бауырыңа бас,
Айтыпты ақыл, білім осылай деп».

Өгдүлміш айтты: «Патшам, туды заман,
Жоғары болсын қалың, өзің – аман.

Тегі асыл бек болады жолы дұрыс,
Алып ер, жүрек жұтқан, қолы құрыш.

Әкесі бек болғандар бек боп туар.
Бек болса, әке жолын о да қуар.

Бек болса – ақыл керек, білім керек,
Сақылық, ұлы жүрек елден ерек.

Біліммен бектер елін басқарады,
Ақылмен бәрін істеп қасқарады.

«Бек» аты білімменен «дана» болар,
Білімсіз – жай «бек» аты ғана болар.

Ақылы – білімменен ерен ердің,
Жауы көп білімі мол тереңдердің».

Көп тыңда білімдіні, көп көргенді,
Көп біліп, көп нәрсені өткергенді:

«Бек зерек, білімді боп, толсын зерде.
Басына бәле келмей оқыс жерде.

Ізгі іс пен мың түмендеп өнер қуса,
Шынайы жақсы ат болар ондай ерде!».

Тұқымы Текті болса асыл туып,
Болады аса ақылды білім қуып.

Ұрығы жақсы болса сілтеп өрге,
Шығады жақсы болып содан төрге.

Бектікке бұ тазалық керек тіпті,
Тазалық талап етер зеректікті.

Ел басы болсын әбжіл, алып батыр,
Беделі биік іске сонда татыр.

Өтүкен бегі айтыпты – ұнап еді,
Ақылмен, әр сөзімен сынап еді:

«Таңдаулы болу керек елдің бегі.
Құлқы – әйбат, көңіл, тілі – тура тегі.

Білімді, зерделісі, жетігі ең.
Тоқмейіл, өзі – сақи, көңілі – кең.

Қолы ұзын – жақсылықтың бәрін қылып,
Ұятты, арлы болсын оңды қылық!».

Мұндай ер ұлы бек боп қаралады,
Езгі ұрпақ бұдан кейін таралады.

Біліммен іс бастайды білген кісі,
Ақылмен оңалады қалған ісі.

Біліммен еліне бек тұсау салар,
Білімсіз іске ақылы жетпей қалар.

Жаңылса бек ақылы кем келетін,
Бектігі дертке ұшырар емделетін.

Бұ дерттің емі болар білім, ақыл,
Зерделеп емдегенің болар мақұл.

Ой, білім, зерде, зерек болса – бұлар,
Жиылып бек дертіне дауа қылар.

Мұндай бек бір Құдайдың құлы болар,
Жалғанда екі бірдей ұлы болар.

Жалғанда екі бірдей атақ алып,
Болады құттың басы жата қалып.

Бір шайыр бұған меңзеп айтыпты сөз,
Наданға мағынасы болады көз:

«Не бақыт? – айтшы көшіп ағына бір,
Ол келіп қонды кімнің бағына бір?

Жегізсе, берсе жұртқа – бағы жанар,
Төр табар о Жалғаннан тағы да бір!».

Қылығы, құлқы әдемі болса – кәні,
Болады бектің күні – шаттық сәні.

Бергенде Құдай кімге жақсы қылық,
Оңдаған жол-жорығын жақсы қылып. –

Несібе соған берген ілестіріп,
Өзі жеп, берсе де еркі үлестіріп.

Қасиет құлға Құдай берген кезде,
Жетілер іс, қылығы тіпті лезде.

Мың түмен өнерімен қаратсын бек,
Қаланың көк тұманын таратсын бек.

Жағады жақсы қылық елге дүйім,
Болады жақсы қылық ас пен киім.

Біреуге Құдай мінез берсе жаман,
Қинайды оқпен атып оны заман.

Болса егер жаман мінез Құдай атар,
Бар ісі кері кетіп, мұңға батар.

Болмаса бек салауат – жаза мықты,
Сүйеді текті кісі тазалықты.

Жүреді қауіптеніп кісілер сақ,
Сақ көңіл істі жөнді істеуі хақ.

Сақтықты егер, бегім, теріс ұқсаң,
Бар ісің таза болмай, келер нұқсан.

Болады бекке көрік сабыр керім,
Тыныштық – бек ісіне арқау-өрім.

Бек ісін ақыл келіп оңдағанда,
Бітірер біліп бастап аңдағанда.

Ақылды оңғарады істі, бірақ,
Ақылы жоқ адамды ұста жырақ.

Құр көзден көңіл болмай пайда жоқ-ты,
Қу жүрек ақыл жоқта – босқа соқты.

Тыңдашы, ел бегі айтқан өзі әдепті,
Сынағыш, ақ көңілді, о не депті:

«Ақыл, түйсік болса – адамды жақтағын,
«Ер» деп атап, мақтар болсаң – мақтағын.

Ақыл, білім, кімде зерде көп болса,
Жаман болса, жас та болса – тоқтағын!»

Қандай жақсы кісіге ақыл, парасат!
Ақыл болса – «дана» десең жарасад.

Жеңіл мінез – баршаға сор бүркеулі,
Ондай бектің беті болар шіркеулі.

Ашу-ызғар – «ұрдажықтың» былығы,
Болса ұшқалақ – көр наданның қылығы.

Шикі істелген іс оңбайды – ау, қасқа!
Ас-су шикі – тап қылады науқасқа.

Барлық істе сабыр сақта, дір етпе,
Асық бірақ тәуба қылар ретте.

Болсын бектер – ар-ұятты, көзі тоқ,
Жүзі – жарқын, артық ісі, сөзі жоқ.

Еш тоймайды көз сұғының қарасы,
Жетпес оған дүниенің бар асы.

Ем-дәрі жоқ кесел – сұқ көз қиылса,
Емдей алмас барлық емші жиылса.

Барлық адам ішсе, жесе – тояды,
Ашкөз өлсе – сонда аштығын қояды.

Еш байымас – болса көздің сұғы бар,
Бәрін жинар – қу кедей боп сұғынар.

Құрмет тұтар зердесі бар ерді елі,
Теріс тірлік қылмайды ғой зерделі.

Қылығы пәк, болса үміті молынан,
Істі жаман істемейтін қолынан.

Кімге Құдай ар-ұятты төгеді,
Сол абырой, дәулетке де бөгеді.

Ұят барлық жаман істен тыяды.
Ұят барлық игі істерді жияды.

Ердің көркі, игі іс басы – ар осы,
Содан мәлім жақсы, жаман арасы.

Тілімен шын, оймен түзу қалыпта,
Күні туар пайда қылса халыққа.

Бек қиянат қылар болса үңіліп,
Пайда көрмей халық кетер түңіліп.

Көңіл, мінез, тілді тура тұтпаса, –
Елден аулақ қашар қалған құт боса.

Сөзін жұтар бекке сенбе, дүрлікпе,
Өкінерсің, кетер зая тірлік те.

Ойлы да сақ бек келеді келеге,
Қамсыз қалса – ел ұрынар бөлеге.

Екі нәрсе ел болудың тіреуі:
Бірі – сақтық, әділ заң ғой – біреуі.

Сақ болса бек, белін бекем ұстайды,
Жауың жаншып, мойнын үзіп, қыстайды.

Бек көтерсе әділ заңның беделін,
Жарылқайды, жеткізеді өз елін.

Бектік тіні осы екеуден құралар,
Сонда бектік мәңгі бақи тұра алар.

Тыңда не дер жаугершілік құраған ер,
Сақтық істеп, жауың әр кез ұрған ер:

«Ей, ел басы! Сақ патшаны издесең,
Өз еліңе сақ болуды көзде сен!

Сақ боп жүрген бектің елі кеңиді,
Бейқам жүрген бектің күші кемиді!».

Сақ бол, жаудың үз мойынын һәманда,
Әділ болып, жаса тыныш заманда!

Екі жерде бек күнә қып жазады,
Қисық басып, тура жолдан азады.

Бірі – қамсыз қалу, бірі – зорлықты,
Ел бұзылып, сонда көрер қорлықты.

Жау мойынын үзер болсаң соғыста,
Өте-мөте құлағыңды сақ ұста.

Сақ болса – бек жаудың тісі қағылар,
Қамсыз жүрсе – бектің тауы шағылар.

Қамсыз бектер іс бітіріп жүре алмас,
Қамсыз адам бек боп өмір сүре алмас.

Сақ ер торып, қамсыз жаудан асады,
Дайын тұрып, дер кезінде басады.

Сақ болса бек – ешкім қолын көтермес, –
Қол көтерсе – қарсы ақыл бар, жетер де ес.

Күшке салған – алмас бектік биігін,
Зорлық қылса – көтереді биді кім?

Бір білімдар мына сөзді қолдайды:
«Қара күшпен ел билеуге болмайды!».

Зорлық – от қой, өртеп бәле төндірер,
Әділет – су, ақса – нәсіп өндірер.

Талай жылдар ел билейтін сен ерсің,
Заңды түзу жүргіз – елің көгерсін!

Әділ заңмен әлем гүлдеп өседі,
Күшпен әлем ойран болып өшеді.

Бектер қанша орда бұзып талқандап,
Ақырында аштан өлді қалтаңдап.

Әділ заңды қолданса бек бұ жаққа,
Бектік өмір созылады ұзаққа.

Ең жаманы (білеміз ғой ондайды):
«Өтірікші» аталса бек оңбайды.

Әділ іс пен шын сөзіне сенсе елі,
Бағы жанып, бек болады еңселі.

Жалған сөйлеп біреу жанын жалдайды,
Ол – опасыз, өз халқын да алдайды.

Опалы адам айтқан екен – шыны ғой,
«Опа» деген – кісіліктің шыңы ғой:

«Тілі жалған адам ісі – жапалық,
Жапалы адам мал болады ап-анық.

Осы бір сөз талай жерде сыналған,
Өтірігі бардан күтпе опалық!»

Ер жүректі, өссін батыр, мерген боп,
Со жүрекпен жау сазайын берген дөп.

Қол бастаса, жүректі адам ұтады, –
Жүрегі жоқ оны өнеге тұтады.

Жүректілер жүрексізді басқарар,
Барлық қорқақ содан үлгі ап қасқарар.

Оқы бәйіт куә болар осыма,
Ал ұғынып, салып көңіл қосына:

«Итке арыстан болса бас боп кеңесер,
Иттің бәрі арыстанға теңесер.

Арыстанға ит басшы боп келсе егер,
Арыстандар ит боп, итпен тең өсер!».

Бекке керек сақы мінез тағы бар,
Тыныш жүрген жуас бектің бағы бар.

Аты әлемге жайылады жомарттың,
Сияр әлем уысына со мәрттің.

Елді іріктеп, қол жиып ер өрістер,
Қалың қолмен әр мақсатын ер істер.

Тыңда – айтыпты қол жиған ер дабысты,
«Өзің де же, елге де бер табысты.

Сақи бол да, – ішкіз, жегіз таратып,
Мал азайса – жина, жұмса жаратып.

Ер нәсібі азаймайды берсе көп,
Құс нәсібі азаймайды терсе жеп.

Ер қорықпас жұқарар деп қалтасы,
Болса қуат, оқ, жай, қылыш, балтасы.

Әлем бегі, байлық қайдан табылар? –
Әскер болса, солар табар, сабылар.

Керек әскер елді билеу үшін де,
Қаржы керек қолды ұстайтын күшінде.

Қаржы алуға халық керек аса бай,
Ел байымас әділ заңды жасамай.

Бірі болмай, бітпейді ісің былайғы,
Бәрі болмай қалса, бектік құлайды.

Бес нәрседен қашық жүрсін ол дағы, –
Ізгі болса, жайылар бек атағы.

Бірі – сараң, бірі – асығу дыз етіп,
Сосын – ашу, ұста осыны күзетіп.

Төртіншісі – тоңмойындық бірбеткей,
Бесіншісі – жалған айту құр кетпей.

Қашсын бұдан бек бір бөле қылғандай,
Жөн сөз айтып, жүрсін аты былғанбай.

Тоңмойындық мінез қылса қай надан, –
Сол болады нағыз соры қайнаған.

Осы орайда шайыр айтқан қысқартып,
Оны ұққандар өсер тілін ұстартып:

«Тоңмойындық – тым ауыр жүк, оны ұғын,
«Ол – қамаулы тұрған ит», – деп танығын.

Ондай қылық кісі істемес іс қылар,
Ол да – бір жау, айтсақ сөздің анығын!».

Елді ұстағың келсе билік торында,
Шамаң келсе, үш нәрсені орында:

Оң қолыңмен қылыш ұрып, ел қарат,
Сол қолыңмен шүлен беріп, мал тарат.

Сөз бен тілің тәтті болсын шекерден, –
Ұлық, кішік, бағынар құл, бек, ер де.

Ей, падишам, іс көп бектер салалар,
Халық сүйсе, төрдің алдын сол алар.

Жүзі жылы, сөзі тәтті, пейілі кең, –
Барлық ісі болып тұрса соған тең.

Жұмсақ көңіл, ашық қолмен қарасса,
Мейірімі соған орай жарасса.

Талай түрлі ізгілікті іс қылып,
Қалса жырақ жарамайтын іс-қылық.

Мұндай адам сирек шығар арадан,
Еш кемшілік қыла қоймас сара адам.

Құл боп әлем бағынар бұ түлекке, –
Бектер мұндай жетер ылғи тілекке.

Дөрекілер ызғар төккен жүзінен,
Бос сандалып, адасады ізінен.

Жеңілтектер таба алмайтын тұрақ бір,
Олар – надан, сен олардан жырақ жүр.

Қараңғы адам бола алмайды кәделі,
Ел жуысса, бектің кетер беделі.

Надан – түнек, бекте нұрлы жарық бар, –
Ақ пен қара арасында парық бар.

«Қылам!» десең жақсы бектің үлгі, ісін,
Біліп алғын ізгіліктің үлгісін.

Бектің ісін әсте надан демендер,
Олай болса – бек наданнан төмендер.

Орта бойлы, көркем сұлу пішінде,
Әйгілі бек болса халық ішінде.

Көркі, шіркін, болса жұрттың көз құрты,
Сүйсіне бір қарайтындай өз жұрты.

Жау ықтырар қатаң болса үрдісі,
Көрген көзді ұялтатын түр-түсі.

Бойы ұзынды білем, сірә, мақтамас,
Қортық болса, ешкім оны жақтамас.

Өскен болса секілденіп жас құрақ,
Бәрінен де орта бойлы жақсырақ.

Көп сынағыш, көпті көрген бір адам,
Айтқан екен, алсаң үлгі, сірә, одан:

«Қатпа, қортық болса, ашу көп буады,
Ұрыс-керіс сол ашудан туады.

Орта бойға лайықты іс қылған,
Орта қолды істің жолын қуады».

Шарап ішпе, жүрме қуып жанжалды, –
Бағы тайып, талай адам сандалды.

Шарап ішкіш бектер, сірә, өртке ұқсар,
Оның халқын елді улайтын дерт қысар.

Бек құмарпаз болса, барын салады,
Елін құртып, қайыршы боп қалады.

Мезгілі өткен бектің ісі пұштай боп,
Қолға түспес, ұшып кеткен құстай боп.

Айтқан екен құлаққа ақыл құюшы,
Шарап ішкен топастарды тыюшы:

«Ей, маскүнем! Саған тиген бұл – енші:
Шарап ішкен боп кетеді тіленші!».

Шарап ішкен кедей малы желге ұшар,
Шарап ішкен бектің елі жер құшар.

Бар байлықты жейді шарап – тегі, жау,
Қылар ісі – төбелес пен жанжал, дау.

Мас боп кісі түсер жынды қалыпқа,
Жөні түзу іс қылмайды халыққа.

Әзиз кісі айтқан екен ұлы сын,
Тыңда мұны, сен – құлқынның құлысың:

«Шарап ішкен тастар талай жұмысты,
Істемейтін, істі қылып жымысқы!».

Шарап ішкен құмар ойнап «бес кетер»,
Бектің іске қолы тимей, ес кетер.

Жөнсіз істер ішкен кезде істелер,
Жүзеге аспай игі талай іс те өлер.

Шықса жанжал құт қашады қалтандап,
Бектігіңді даукес кетер талқандап.

Құт күнәсіз адалдықты жақтайды,
Бұ дәулетті пәк тазалық сақтайды.

Дөрекі бек ішкіш болса күтінбей,
Елі-жұрты бөрі ішеді бүтіндей.

Бек түзейді барлық жаман жұрт ісін,
Кім жыртады жаман бектің жыртысын?

Сумен жуып тазартады «кір!» десе,
Немен жуар судың өзі кірлесе?

Тәуіп емдер ауру болса қауіпті,
Кім емдейді өзі ауырған тәуіпті?

Сепсе бектер таза пейіл жарығын,
Сонда халық түзер жол мен жорығын.

Бектер куә келтіретін жер енді,
Құлақ қойсаң, бұл сөз мәні терең-ді:

«Бектің құлқы, жүрген жолы қандай-ды, –
Қара халық осы жолды таңдайды.

Бек мінезі ізгі болса, жөнді, әділ,
Қара тобыр осы жолдан танбайды».

Мақтаншақтық құр кеудені тоздырар,
Құркеуделік тура жолдан аздырар.

Кішіпейіл не қаласа, соны алар,
«Бағы жанған ұлы бек» боп саналар.

Зерделі ердің бір сөзі бар – ой гүлі,
Тыңда соны – даналығы әйгілі:

Ұлысынса, бек менсінбей өз елін,
Жойып алар ол қадірін, беделін!».

Құр мақтанмен көтерілмес бұ кісі,
Ұстамды ерде – жатық «істің тігісі».

Өркөкірек – ызғар шашқан кесір ер,
Кішіпейіл – көңіліңді өсірер.

Кішіпейіл, көңілі ашық болмаса,
Түңіл Бектен, ол – бек емес, далбаса.

Ақ көңілмен ісін шешсе әмбенің,
Ол кешірмес күнәсін әр пенденің.

Сонда үйірсек болар оған бұ халық,
Айналсоқтар түскендей-ақ бұғалық.

Басшы болсаң, жарылқа сен бұл елді,
Кеңпейіл боп, жұртты сүйе біл енді.

Бұл елің ғой, кеңпейіл боп қал оған, –
Болар жолың аң қаққандай қалаған.

Онсыз адам «тірі өлік боп қалған» – де,
Түк те тимес оған екі Жалғанда.

Жақсы ісіңе жөн саясат үстегін,
Саясатты күш қолданып істегін.

Ел түзер бек саясатты ұғынып,
Халық үшін әділ заңның ығын ұқ!

Қуә бұған, тыңда ескілік жырынан.
Қуәлі сөз шертер шындық сырынан:

«Бек сарайын бұ саясат безейді,
Елін бек те саясатқа көзейді.

Бұзықтарға саясатты қолданып,
Ел бұзылса, саясатпен жебейді!».

Елді билеп, бектік құру негізі,
Екі нәрсе түп-тамыры, тегі, ізі.

Бірі – әділ заң, оны халық: «Құп!», – десе,
Бірі – әскерді күміспенен күптесе.

Ел қуанса әділ заңға жолығып,
Қуанса әскер күміс пұлға молығып.

Бұл екеуі болса бектің тірегі, –
Ел жетіліп, бектің тыныш жүрегі.

Бек әділ боп, қорғамаса өз жерін,
Обыр елдер талап жейді өздерін.

От сап олар ел арасын бұзар да, –
Бек билігі қалап түсер құзарға.

Әскери қол қуанбаса шынынан,
Қылыш жүдә шықпай қояр қынынан.

Бек қылышпен қол ұзартып, ұтар тек,
Онсыз елін билей алмай, жұтар бек.

Балта, қылыш – ел қорғаны еңсерген,
Елге басшы болады бек семсермен.

Тыңда, айтыпты біреу әлем билеген,
Балта, қылыш жұмсап, жауың илеген:

«Ей, ел басы, ел қорғаушы туыс ер,
Бейқам жүріп кейде кісі у ішер.

Ел қорғауды тапсыр қылыш, балтаға,
Тып-тыныш жүр қолды салып қалтаға.

Жау тырп етпес қылыш шықса жалақтап,
Қында жатса – бек тыншымас алақтап.

Қылыш ұрар ерді қуант «ләм» демей, –
Өзің қуан, жаса түктен қам жемей!».

Айтты Өгдүлміш, созылды сөз желісі:
«Аты – зор да, қиын өте ел ісі.

Халық – биік, басшы болу – ауыр-ды,
Бұ – машақат, бас та қатты, ауырды.

Аз қуаныш, қайғы күнде жамалад.
Мақтау аз боп, көбейеді жаман ат.

Көз алартып қарайды жұрт – азап ол,
Сен қуаныш тілерсің-ау, аз-ақ ол!

Жақтасың – аз, жұрт жақтырмай қарайды,
Қарсы адам – көп, аз – рақат арайлы.

Ойда – күдік, көңіл қайдан тыңаяр,
Ер сенбесе – ерекше бір мұңаяр.

Әрбір істің қатері бар дендетер,
Оны көріп, қызығы мен дәм кетер.

Дана сөзін тыңда таза сүзілген,
Дана сөзі – інжу-маржан тізілген:

«Мойны – қылша, патша басы – келідей,
Ғалым сенбес оған жарым елідей.

Қылатын іс күнде бастан асады,
Мың қатерлі іс тартылып желідей».

Бәрі осылай: билікке қол созғасын,
Бірі – тыныш, бірі – жейді өз басын.

Білгің келсе өмір сырын ұнаған,
Талай іске ұмтыл, тырыс мынаған:

Тіл, көңілді ұста тура, бабында,
Бір Иені құрмет тұтып, табын да.

Бұл Раббым не қылса да – бол разы,
Құлдық ұрсаң, осы – соның біразы!

Шын көңілден мейірбан бол халыққа,
Жақсылық қыл, ізде соны, жалықпа!

Зарар¹ бермей, пайдалы іс қып елден ас,
Жақсы іс қылып, жаман істі белден бас!

Мал-дүние осылай қып сомда сен,
Ойнап-күліп, жатып жерсің сонда сен!

Үзілсе жан – үмітіңді үзбе сен:
Берер Құдай ізгілікті іздесең.

Тыңда патшам, айтам безеп тілімді,
Бекке керек ерлік пенен білім де.

Кімнің қолы ерлік іске жетеді, –
Соны «бек» деп, елге бастық етеді.

Бек болады қойса бастық ел сеніп,
Ел жұртына еңбек етер белсеніп.

¹ Зарар бермеу – бұл жерде *зиян келтірмеу* деген мағынада

Тыңда, айтыпты бір білімдар зерек тым,
Зор білімі оның елге керек шын:

«Бек білімдар, парасатты, ә, тағы,
Болса керек ақылы мен атағы.

Болсын сақы тілінен бал төгілген,
Ел қамын жеп қабырғасы сөгілген.

Ашкөз емес, кішіпейіл, сезімді,
Болсын жұртқа кешіргіш те төзімді».

Үлгі-өнеге берсе бектер – ел гүлі,
Әділ қазы бола білсе белгілі.

Мұндай бегі болған елдің құты бар,
Оның халқы бар бәледен құтылар.

Құт құйылып, елді тыныш етеді,
О, дариға, бұ бектер де өтеді.

Ей, падишам, тиек етіп тілге енді,
Айттым, міне, ұққаным мен білгенді!».

Өгдүлміштің патшаға уәзірдің қандай болуы керек екенін айтуы

Уәзірдің бектер үшін өте маңызды екені даусыз. Уәзір жақсы болса, бектердің ұйқысы да тыныш болады. Бектердің жүгін көтеретін – уәзір, патшалықтың іргетасын бекітетін – уәзір. Бұл жұмысқа қоғамның бетке ұстар, беделді адамы қажет. Жақсы уәзірдің ақыл-ойы мен күшті жүрегі болуы керек. Жақсы уәзір өз ісіне берілген, ақыл-ойы өте зерделі, білімі теңіздей терең болады, қолынан келгеннің бәрін істейді. Ол текті, әділ және асыл жаратылған, өмірін адалдықпен өткізуі керек. Уәзір иманды, тақуа, айырықша мінезді, таза болуы керек, халық оған қай жағынан алсаң да барлық жағынан сенімді болуы тиіс.

Патшадан кейін ел басқаратын адам – уәзір. Арам ойлы, опасыз адамдар уәзір болуға лайық емес. Арамның ісі қашанда арам. Ал асыл адамдардың сырт келбеті көрікті болса, оның жан-дүниесі де көркем болады. Ол қай уақытта да мемлекетке пайдалы болып, халыққа адалдықпен қызмет етеді.

Уәзір рухты, көзі ашық, сенімді адам болуы керек. Ашкөз, байлыққа құмар болмау керек. Ашкөздіктен дүниенің бәрі оның иелігінде болса да, сараңдықтан көзі бір тоймайды. Халықтың бетке ұстарлары – арманы бар адам. Арманы бар адам – халықтың қаймағы. Адамдардың ең

жексұрындары – әдепсіз адамдар. Арсыздықтан олар ешқашан мәнді, мағыналы сөз айтпайды.

Уәзірдің жүзі көркем, сөзі түзу, өзі әділ болуы керек. Жаратылысы адал, белсенді болса, ондай адам халық үшін қашанда тек пайдалы болмақ. Егер уәзір дұрыс қызмет етпесе, бектердің бастаған істері әрқашан шала, әрі кері кетеді.

Уәзір ақылды, зерделі, білімді болуы керек. Егер адам зиялы болмаса, ол жұмыс істей алмайды; адам өз жұмысын ақылмен жасайды. Адам өз білгенін, көргенін, болған оқиғаны жазады; ол – болашақ тарих. Жазуды білген адам өте зерек те зерделі болады. Уәзірдің жұмысы әрқашан есеп-қисаппен байланысты. Адам өз жұмысын есеппен жасайды; есептеу арқылы жылды, айды, күнді, уақытты біледі. Жұмысын реттейді, жоспарлайды.

Уәзір кішіпейіл болып, мәдениетті сөйлеуі тиіс. Бұл қасиеттер басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатады. Кішіпейіл адам көпшілік алдында сүйкімді болады, ал қатал және төкаппар адам тартымсыз болып қала береді. Уәзірдің сөзі мен жүрегі, ісі мен мінезі астасып, бірін-бірі толықтырып тұрғаны дұрыс. Ол жақсы мен жаманды ажырата білуі керек. Уәзір сергек, сақ, сауатты болуы керек. Ол халқы үшін адал қызмет етуге дайын болса, елінің қазынасын байлыққа толтырып, дәулетті өмір сүреді.

*Өгдүлмiштің патшаға уәзірдің
қандай болу керектігі жайында айтуы*

Өгдүлмiш айтты: «Патшам, сенің үшiн,
Уәзір берер әр кез қолдың ұшын.

Керек қой жақсы уәзір шәксiз анық,
Жан – тыныш, бекте сонда ұйқы қанық.

Уәзір көтереді бектің жүгiн,
Негiзiн нығайтады қоймай түгiн.

Уәзір – таңдаулы ердiң бiр сарасы,
Жарасқан ақыл, жүрек, көз қарасы.

Ақылы – өте терең, бiлiм – теңiз,
Бiтiрер барлық iстi батыр деңiз.

Өзi – әдiл, жолы да адал, ойы – зерек,
Әр күнi туралықпен өту керек.

Ұлы iске ердiң ерi болсын ұлық,
Һәм керек айрықша бiр мiнез-құлық.

Керек қой терең бiлiм, парасаты,
Таза боп, ойлай бiлсе – жарасады.

Ұрығы зерделiнiң езгi болар,
Нәсiбi қайда жүрсе, сонда толар.

Болсын ел дін иесі, ақжолтайлы,
Ақтайтын жұрт сенімін, елге оңтайлы.

Кісіде ақжүректен артқан бар ма,
Ем табар мұң-қасірет тартқандарға.

Ақжолтай сақ жүреді өзін біліп,
Жаманнан қашар, істің көзін біліп.

Қолы ұзын уәзірдің бектен кейін,
Ұстайды іс пен сөздің бек деңгейін.

Болады тексіз кісі арам ойлы,
Болуға ол уәзір жарамайды.

Тегінде текті кісі опа қылар,
Тексіздің ісі түгел – жапа болар.

Көп білген кісі, тыңда, бұй дейді екен,
Жөн білген ел мен жұртты билейді екен:

«Текті кісі – көзі таза біліктің,
Жаяр құшақ жұртын сүйе біліп тым.

Жапа қылар бұ тексіздер опасыз, –
«Берсең шекер майын қосып жіліктің!

Тоқмейіл, ұятты адам – көп өнеге,
Ұятсыз керек дейсің неменеге!

Көзі тоқ сұқтанбайды, бір таймайды,
Жалмаса ашкөз елді бір тоймайды.

Кісінің ең абзалы – ұятты жан,
Шығады ер көсемі ұяттыдан.

Ұяты барға бер іс кесігін де,
Ел жабар жаманшылық есігін де!

Ұятсыз ол – кісінің оңбағаны,
Бере алмас тура сөйлеп оң бағаны.

Кісінің ұяты мол сөзі бар-ды,
Естіп ал өсиетін жүрекжарды;

«Аулақтап ұятсыздан жүргін жырақ.
Қарайды ол жиіркеніп елге бірақ.

Қу сүйек ұятсыздың көрсең беті,
Іріген шірік болар бар келбеті».

Кісінің ұяты бар жүзі жайнар,
Осыдан нұр тасқыны көзінде ойнар.

Кескінін келістіріп, сақал күзер,
Ісімен үлгі болып, бойын түзер.

Іс – тура, мінез-құлық болса майда,
Ай, жылдап елге тиер ізгі пайда.

Болмаса бастық ісі тура бетте,
Бек ісі қисық кетер со мезетте.

Туралық, шындық болса өресі істің, –
Болады бек сенімі төресі істің.

Көрікті кісінің де келер түсі,
Болады ел пайдасы қылған ісі.

Көрікті жүзі төксе нұр мен арай,
Лайық болар соған ішкі сарай.

Айтыпты, тыңда, біреу сынға маман.
Білетін әр нәрсені жақсы-жаман:

«Құлқына сай жаралады пішін де,
Жүз бен қылық бірдей соның үшін де.

Сыртын көріп, ішін таны кісінің:
Іші – сырттай, сырты адамның – ішінде».

Сымбатты болса уәзір, өңі түзу,
Болады оған оңай іс жүргізу.

Есепқор, болса уәзір дана, тетік,
Ілім мен жазуды да білсе жетік.

Уәзір істі есептеп тастай етер,
Білмесе есепті – ісін тастап кетер.

Есеппен – іс-амалы пәнде құлдың,
Шешілер уақыты ай, күн, жылдың.

Есептің өзі шыққан сақ болудан,
Өте сақ істі атқарып, ақ болудан.

Іс оңбас кісі ойланбай жүрген жерде,
Іс қылар адам ақыл, болса зерде.

Жазумен білген нәрсе хатталады,
Жазылса, қылған ісің жатталады.

Жазу бұл – ақыл-ойға белгі, нышан,
Білімі хат білгеннің – теңіз ұшан.

Білмесе егер жазу адам-пенде,
Жыл, ай, күн санын білмей, қалар кенде.

Даналар жазбағанда кітап талай,
Есептің білер едік жолын қалай?

Тұрғанда жаратылмай осы ғалам,
Беріпті Алла жасап Лаух, Қалам.

Құл ісін періште бар жазып тұрар,
Зауалын ертең Алла өзі сұрар.

Момын ер болар елдің сүйіктісі.
Табады істің көзін сүйіп кісі.

Бір момын кісі айтыпты жақсы қылып,
Адамға момын болу – жақсы қылық:

«Мүләйім адам елдің – сүйіктісі.
Тасбауыр, ол – жағымсыз күйік кісі.

Зор құрмет көрсетер ел салмақты ерге,
Жарытпас тасбауыр жан шығып өрге».

Уәзір бола алады: оқыған ер,
Хат біліп, ақыл-білім тоқыған ер;

Тура іспен бір шығатын тіл мен ділі.
Бауырмал, ұяты мол ел дүлдүлі¹;

Салауат, істі біліп бой ұратын,
Жақсы мен жаман ерді айыратын;

Берілген жұмысына қарсыласпай,
Міндетін орындайтын шаршыласпай.

Көрсетсе бұл талапқа кім әзірлік, –
Патша ағзам соған берсін уәзірлік.

¹ Дүлдүл – бұл жерде *топтан озған, ең үздік* деген мағынада. Ислам дінін уағыздап, оны тарату жолында аянбай күрескен Әзірет Әлидің (Әли Әбу Талиб) мінген тұлпары да Дүлдүл деп аталған. Сондықтан бұл ат жылқы тұқымының ең асылы әрі қасиетті мал саналады.

Уәзір болса осындай – ай, бір рақат:
Бек пен ел өмір сүрер жайбарақат!

Патшаның ісі түгел жүгенделер,
Жетілер, ел байлығы түгенделер.

Уәзір жауыз болса әлде нендей,
Ел жүдеп, болып қалар байы кедей.

Уәзір жақсы болса – ұтады елі,
Сүйсініп, көтерілер патша белі.

Депті адам білімі бар көл-дария,
Көкірек көзі¹ ашылған сол қария:

«Бек – жақсы, ұстай білсе ой мен тілін,
Нөкерлер тура жолда ұстар ділін.

Болса бек зорлық қылар залым, аяр, –
Жүргендер іс басында жолдан таяр!».

Жақсы бек жұмысшыға жөндеп қарар, –
О дағы құлқын жөндеп, қылмас зарар.

Бек жаман болмаса егер, амалдар-ды,
Жуытпас шеніне де Жамандарды.

¹ **Көкірек көзі** – бұл жерде *адамның биік рухани жан дүниесі* деген мағынада

Жамандар жамандармен бас қосады,
Жақсылар жақсылармен бастасады,

Жақсылар Жамандармен өре өспейді,
Тура адам қыңырлармен көріспейді.

Қара түн жарық күннен сырғаңдайды,
От-жалын көк суменен бір қонбайды.

Біреудің білмек болсаң хақын мығым,
Сұрастыр оның кіммен жақындығын.

Әр жәндік өз үйірін аралайды,
Тура жол – бұра тартқан жарамайды.

Бұ сөзге куә болар бәйіт бар-ды,
Оқып ал – білесің көп жайттарды:

«Ұшатын, барша нәрсе жүретін де,
Өз теңін ұстар дос-жар ретінде.

Жақсыдан Жаман қашып, қосылмайды,
Осы – тән барлық өмір сүретінге».

Уәзір – бектің досы кеңесетін,
Кісі ғой кеңесумен теңесетін.

Жаманмен жараспайды тәуір кісі,
Жаманның ойы – бұзық, ауыр – ісі.

Жиса бек жаман жұрттан жамағатын,
Ел-жұрттың шығарады жаман атын.

Уәзір бұл айтқандай болса тегі,
Ел – тыныш, рақатта жасар бегі.

Тілегін уәзірден күтеді бек,
Бар ісі сол арқылы бітеді тек.

Көркейер сонда жұрттың байлығы асып,
Толады қазынасы, құты тасып.

Патша аты сонда мәңгі сақталады.
Ол қартайса – орны мен бақ қалады.

Ләззатын екі Жалған бірдей асар,
Ылғи да бақытты боп, ұзақ жасар!».

Патша айтты: «Ұқты мұны көкірек көз,
Айтылды бүгін ізгі, әдемі сөз.

Айт енді қызметін, басшылығын,
Әскери қолбасшының хас қылығын.

Қол бастап, орындаса ісін тастай,
Жеткізіп ақырына, жаза баспай.

Болады қандай адам, айтшы, бұлар,
Шеп сөгіп¹, жаудың қолын тоз-тоз қылар?».

¹ Шеп сөгу – қарсыласты өткізбеу үшін жасалған бөгетті бұзып өту.

Өгдүлміштің патшаға қолбасшының қандай болуы керектігін айтуы

Бұл жұмыс өте епті, қатал, соғыс өнерінде тәжірибелі, батыл адамды қажет етеді. Әскерді бастап, жауды жеңу – үлкен іс. Бұл іс беделді адамның қолынан келеді. Қолбасшы қырағы, батыл, ақылды, кішіпейіл, салқынқанды болуы керек. Ол айналасына ең мықты, батыл адамдарды жинау үшін әскер басшысы өте жомарт болуы керек. Ол соғыста олжалаған бар дүние-мүлікті сарбаздарға үлестіріп, көптеген достар мен қарулас достар табуы керек. Оған тек ат, киім, қару-жарақ алып, әлемге даңқын, атын шығару жеткілікті. Бала-шағасын, отбасын ойлап мал жинамауы керек. Ол қаруластарын ас-сумен қамтып, киіндіріп, қолдау көрсетіп, жорықтарда оларға көп жылқы, құл, күң тарту етіп отыруы тиіс. Осылай етсе, айналасына ержүрек жігіттер жиналады. Соғыста қорқақтардың қажеті жоқ.

Ешбір батыр өз уақыты келмей өлмек емес. Анасынан туған кезде белгіленген мерзімнен бұрын ешкім өлмейді. Жауды тек өлімді ойламаған батыр ғана жеңеді. Дұшпанды көргенде неге қорқасың? Жауды жаулаңдар, ер адамдардай ұрыңдар. Қолбасшының абыройы асқақ; намысы үшін жаумен шайқасып, кегін алмай жаудан қайтпайды.

Біріншіден, жақсы қолбасшының айтқаны әрдайым шындық болуы керек және халық оның сөзіне сену керек. Қолбасшының сөзі жалған болса, халықтың оған деген сенімі қалмайды.

Екіншіден, жомарт бол, сараңға жан жуымайды.

Үшіншіден, жаужүрек, батыл бол.

Төртіншіден, айлалы бол. Амал-айланың жолын тапқан адамға арыстан да төтеп бере алмайды. Осындай қолбасшы сарбазды басқарса, оның жауға қарсы шабуылы әрқашан сәтті болады. Оның бойындағы қайсарлық әскердің рухын көтереді. Әскер басшысының жаумен кездескенде күндіз-түні ояу болып, сергек жүруі маңызды. Соғыста әскер санының көптігі маңызды емес. Маңыздысы: бес қаруы сайланған, тәртіпке бой ұсынған, қырағы сақшысы бар, ұрымтал жерді білетін барлаушысы бар әскердің болуы.

***Өгдүлміштің патшаға қолбасшының
қандай болу керек екендігін айтуы***

«Патшам! – деді, берді Өгдүлміш жауабын,
Күшің болсын жаудың берер сауабын.

Әскербасы керек бекке бас ұрар,
Жараспайтын жау ұйқысын қашырар.

Мұндай істі ержүрек ер қалайды,
Құрыш, қайсар, көріп жүрген талайды.

Барынша ұлы іс – әскері көп қол бастау,
Тәртіп түзіп, ойран салып, жау жасқау.

Сақ, ерекше кісі керек, ұғымды,
Қапы қалып келтірмейтін шығынды.

Болсын алып, момын, сыпа, ол мерген,
Өзі – сақи, тұз бен нанын мол берген.

Аса жомарт, ашық қолды бола алса,
Ең таңдаулы басшылар кеп қол алса.

Үлестірсе барлық малын, бар асын,
Қалың нөпір жиса дос, жар, жорасын.

Бір ат, киім, қару алсын о тағы,
Бар әлемге кетсін даңқ, атағы.

Мал жинамай әйеліне, қыз, ұлға,
Күміс жинап, қызықпаса қызылға.

Жұмсап қылыш қалағанын жинаса,
Даңқы шықса жұртқа беріп сыйды аса.

Ішкіз, жегіз, кигіз жұртқа киімді,
Ат пен қару, күң, құл берсең – тиімді.

Батыр ерлер сонда келіп іілер,
Жанын қиып, тау-тау болып үйілер.

Ер жүректі, өте ақылды, елге – өзек,
Тайсалмайтын, болсын басшы елгезек.

Қорқақ адам болмай әскер санында,
Тек отырсын әйелінің жанында.

Қорқақ адам бұзар шеру шептерін,
Қол бұзылса, сасар қайсар текті ерің!

Қан майданда сом жүрек боп күрессін,
Жау ат қойса, табанды боп тірессін.

Бір өлімнің бар екені анық-ты,
Мезгіл жетпей ер өлмейді даңқты.

Азулы ерді тыңда жауын жалмаған,
Жауын жеңер өлімді еске алмаған:

«Мезгіл жетпей өлмес туып өргендер,
Қорықпасын жауды әшейін көргендер.

Жалын болып жаумен алыс ерлерше,
Ажал келмей бұйырмайды көр мен жер!».

Намыс керек – ер шабады ары үшін,
Өшін алар ар-намысы бары үшін.

Ары барлар жауын жеңіп ұтады,
Намысы жоқ кісі алдымен зытады.

Арын ойлап, қорқақ ер боп жатқан шақ, –
Қайсар да өлер бола берсе жасқаншақ.

Жүректі ерлер намысына шабады,
Олар өлсе айқаста ажал табады.

Құлқы жақсы, ақ көңілді керім ер,
Ел-жұртына сүйкімді боп көрінер.

Кішік кісі іш жылытар, басшы, біл!
Жырақтатар жұртты өзінен аңғы тіл.

Әскербасы алшаң басса аяқты,
Шүбәсі жоқ, жаудан жейді таяқты.

Өр көкірек, бейқам жүрген немелер,
Не бұзылар, қамсыз қалып, не өлер.

Аса батыр, керек қайсар ер дара,
Даңқы-атағы жайылатын жер жара!

Ұста қатаң жамандарды – сиынсын,
Төк мейірім жуастарға – сүйінсін!

Болу керек саясатшыл қолбасы,
Бар әскери істің болар сол – басы.

Саясатқа қол бағындыр, – тоқталар,
Қол бағынса, тамағы да тоқ болар.

Қалың әскер басқармаса – бытырар,
Ондай әскер бұзылар да құтырар.

Жамандарды сипап сөйлеп құр бетке,
Жақсыларды бөлеп тұрсын құрметке.

Жақсыларға жақсылық қыл, «кеш» деме,
Бер тілегін жүктемей-ақ ештеме.

Тілер адам ылғи жақсы қылықты,
Құл боп сүйер игі іс қылған ұлықты.

Ей, ақкөңіл, біреу айтқан жайт бар,
Оқы мәз боп, міне, мұндай бәйіт бар:

«Азат кісі – жақсылықтың құлы сол,
Қыл жақсылық, туралыққа аш та жол.

Кісіліктің негізі – осы кісі айтқан,
Кісілікке – кісілік қыл, әсте, мол!».

Қолбасыға мұны білген дұрыс та,
Бетпе-бет кеп сап түзейтін ұрыста.

Болсын батыр арыстандай жүректі,
Ұстасқанда жолбарыстай білекті.

Шошқаша ұмтыл, бөрідей боп қарпитын,
Аю ашу, бұғыдай боп тарпитын.

Түлкі айламен тірі жұтар турамай,
Өш алатын жыны түскен бурадай.

Сауысқаннан сақ боп сезік алатын,
Қырандай боп Қырымға көз салатын.

Арыстан боп тап бергені сезілмей,
Үкі болсын түні бойы көз ілмей.

Жаугер болар адам мұндай іспеттес,
Жаугер болса, ол – жарамды, істе ептес.

Жаугер кісі – жарамды ердің көкесі,
Жауды құртар, кетпес онда кек-өші.

Нан, тұз, ас бар – дастарқаны толса кең,
Ат, тоны мен қару соған болса тең.

Өміріне жұрттың арқау болатын,
Ас-тұз болса, ердің жаяр сол атын.

Тыңда, айтыпты Ыла жұрттан шыққан ер:
Нанды мол ет, ей, сөзімді ұққан ер!

«Атақ сүйсең – ас-су істе, нан да қыл,
Өмір сүйсең – осыларды қамдағыл!»

Кісілік қыл – сонда нағыз сақысың,
Ер өтейді нан мен тұздың ақысын.

Ұлылықты тілесек – бер асыңды,
Сол ас болар ұзартатын жасыңды.

Қолбасшыға мына қылық жарайды,
Іс иіні осы орамға қарайды:

«Шын сөз айтсаң – дұрыс солай қалғаны,
Халық сенбес, болса сөздің жалғаны.

Екіншісі – сақылық қой, ашық қол,
Сараңға жан жуымайды, қашық бол.

Үшіншісі – жаужүрек ер қол қияр,
Қорқақ адам жауды көрсе – қылжияр.

Бұ төртінші – амал-айла бұлтартпас,
Айла білсе ер – арыстан да тіл тартпас.

Шеп бұзуға қайсарлықпен жетер ер,
Қайсар болса, қол рухын көтерер.

Әскербасы болса өнерлі о тағын,
Жауды жойып, жоқ қылады атағын.

Дәл осындай басшы қолды бастаса,
Ат қойғанда жауды таптап тастаса.

Лап бергенде қылып ұйқы-тұйқыны,
Басшы қойсын күн-түн демей ұйқыны.

Көп қол емес, аз қол керек таңдаулы,
Аз қол болса – бес қаруы қамдаулы.

Көп қол болса, бассыз болар – тірексіз,
Бассыз әскер болары шын жүрексіз.

Сыншы жаугер таңқалуға епті емес,
Он екі мың жауынгерді «көп» демес.

Бір ер айтқан жауды быт-шыт ететін:
«Маған төрт мың әскер қолы жететін.

Қалың әскер бұзар сапты, жиынды,
Ептеп, түзеп, басқару да – қиын-ды!».

Айтқан бір ер, батыр, көзі қарақты:
«Әскер керек болса қару-жарақты!».

Айтқан жаугер, аты кеткен арайлап,
Есті сөзін, іс қыл соған қарайлап:

«Көп қол емес, ең таңдаулы ер ізде,
Бәрінің де бес қаруын бер ізді.

Тәртібі бар аз жақсы ғой көп қолдан,
Көп қол болса жеңіліс көп төрізді».

Әскербасы болса жауын шабатын,
Болсын соғыс іс-айласын табатын.

Сақшы қойып әрбір шетке ұрымды,
Көз, құлағы шолсын алыс қырымды.

Бақылаушы, барлаушы қып ерлерін,
Білсін жауды дәл ұратын жерлерін.

Әскер дайын, сақшы болсын зейінді,
Біреу озып, біреу қалмай кейінде.

Барлаушылар орнын біліп, сап құрсын,
Хабаршы ұстап, тап-тұйнақтай, сақ тұрсын.

Ту көтерген тәртіп байқап сұғандап,
Соққы берер топ кетпесін шығандап.

Жайлы жерге түссін әскер шетінен,
Тас түйін боп, бытырамай бетімен.

Қамсыз қалмай алсын жаудың мазасын,
Қамсыз болса – жау береді жазасын.

Жауды іргелеп, сақшысын ап, аңдасын,
Қол жататын от, сулы жер таңдасын.

«Тіл» алдырмай күзетті тым мықтасын,
Қолын, санын жау білмесін, ұқпасын.

Бекініп ап, жаудан ұстап ұрын «тіл»,
Содан сұрап, жаудың ойын бұрын біл!

«Тілден» біліп, бар ісінді басым қыл,
Бар да жаудың мойынын үзіп, басын жұл!

Қан майданда сақтық керек қырағы,
Кім сақ болса, соның жанар шырағы.

«Қылышымен – айтты еңбегі сіңген ер, –
Қамшыласын арыстанды мінген ер!».

Кім жеңудің екі амалын табады, –
Сол екеуден жау өмірем қабады.

Қолдан жауға айла-тәсіл – соны ойла,
Жауды қызыл қан қылады сол айла.

Сосын, сақтық – жау жеңудің құралы,
Кім сақ болса, сол үстемдік құрады.

Кім қырағы, сақ боп тұрса таза осы, –
Келер содан жаудың алар сазасы.

Жау көп болып, сен аз болсаң шайқаста,
Сен асықпа, ол асықсын айқасқа.

Жарасатын болса – жарас, тіреспе,
О болмаса – сауыт ки, шық күреске!

Бас ұйқыда, жаудың шығар мүлде есін,
Қолдың аз-көп екендігін білмесін!

Бас салуға болмай қалса сенде жол,
Елші жібер, келісім қыл, ел де бол!

Тілмен алдап, жарас, сақта өзінді,
Айқасуға асықпа, қой сөзіңді!

Оған болмай, жау қаруын білесе¹,
Көңіл бермей, айқасуды тілесе, –

Сен ұзатпай әскерменен ұғысқын,
Иінін тап та, көп қол жиып, соғысқын.

Созба ұрысты – жау алады сырыңды,
Көзі үйренсе, күш алады жырынды.

Бір ер айтқан жаудың дымын өшірген,
Көзбен көріп, бастан бәрін кешірген:

«Көрінбеген жау алыстан сығалар,
Жау көрінсе, көз үйренер, сыр алар.

Сыр алдырмай, жалындай боп жалмаған,
Ұмтыл жіті – сонда жауың тұралар!».

¹ Қаруды білеу – 1. Қаруды жанып қайрау, өткірлеу. 2. Қаруды салмақтап сайлап ұстау, кезену.

Бір топ әскер жібер жауды торуға,
Жаяу әскер алда болсын қоруға.

Ысылған қарт ерлерді қой шетіне,
Пана қылып қалың жаудың өтіне.

Қарттар – сыншы, талай істі қаузайды,
Аса жаугер, тез біледі ау-жайды.

Жас жігіттер – тым елгезек кейде осы,
Жауды көрсе – тез басылар кеудесі.

Алды, артына кісіні қой сенетін,
Оң мен солға басқаны ғой көнетін.

Жау таянса – ерлеріңе тылсым сын,
Жанын түйіп шүберекке ұмтылсын.

Алыс жерде – оқты жаудыр аққұла,
Жақын жерде – сүңгімен ұр, соққыла.

Ұр қылышпен, айбалтамен шабысып,
Тырна, тісте, ал жағадан жабысып.

Жауға берме жауырыныңды – тырысқын,
Түйре, шаншы – өлгеніңше ұрысқын.

Ер айтыпты істі біліп тындырар:
«Шыдай білген саудың сағын сындырар!»

Неке түні қыз жетеді мұратқа,
Соғыс күні ер мінеді құр атқа.

Батыр ерлер жаудың мойнын жұлар бұл,
Тұтқын етіп, әскерін де қылар құл.

Жауды көрсе – батыр қозар өзекті,
Ол ұрыста жұртқа бермес кезекті.

Жауды көрсе – арыстан боп келер де,
Ат ойнатар – өлтірер не, өлер не!

Жауды көрсе – жайнап кетер, бой алып,
Соғысады қызыл қанға боялып.

Қан болады ат, әбзелі, қаруы,
Ердің міндет әруақтай аруы.

Жау ат қойса, сапырылыс басталып,
Арқа бермей, шыда, соғыс бас салып.

Жау шегінсе – лап қойып қу соңынан,
Қарап тұрма іс туғанда оңынан.

Жау қашқанда шыдай алмай күші іріп,
Тез жет қуып, ал қолыңа түсіріп.

Тобын жазбай, ерлер жауың түйресін,
Қайта айналып соқсын жауың – күйресін.

Жауың қашса – қума алысқа, саяққа, –
Қайтар жолда күш түседі аяққа.

Жау түңілсе – өлімге бет қояды,
Сонда қарсы кім кеп оны жояды!

Бейқам адам өліп босқа кетеді,
Қам жеген ер тілегіне жетеді.

Ұлым, сақ боп жүрген кісі ұтады,
Сақтанбасаң – өлім сені жұтады.

Бір сөз бар-ды сыны маған ұнаған,
Сөз атасы болады сөз сынаған:

«Жауың қашса – ұзақ қума баладай,
Қуған кейде таяқ жеп те қалады-ай!

Бір тозған жау бас көтермес тұтамдай,
Су құйылған от қалады тұтанбай.

Жау түңілсе – тек өлімге бел тірер,
Бел тіресе – өледі не өлтірер!».

Бер сыйлығын – біткен істің пайдасын,
Алған ердің өңі кірсін, жайнасын.

Кім ер болса, мақтау естіп, балқысын.
Сый да көріп, ер жүрегі толқысын.

Мақтап қойса – жақсылар да марқаяр,
Мақтап қойса – жамандар да қайқаяр.

Ер мақталса – арыстанды ұстайды,
Ат мақталса – зырлап ұшқан құстай-ды.

Емдет, қарат жаралы мен іскенді,
Құтқарып ал жау қолына түскенді.

Өлгендерді зор құрметке бөлегін,
Ұл-қызына әке ақысын төлегін.

Әскер бұған қуанады, қолдайды,
Шыбын жанын қимайтыны болмайды.

Сөзі – тәтті, жүзі – жылы, ашық қол,
Болса – әркім-ақ үшеуіне «ғашық» сол.

Азат кісі сонда құл боп табынар,
Жанын пида қылатындар табылар.

Ей, дана, бір сөз бар елең еткізген,
Байқап тұрсаң, дәл шындықты жеткізген:

«Тәтті сөзің, жылы жүзің, сыйың бар –
Үшеуіне азат халық сыйынар.

Алтын, күміс, құл жинама – бер, тарат,
Олар сонда құл болады – сый ұнар».

Әскербасы болса керек осындай,
Қолы сонда жасақталар жасындай.

Сый-сияпат, алтын, күміс алғандар –
Алтын жанын құрбандыққа шалғандар.

Бұл үшеуін құл болып жұрт ұғады,
Білсе бектер – бәрі осыдан шығады.

Бек таба алса әскербасы осындай,
Ел қуанып, ісі жүрер тосылмай.

Дәл осындай бектер қолды бастаса,
Іс жүреді қуанышпен астаса.

Керек болса – міне, уәзір жарамды,
Міне, іздесең – әскербасы орамды.

Міне, бұлар бек сенетін ер еді,
Бек қалауын солар істеп береді».

Айтты Өгдүлміш: «Ей, падишам, бақтылы,
«Ұлы» аталар екі жұмыс нақтылы.

Ол – уәзір, қолбасшы ғой нұсқайтын,
Бірі – қалам, бірі – қылыш ұстайтын.

Бұл екеуі – елдің жүген, құрығы,
Кім бұзады екеуінің ырығын.

Елден ерек, бұлар – адам құнды аса,
Басын алдыр бекке мойынсынбаса.

Пайдалы адам көп істейді бұл істі,
Бойсұнбаған бүлдіреді ұлысты.

Бек болады ізгі адамның сарасы,
Бұл екеуі – іскер елдің сарасы.

Бұлар елге берер кейін қол ұшын,
Бекке пайда келтіреді сол үшін.

Ел бастаған дана айтыпты тастай қып,
Дана сөзін жей бер дәмді астай қып:

«Ел жаулаған қылыш ұстап қасқарар,
Ел басқарған қалам ұстап басқарар.

Жаулап елді – қылыш жұмсап, бағын бас,
Бірақ ол ел қалам болмай бағынбас.

Ел шапқанша қылыш күштен бас алмас,
Бірақ күшпен елдің кегін баса алмас.

Қалам ұстар кент, ұлыс, қаланы,
Жолға салып, қалағанын алады».

Осы, патшам, – бар білгенім, бар ой да,
Бердім жауап сұрағыңа орай да!».

Өгдүлміштің патшаға елшінің қандай болуы керектігін айтуы

Елшілер ақылды, білімді, көрнекті және өте батыл болуы керек. Адамдардың ең таңдаулысы және ең жақсысы Алланың елшілері болды. Көптеген істерді елшілер басқарады. Барлық жұмысты ұйымдастырады, үйлестіреді, басқару мәселелерімен айналысады, мемлекет алдындағы міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді. Елші өте зерделі, білімді болуы керек. Елші өз міндетін сәтті атқаруы үшін сөзге шешен, сөздің қыры мен сырын білуі керек.

Елші жүрегі таза, өз міндетіне берілген, сенімді, шыншыл адам болуы тиіс. Өз ісіне берілген қызметші бектің пайдасын қалайды, ал бектің пайдасын қалаған адам бекті шынымен жақсы көреді. Егер сіз бекке пайдалы және сізге шын жүректен берілген адамды тапсаңыз, өзіңізге бауыр жасап алыңыз. Ашкөз, сараң адамдар өзін ұстай алмайды; қанша алса да көзі тоймай, дүниенің құлы болар, ондай адамдар – елшілікке лайық емес. Пейілі тоқ, көз көрігі мол адам кедей болса да, бай саналады, оған құт қонады.

Елші қарапайым, өте сабырлы, мейірімді адам болуы керек. Сонда барлық істері сәтті болады. Қарапайымдылық болмаса, адам төкаппар, арамза болады. Таза адам адал әрекет етеді. Ұяты

бар адам әрдайым шындықпен жүреді. Адамда ақылмен қатар білімі болса, ол адам барлық істе табысты болады.

Елші көп кітап оқуы, шешен сөйлей білуі, өлеңді түсінуі, өзі де өлең жазуы керек. Аспан ғылымы мен медицинаны түсінуі керек; армандарына жету жолында алға жылжуға дайын болуы керек. Ол математиканы, география ғылымын түсінуі, жақсы білуі керек. Сонымен қатар, ол нард пен шахмат ойнауды өте жақсы білуі керек және қарсыластарын жеңе алатындай шебер ойыншы болуы керек. Найза лақтыру, жебе ату және аңшылық пен саят құрудың шебері болуы керек.

Ол құс аулау мен аңшылықта да басқалардан асып түсуі керек. Сөйлегенде барлық тілдерде сөйлеуі керек, жазғанда барлық тілде жазуы керек. Елшілікке осы ізгі қасиеттердің барлығын білетін адам керек және ондай елші өз ісінде табысты болады. Елші парасатты, білімді, сергек болса, оны барлық жерде ілтипатпен қарсы алады, бектерге пайдалы болады. Елші жаман, ілім мен білімнен хабарсыз болса, қайда барса да, бектердің беделі түседі.

***Өгдүлміштің патшаға елшінің
қандай болу керектігін айтуы***

Айтты Өгдүлміш: «Патшам ойлап көрген жөн,
Бұл бір істі білімменен өрген жөн.

Елші қылу керек елден ерек-ті,
Ақыл, білім жетік болса керек-ті.

Бұ Құдайдың құлдарының ішінен
Елші болсын ең таңдаулы кісіден.

Талай істің бітірер ел қандайын,
Ол біледі қайырлы істің мән-жайын.

Елші керек байсалды, өткір санасы,
Өзі – шешен, ойшыл, білім данасы.

Сөз астарын, түрін білсе жүз есе,
Сол арқылы іс қатесін түзесе.

Тыңда, айтыпты бір жиһангер тектісі,
Ел бастаушы, зор білімді бек кісі.

«Ақылды адам – ер» деп елден асатын,
Білімдіні жоғары тұт аса тым.

Ақыл жеңсе әрбір істе – ұнаған,
Орынды ол іс – оны талай сынаған.

Істі дана біліміне бойлатар,
Сол істі ұстап, алақанда ойнатар.

Ақыл, білім қосып істі бастаса,
Талай істер біліп жатар астаса!».

Болсын елші шын берілген тоқмейіл,
Сенімді, адал, ақ сөйлетін ақ пейіл.

Бек пайдасын жақтайтын жан тілейді,
Шын сүйеді содан бектей сүлейді.

«Пайдалы» де адал болса бегіне,
Оны өзіңе бауыр қып ал егіле.

Жаны ашыса – өз бауыры болғаны,
Одан жақын – жүрегінің ол қаны.

Ашкөз адам өз еркінің құлы ғой,
Ол жарамас елшілікке – мұны қой!

Пейілі тоқ кедей – байға жатады,
Сабыр етсе – берекеге батады.

Ашкөз адам тілеп көзін сатады,
Содан ел-жұрт «тіленші» деп атады.

Айтқан кісі пейілі тоқ, асы мол,
Көзі тоқтар – бай болудың басы сол:

Көздің сұғы – кедейліктің шоқтығы,
Байыта алмас оны әлемнің тоқтығы.

Ашкөз құл боп тоймағаннан тұтылар,
Ол құлдықтан өлсе ғана құтылар!».

Бір білімдар Жақсы айтыпты – епті ғой,
«Ашкөздерге бұл – насихат» депті ғой:

«Десең шындап барынша бай болайын!» –
Тап көңілді байытудың қолайын.

Көзі тоқ құл бек болады, тақ бірақ –
Ашкөз бектің құл болғаны жақсырақ.

Ашкөз болса бек – кедей ғой жұтаған,
Көзі тоқ құл бек боп қонар құт оған!»

Ұятты адам таза өмірді сүреді,
Түрлі білім таза жерде жүреді.

Ұят кетсе – адамды пәс етеді,
Шындыққа адам ұятпенен жетеді.

Тыныш адам жақсы ат алар түйсінер,
Құлқы таза адамға жұрт сүйсінер.

Ақыл, білім болса – кісі мол кетер,
Со біліммен барлық іске қол жетер.

Бәйітті оқы – не дер екен тыңдағын,
Әр ісінді білімменен шыңдағын:

«Ұқ ақылмен, біл біліммен бұл істі,
Бақыт берсін – күндер, жылдар жылысты.

Ер жетеді тілегіне зердемен,
Ақыл, білім қосып әрбір қыл істі!».

Адам түрлі жазу білсе зейінмен,
Ол өседі зерделі боп кейіннен.

Жазып, оқып, сөз үйрен де бұлардан,
Өзін-өзі дана етеді бұл адам.

Білсе түгел өнер-білім бар сырын,
Ол жандырап сонда адамның жүз нұрын.

Кітап оқып, сөзді білсе байырғы,
Өлең жазып, ұға білсе шайырды.

Емдей білсе, көк жұлдызын санаса,
Түс жорыса тура талдап оны аса.

Есеп білсе, өлшей алса әлемді,
Сан түбірін, есептесе көлемді.

Шахмат пен дойбыны жөн тұтатын,
Ойнағанын өлердей қып ұтатын.

Чөген¹ ойнап, өзі мерген болсайшы,
Құс салатын бір тамаша болса аушы.

¹ **Чөген** – ежелгі замандарда түркі тектес тайпа-ұлыстарда кең тараған спорттық ойыны. Аса шеберлікті қажет ететін бұл сайыс түрі қазақ халқында да ұлттық ойын ретінде қолданылған

Көп тіл біліп, сөйлей алса азулы,
Шебер жазып, білсе талай жазуды.

Мұндай өнер-білім білсе ырыс деп,
Елші қойса болар оны дұрыс деп.

Зерек елші бере білер қол ұшын,
Бек бөленің алдын алар сол үшін.

Елші жаман болса, соры сөгілер,
Сонда бектің бар беделі төгілер.

Елші жақсы болса – бектің ділгірі,
Барлық түрлі істің жақсы білгірі.

Ақыл-өнер оған тосса – мол қауіп,
Оны сыйлап, кетсе содан жол тауып.

Барлық түркі тілін білсе пайымдап,
Сөзін ұқса, сөйлей алса қайымдап.

Болса елшіде ақыл-өнер анық бар,
Бектің аты ел үстінде қалықтар.

Бір ақсақал айтқан сөздің мақұлын,
Оны ұқпаған кісі жояр ақылын:

Аты шығар болса ақыл мен өнері,
Онсыз адам қартайса – жоқ сенері.

Ерден ерің асады ақыл-өнермен,
Ол ұшады көк жиектеп кенермен.

Ақыл-өнер білген кісі би еді,
Ұлы таудың басын жерге иеді.

Сөз түсінген дереу жауап қайтарар,
Сауалға да тура жауап айта алар.

Ішпейтін жан – салауатқа ірге өзі,
Ұстамдылық – құт, қуаттың бір көзі».

Білім қалар білімді адам ішкенде,
Масқа надан жуымайды еш пенде.

Бұл ішімдік ақыл, білім – өріске
Жау ғой, бастар жанжал, ұрыс-керіске.

Не білімді, ақылды адам жолықса,
Іс бұзылар ішімдікке еліксе.

Ар-ұятқа, тазалыққа қарамай,
Ішкен адам қалады ғой жарамай,

Біліміңді айналдырса албасты,
Дей бер ақыл шараппенен алмасты.

Шарап ішсе – бақ іриді жентек боп,
Шарап ішкен шығар телі-тентек боп.

Ішке түскен шарап сөзді түртеді,
Жаны күйіп о сөзден жұрт үркеді.

Ашық көңіл, тілі сұлу, ағымды,
Өте ақылды, елге болсын жағымды.

Тіл төттіде – сөз жағымды, орамды,
Сонда адамның ісі болар жарамды.

Жады жақсы болсын әсте ұтатын,
Естігенін есте қатты тұтатын.

Көркі-жүзі болса, шіркін, шырайлы,
Бойы сұлу тартып тұрған нұр-айды.

Адамшылық биік болса – мәрт болар,
Кісілікке осы екеуі шарт болар.

Төтті сөздің ыңғайына ел жүрер,
Шырын сөзге үлкен-кіші елжірер.

Ісі елшінің болды көп сөз желісі,
Сөзі жақсы болса, бітер төл ісі.

Табылса адам дәл осы сөз жайында,
Атақ беріп, елші қылып дайында.

Елші қып ал пайдалан да хақыңды:
Жатты – алысқа, жақын жібер жақыңды!».

Өгдүлміштің патшаға бас аспаздың қандай болуы керектігін айтуы

Бұл жұмысқа мінсіз, рухы таза адам керек. Адамдардың арасынан салиқалы, адал, беделді адамды тауып, ішіп-жеу ісін соған тапсыру керек.

Бек үшін әртүрлі қауіп көмейден келеді. Бектер барлық жерде өздерін күтуі керек. Олар тамақ ішкенде өте сақ болғаны жөн. Халық бас-қарған адамның жауы көп болады. Егер аспаз сенімді, дұрыс және жетілген адам болмаса, бектердің тамақ әзірлеудегі және ішудегі жағдайы қауіп төндіреді. Бұл жұмысқа тәжірибелі қызметші қажет.

Бас аспаз ауқатты, жүрегі бай болуы керек. Ол таза болуы шарт, беті, киімі айдай жарқырап тұруы керек. Дінді, шариғатты білетін адам болуы керек, әділдік сондай адамнан келеді. Аспаз таза болса, таза тамақ береді. Тамақ таза болса, ықыласпен жейді. Ашкөз адам тамаққа да сараңдық жасап, тамаққа қолын салып, оны былғайды.

Бас аспаз шыншыл, сенімді адам болуы керек. Бас аспаз адал болмаса, оның барлық көмекшілері арам болады. Ондайлар, яғни асханаға ұрылар жиналса, бектің дастарқаны берекелі болмайды. Адамға әділдік пен ізгі әрекет керек: солардың көмегімен ол өзі қалаған қуаныш табады. Бас аспаз адал, бегін қатты жақсы көретін, қарапайым адам болуы керек.

Ол сондай-ақ ақылды және білімді болуы керек.
Тамақтану уақыты келгенде тез әрекет ету керек.

***Өгдүлміштің патшаға бас аспаздың
қандай болу керектігін айтуы***

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш деректі:
«Бұған таза, сенімді адам керек-ті.

Тура, шыншыл, ерекше бір білісті,
Таңдаулы ерге тапсырған жөн бұл істі.

Ізде бұған сенімді ерді ары мол,
Мейірімін салсын іске барын ол.

Қызметке салатын бар ұятын,
Бек жолына адал жанын қиятын.

Бекке қатер қу тамақтан келеді,
Аспаз ісін қашан кімдер еледі?

Бек ықтият болсын өзі дегенде,
Қадағалап ас-су ішіп-жегенде.

Ел бастаған ерге жау көп – орынды,
Жау болған соң құрады ғой торын да!

Сенім күшті болмаса егер о кісі –
Ас ішкенде қауіпті ғой бек ісі.

Бұған көпті көріп-білген ер керек,
Асын дәмдеп беретұғын ертерек.

Ол еңбегін сіңірсе егер талайғы.
Бек те сеніп, қамын жейді, қалайды.

Езгі кісі бір сөз айтқан қалыпты,
Парасаты таңқалдырған халықты:

Қай нәрсеге көп сіңірсең бейнетті,
Сол сүйікті, бәрінен сол – зейнетті.

Неге өмірін сарып етсе адам жалынбай, –
Сол сүйікті оның тәтті жанындай.

Өмір емес, сіңген еңбек – өкініш!
Еңбек өмір ұзартпайды – өкініш!

Өтер өмір, қарысар жақ кісиде,
Жылар ұзақ зая кеткен ісіне!».

Адам керек көзі де тоқ, көңілі бай,
Өзі таза, өңі сұлу соған сай.

Дін шариғат біліп, айтса құнды ойлар, –
Бек сенетін адам болар мұндайлар.

Таза, нәзік болар бектер бітімі, –
Асты жей ме болмай таза күтімі!

Тәуір аспаз асын таза қамдайды,
Таза болса, асты сүйіп, таңдайды.

Сұғанақ жан қарап көздің астынан,
Қол тигізіп, былғайды ғой асты – дәм.

Бір бөле ғой сұғанақтың әр ісі,
Ол – бір кесел табылмаған дәрісі.

Адал, түзу, сенімді ерге сенесің,
Бәрінен де сенімді адам – сен өзің.

Жұрттың бәрін сенімді қыл, көп ойла,
Ықтият бол бір басыңа, абайла.

Ұқсап бұған келді бір сөз өресі,
Тұт жадыңа, ей, езгі жан төресі:

«Елге сен де, қамыңды же бірге өзің,
Жаны ашитын, сенетінің – өз көзің.

Бәрінен де ғазиз жаның артық қой,
Сақта соны – неге керек құр сөзің!».

Аспаз – сұлу, өнер болса қылғаны,
Берсе Құдай бой, тіл, көңіл, тұлғаны.

Көрікті аспаз – таза болар ол да аса,
Ас тамақтан өтпес таза болмаса.

Бір Құдайым тазалықты сүйеді,
Жақсы ат бәрі – ерге таза тиеді.

Жұрт тілейді тазалықты – бар мән бар,
Таза болса, ас-суды жұрт армандар.

Таза еместі алыс ұста бұл астан, –
Шықпайды ғой таза тамақ ластан.

Әділ, тура болсын шындық енді өлмес,
Онсыз, сірә, жөн-жорық, іс жөнделмес.

Аспаз басы арам болса – оңбайды,
Ол қасына жинап алар сондайды.

Ас ұрлайды қойсаң олар еркіне,
О дастарқан енбес сосын көркіне.

Болсын адал, ісіне адам түйсінер, –
Сонда кісі оны қалар, сүйсінер.

Тыңда сөзді – айтқан құлқы түзу ер,
Құлқы түзу ізгіліктің бәрін жер:

«Адал ерге құт келеді, сын ермес.
Тура жүрсе – оның күні түнермес.

Сатқын адам алса қайда беталыс, –
Игілік те қашар содан өте алыс.

Сатқын адам қайда қолын созады, –
Теңіз қаңсып, со жер жұт кеп тозады!».

Кісі керек бекке жанын қиятын,
Берік ұстап жүретін ар-ұятын.

Жанкүйер жан бек тілегін сұрайды,
Тілектестің пайдасы да шұрайлы.

Істі біліп, өзі болса пайымды –
Оның асы мезгілінде дайын-ды!

Қызмет қып жүрсе жөнін ірі ұстап,
Кіріп, шықса көз-қабағын дұрыстап.

Ақыл-іспен қорғап өзін ақтаса,
Жұмсап білім істе көзін сақтаса.

Жақсы ат тілеп опа қылса бегіне,
О қайырлы ат кетер ғасыр шегіне.

Есті кісі жақсы ат тілеп өледі,
Білікті адам өте сенгіш келеді.

Жетсе ақылдың кісілікке өресі,
Білікті адам – кісілердің төресі.

Есті кісі сөз айтыпты – бар мәні,
Ақылды адам – барлық жұрттың арманы:

«Ақылды адам жақсы жолға салады,
Біреуге өзін құрбандыққа салады.

Пасық адам жұртқа жапа қылатын
Сөз-уәде берсе – қайтып алады!».

Патшам, осы айтар сөздің бастысы:
Мұндай болар аспаздарға бас кісі.

О кісі кеп дастарқан, ас жасалса,
Сезік алмай, бек отырып ас алса.

Одғұрмыш Өгдүлмішке дүниенің кемшіліктерін айтуы

Сен бұл дүниені қатты жақсы көрдің: сондықтан оның кемшіліктерін көре алмайсың. Дүниені жақсы көргенің сондай – оның бүкіл жамандығын жақсылық деп қабылдапсың. Мен оған таңқалмаймын, өйткені бір нәрсені жақсы көрсе, оның кемшіліктері көрінбейді. Сен маған мына дүниені мақтайсың, бірақ мен саған оның кемшіліктерін айтайын.

Адам ата күнә жасағанда, Құдай оны жазалады. Құдай бұл дүниені ол үшін түрмеге айналдырды. Сұлулықты зынданнан қалай іздейсің? Сұлулық көкте болады. Адам көкте бидай дәнін жеді. Бұл дүние ол үшін тазару орны ретінде жаратылған. Бұл – шайтанның жақсы көретіні. Құдайдың сынайтыны – сол. Кейде Алла құлды таңдап, оған дүние игіліктерін бермейді. Осылайша оның жолын тазартады. Бұл дүниедегі бақыт жақсылық емес, ол адамдарды Құдайдан алыстатады, бұл – дін үшін нағыз апат. Егер адам бай болса, ол арамдыққа айналады: кішіпейілділік тек кедейлік арқылы мүмкін болады.

Жалаңаш туған адам да бұл дүниеден жалаңаш кетеді.

Әй, адам! Неге өзіңді алдайсың? Сен мұнда екі күндік қонақсың. Өлмек үшін тудың, өлімге дайындал. Екі күндік бақыт үшін біле тұра

өзіңізді отқа тастама. Дүние опасыз: не берсе де, тез қайтарып алады. Құл ма, бек пе – оны ажыратпайды, бұл жақсы ма, жаман ба.

Дүние көлеңке сияқты, оған ерсең – қашады, одан қашсаң – артыңнан ереді. Сондай-ақ бұл дүние байлығының дінге деген кектігі бар, көп байлыққа қол жеткізсе, дінге немқұрайлы қарайды. Осыған назар аудар. Бұл дүние сұлу қыздай сылаңдап алдыңнан шығады, жүрегіңді толқытады. Кім оған жүрегімен байланса, өмірін босқа өткізгені. Тіршіліктің әрбір күні қымбат. Өмір – түрлі жақсылыққа жетуге мүмкіндік, оны бекер өткізіп алма.

Дүниелік игіліктердің үш-ақ сипаты бар: дүние малы **халал**, **күмәнді** немесе **харам**. Халалға – есеп, харамға жаза бар. Күмәнді нәрседен сақ бол. Адамдар дүниені жақсы көреді, артынан қуады, бірақ жеткен соң одан тез жалығады. Бұл дүние алғашында күлімдеген жүзімен нәрлендірсе, кейін түрлі қайғы, уайыммен әлсіретеді. Әр қуаныштың соңы – уайым, ал уайыммен өткен өмірдің соңы – қуанышқа апарды.

Білімді адам уақытша нәрселерге көңіл бөлмейді, ақылды адамдар ертеңге дайындалады. Өлімді білген адам дүние-мүлікке алданбайды. Жолға шыққан адам жолда үй салмайды, көшетін адам үйінде заттарын қалдырмайды. Сен қонақсың, бұл дүние – саған уақытша тұрақ. Уақытша тұрақтан көп нәрсе талап етудің қажеті

не? Бұл дүниенің байлығы – қолдың кірі. Оны иеленген адамның көзқарасы мен мінез-құлқында өзгеріс пайда болады. Ол – жақсы емес.

Дүниенің бар байлығын бір адамның бойына жиып беріп, сол адам мың жыл бақытты өмір сүрсе де, оның ақыры барар жері – қара топырақтың асты. Өмір көрген түстей өтеді де, кетеді. Не істесең, соның қарымтасын көресің. Сол күні өкінсең, оның пайдасы жоқ. Не істесең де, жыл, ай, күн куә. Дүниелік ләззаттың бәрі де осы үш нәрсеге тіреледі, үшеуі де бір-біріне ұқсайды: оның бірі – ішіп-жеу, екіншісі – ер адамды жұбататын әйел, үшіншісі – салауатты өмір сүру, денсаулық. Соңғысы – үш нәрсенің ішіндегі ең қажеттісі. Өмір тәтті болғанымен, өмірдің соңы – өлім. Өмірді босқа өткізбей құлшылық қылуға асық.

Одғұрмыштың бұ дүниенің кемшіліктерін айтуы

Берді жауап Одғұрмыш та елгезек:
«Ұқтым сені, тыңда менен сөз кезек!

Бұ дүние есіңді алып, көндірген,
Бар айыбын «жақсылық» деп сендірген.

Ол таң емес – бар той сөздің байыбы:
«Сүйген істің білінбейді айыбы».

Бұ дүние ойыңды алып құрсаған,
Содан айып ізгілік боп тұр саған.

Тыңда сөзін сүйіп басын игеннің:
«Ізгі іс болар бар айыбы сүйгеннің».

Бұл – белгісі сүйгендіктің, жақсы ұлық!
Сүйіктінің бар айыбы – жақсылық.

Дүниені сүйсең, нұры сөнбейді,
Бар айыбын көңіл жақтап, «жөн!» – дейді.

Құр мақтама бұ дүние тетігін,
Мен айтайын оның кемі мен кетігін.

Адамзаттың жазығы үшін бұл Ие
Жаратқан ғой түнек етіп Дүние.

Түнек болған не бар өмір-сымақта?
Тіле құт пен күш-қуатты жұмақта.

Жарылқаса Құдай құлын – маза сол:
Тауып берер Дүние емес, таза жол.

Бұ Дүние құты содан ізгі емес,
Дін, Құдайдан сол бездірер, өзге емес.

Жұрт байыса, өзіне жан теңгермес,
Ақкөңіл жан кедейлікті кем көрмес.

«Мен Құдаймын!» деген ессіз килігіп,
Ит боп өлер сұрап әлем билігін.

Жалаңаш кеп, өледі адам тырдай боп,
Мал жиғандар кетеді ғой жұрдай боп.

Ей, өлермен, емінсектен бетерсің,
Екі-ақ күндік қонақ болып кетерсің.

Біл: тіршілік өлімменен бітеді,
Ажал әзір: өз кезегін күтеді.

Есік ашар бұ Дүние, тағы бар:
Жұрт өлімнің есігінен ағылар.

Екі-ақ күндік қонақ болу үшін де,
Көрер көзге бос күйдірме күшінді.

Тәркі Жалған құты қайда көгерсе,
Дереу алар тез қайтарып, не берсе.

Берер өмір, жойса дағы әр нені,
Шақырып ап күнде түрлі пәндені.

Біл: дүние – бір көлеңке албасты,
Қусаң – қашар, қашсаң – арттан қалмас-ты.

Бұ дүние қусаң – қашар жым-жылас,
Қашсаң – қуып, сағыңды бір сындырар!».

Бұ Дүние көздің жауын, нұрды алар,
Жасанып ап жас келіндей ырғалар.

Шалбар-шалбар беті жөндеп қарасаң,
Жаға жыртар көке мылжың орасан.

Қулық, ісін мың құбылтар, ұялмас,
Байына да үш ай түгел сия алмас.

Оған біреу көңіл қойса – бас кетер,
Ісі де оңбай, бар өмірі босқа өтер.

Бұ тіршілік адамға өте қымбат-ты,
Бос кешуге болмас оны тым тәтті.

Кеткен өмір жақсылыққа – бір басқа,
Ей, батырым, жіберме оны құр босқа.

Үш-ақ нәрсе Дүниеде бұл мәнді:
Адал, арам, үшіншісі – күмән-ді.

Шат қылар да, салар Жалған сүргінге,
Теріс қарар, мәз қып қойып бір күнге.

Адалға – есеп, арамға – азап, сұрау бар,
Күмән болса – сақтанып жүр: бұрайды ар!

Семіртеді, мәз қып көңіл өсіред,
Сосын – қайғы, аздырады қасірет.

Бақсаң: қайғы, қуаныштың арты – сол,
Мәз боп өссең, мұң басады, шарты – сол.

Соңына сор ертіп жүрген бағы бар,
Сор қайнаса – келер бақыт тағы бар.

Білген адам не дейді екен – құлақ түр:
«Бөле іздемей дүниеден жырақ жүр!».

Байлық көріп жарымас-ты алдандың,
Місе тұтып жоқшылықты малдандың.

Көтер сөксе, бар жәбірін қастың да,
Қайтар өшің қара жердің астында.

Кетер тарап тірнектеген, тергенің,
Шашылар да жинап, ұстап, көргенің.

Кетер нәрсе күн де кетер бір-бірлеп,
Келер нәрсе өзі келер дігірлеп.

Бұ дүние өткінші ғой, тез кетер,
О дүние келер күнін тездетер.

Бар байлықты жиып алып, қорықпай,
Мың жыл жасап, тыныш жүрсең тарықпай,

Кететінге көңіл бөлмес ақылды,
Келетінге дайындалған мақұл-ды.

Өлім көрген қуанбас та билемес,
Оны білген құр жұбаныш күйлемес.

Жолға шыққан жолшыбай үй салдырмас,
Көшкен кісі орнында түк қалдырмас.

Бұ дүние – қонақ үйі сен үшін,
Оған төкпе қуаныштың кенішін.

«Пайда не?» деп ақырында қарарсың,
Қара жердің қойынына барарсың.

Өткен өмір көрген түс боп қалады,
Не қылса адам, соған жауап алады.

Бүгін пайда жоқ өкініп кісіге,
Ай, күн, жылдар куә болар ісіңе.

Өмір дәмі үш нәрседен құралар,
Ол үшеуі жүз нәрседен нұр алар.

Бұл үшеудің ең бастысы – жем, ішім,
Сосын – әйел, жалғастырсаң жең ішін.

Ал, үшінші – денсаулық қой ең ізгі,
Осы байлық – бөрінің де негізі.

Осы болса өмір дәмі біз татар,
Дүниенің қызығы жоқ ұстатар.

Тәтті күн – жол ащы өлімге баратын,
Жарқын өмір тылсым болар қара түн.

Өмір – қызық, үш нәрсемен былықты,
Тыңда соны, ей дос таза құлықты:

Өмір дәмі, адам төні, ол тұрған –
Екі жау ғой, тұзақ құрып отырған.

Үшінші жау – діннің бұзу қақпасын,
Зарарынан оның Аллам сақтасын!

Бұлар жауыз жау ғой – адам азады,
Бәрінен де тәннің батар азабы.

Өлгеннен соң бай мен кедей арасы,
Тең болады жер қойнында, қарашы!

Екі-ақ күндік өмір ғой бұл мұнартқан,
Оны қуып несіне адам құмартқан.

Сен көздейсің мал жинауды теріп бір,
Өлім көздер сені ұстауды, көріп тұр.

Өмір сәні күнде сенен қашады,
Түбірің жеп өлім аран ашады.

Еш күмән жоқ, өледі екен тірі адам,
Ол қай күні – білмейді екен бір адам.

Фәни үшін өзің отқа түспегін,
Көрер көзге күймейтін іс істегін.

Өмір дәмі ащы судай оңбаған,
Қанша жұтса ішкен кісі қанбаған.

Адам өзі құрғақ құмдай жалмайды,
Көздің сұғы көл – кеп құйса, толмайды.

Қарап тұрсаң: Дүние бір сағым-ды,
Қанша қусаң, ұстатпай-ақ қағынды.

Көзден ұшар сағымды сен аңсама,
Ел қашады қусаң дағы қаншама.

Оралмайды өткен өмір, өлген күн,
Болжауы жоқ, не береді келген күн.

Өр күніңді бос өткізбе қабынып,
Өлімге әзір боп тұр ылғи табынып.

Бұ дүние дәл осылай! Сәні не?
Бәрін айттым, түсініп ал мәніне!

Ғалымдармен араласуды үйретуі

Ғұламалардың білімі халықтың жолын нұрландырады. Оларды қатты жақсы көр және олар туралы құрметпен айт. Олардың білімі туралы аз емес, көп біл. Пайдалы және зиянды нәрселерді айыру арқылы дұрыс әрі таза жолды ұстанатындар – осылар. Мүмкіндігінше олардың білімін үйреніп, білімін біл. Оларға жақсылық жасап, көмектес. Оларға тіл тигізбе. Бұл – шын мәнінде ақиқат діннің тіректері. Дұрыс жолдың негізі – осыларды білу. Дүниеде ғалымдар болмаса, қанша ексең де, жерден ештеңе өндіре алмас еді. Олардың білімі халық үшін шырақ болды: шырақ түнде жанса, адам адаспайды. Оларға мал-мүлкіңнен үлес бер, тамақтандыр. Күлімсіреп қызмет ет, жылы сөздермен құрметке бөле. Оларға қатысты дөрекі сөздер қолданба, ұрыспа, олардан имен. Оларды тыңдап, біліміне қарай әрекет ет. Артынан олардың мінез-құлқы мен әрекеттері туралы өсек айтпа. Саған олардың білімі қажет. Олар адамдарды тура жолға салу арқылы ақиқатқа жетелейді. Оларды бір отар қойды бастар серке деп ойла, олар елді дұрыс жолға салады. Олармен қарым-қатынас орнатып, жақсы аралассаң, сен екі дүниеде де бақытты бола аласың.

Ғалымдармен араласуды үйретуі

Ғалымдар – тағы бір топ, дана аталған,
Білімі халық жолын нұрға малған.

Оларды қатты сыйлап, сөзін сүйгін,
Білімін аз-көп болсын ойға түйгін.

Қажетті керексізден кесіп тастар,
Туралық таза жолды шешіп, бастар.

Ойланып ілімді игер, үйрен білік,
Бал тілмен барлық істе қыл игілік.

Білімдар тірілтеді ақиқатты,
Негізін шын шарифат ұстар қатты.

Болмаса бұл әлемде ғалым дана,
Бітпес ед жерде жеміс қасақана.

Білім ол – шам-шырағы жұрттың күнде,
Жанып ап жаңылдырмас жеті түнде.

Сыйла сен ғалымдарды күліп тұрып,
Әкеліп ас пен суды, қол қусырып.

Беземе тілді бекер – болар қамшы,
Олардың дәрісі у ғой бір-ақ тамшы.

Тілді тый, нан-түз әкел шүлен етер,
Құрметтеп, ғалымдарды сыйла, көтер.

Ғалымды тыңда, тілмен амалдама,
Қылығын, қылған ісін жамандама.

Олардың ғылымы тек қолыңа ұстар,
Қаласаң ақиқаттың жолын нұсқар.

«Ғалымдар – қой ішінде серке», – десем,
Қой бастар жөнді жолмен ол – бір көсем.

Сыйлас бол ғалымдармен – еленесің,
Құтына қос Жалғанның бөленесің.

Бұлардан басқа топ бар, байқап қара:
Білімі әрбір топтың жеке-дара.

Емшілермен араласуды үйретуі

«Емші» дегенді өзімізге таныс дәрігерлер деп алайық. Дәрігерлер барлық ауруларды емдейді. Бұл адамдар саған әрдайым қажет. Күнделікті тіршілік бұл адамдарсыз жалғаса алмайды. Тірі болған соң барлық адамдар ауырып қалады. Дәрігерге жүгінсе, дәрігер сол ауруды дәрі-дәрмекпен емдейді. Адам үшін ауру – өлімнің серігі. Әрбір тірі адамға өлім бар. Дәрігерлерге мейірімді бол, оларды қасыңда ұста. Бұлар – қажетті адамдар, олардың құқықтарын қорға, ақысын жеме.

Емшілермен араласуды үйретуі

Бірі – олардың емшілер ғой бір қауым,
Емдейтұғын елдің ауру-сырқауын.

Керек олар – сіз аралас боларсыз,
Өмір ісі оңбас, сірә, оларсыз.

Өмір барда кісіні ауру дендейді,
Емші көрсе, дәрі беріп емдейді.

«Ауру» деген – өлімнің қол созғаны,
«Өлім» деген – бұл өмірдің тозғаны.

Ұста жақсы, жақын тұтып бақ тағын,
Керек бұлар, үлес-хақын сақтағын!

Диқандармен араласуды үйретуі

Диқандармен жақсы қарым-қатынас орнат. Сонда ішіп-жемің туралы алаңдамай өмір сүресің. Олар әркімге ішіп-жеудің рақатын береді. Барлық тіршілік иелері, аш пен тоқта, егіншілерге мұқтаж. Ей, ағайын, олармен жақсы қарым-қатынас орнатсаң, тамағың халал болады.

Дұрыс жолмен жүргің келсе, алдымен жегеннің халал екеніне көз жеткіз. Егер шынымен жақсы адам болғың келсе, жегенің халал болуы керек. Егер сен кедейліктен аулақ болып, әрқашан бай болғың келсе, ешқашан зина жасамауға тырыс. Абыройың биік болсын десең, ешқашан бұзақылыққа араласпа. Әр нәрсенің түп-төркіні мен мәнін бұзатын – жемқорлық. Әр жақсы ізді өшіретін – жемқорлық. Бақыт тапқан адам жемқорлыққа жақындамайды. Сыбайлас жемқорлыққа төзбе, оған жақындама. Жемқорлық бар жерде абыройсыздық бар.

Диқандардың қолы жомарт болады. Олар Алланың бергенін кең жүректерімен жұмсайды. Әрбір тіршілік иесі олардан өз үлесін алады. Жортқан да, ұшқан да ризығын табады. Оларға қосыл және диқандармен жақсы қарым-қатынас орнат. Оларға күлімсіреп, жылы сөйлес.

Диқандармен араласуды үйретуі

Тағы бір топ – басқалардан ерек-ті,
Ел – диқандар, айрықша бір керекті.

Сен бұлармен тіл табысып өтесің, –
Ас-тамақты қамтамасыз етесің.

Тірі жанға – түгел пайда бұлардан,
Бөріне олар ас-су, тамақ, болар нан.

Ашыққан ел, тойынған жан табылар, –
Бөрі де осы диқандарға табынар.

Бұлар Сізге аса керек, шүбәсіз,
Құлқын қамын ойласаңыз – ұғасыз!

Сен бұлармен көп қатысып, аралас,
Сонда болар таза тамақ, адал ас.

Диқандардың Құдай берген қолы ашық,
Пейілі кең, көңіліне жол ашық.

Тірі жанға диқандар ас-дәм болар,
Жүргенге – ас, ұшқандарға – дән болар.

Сен бұлармен бірге салғын ізіңді,
Тілді майда, ашық ұстап жүзіңді.

Кедейлермен араласуды үйретуі

Кедейлерге жақсылық жасап, мал-мүлкінмен көмектес, ішім-жем бер. Сонда олар саған дұға етеді. Ей, досым, бұл дұға – өте жақсы нәрсе: сенің өмірің мен тіршілігіңді жақсартады. Олардан сый-сияпат күтпе: кедей-кепшіктерге берген садақан үшін Алла саған жәннатты береді. Кедейлердің ісін шешкенде мейірімді бол, сонда бұл адамдардың барлығы сізге жақын болады. Осылайша дүниенің нығметіне де ие боласың, жақсы атақ аласың және атақ-даңқың күллі әлемге тарайды.

Кедейлермен араласуды үйретуі

Бір топ бар: кедей-кепшік, – оған дем бер,
Ұдайы жақсылық қыл, ішім-жем бер.

Арнайды саған олар дұға жайын,
Жақсы ғой дұға оқыған, ей, ағайын!

Олардан болмас төлем, мал алғанда,
Жаратқан қайтарады о жалғанда.

Әділ бол мейіріммен – бітсін ісі,
Болады сонда жақын барлық кісі.

Жар таңдау туралы

Үйленгің келсе, жақсы қыз ізде. Үйленетін адамыңның текті, отбасының жақсы, қарапайым, ниетінің таза екеніне көз жеткіз. Отбасынан басқаның қолы тимеген, сенен басқа еркек көрмеген қыз алуға тырыс. Ондай адам сені жақсы көреді және сенен басқа ешкімді білмейді. Егер үйленетін болсаң, өзіңнен төменге үйлен, өзіңнен жоғары отбасына жақындама, сонда сен оларға құлы болмайсың. Егер өзіңнен төменге үйленсең, өміріңді тыныштықта өткізесің. Болашақ жарыңнан бет сұлулығын іздеме, жақсы әдеттерін ізде. Оның мінез-құлқы жақсы болса, сыйластығың артады.

Үйленгісі келетіндер негізінен мынадай төрт түрлі әйелді ұнатады: біреуі бай әйелге үйленгісі келеді; екіншісі үйленетін әйелінің әдемі болғанын қалайды; үшіншісі шыққан тегі асыл болса дейді; төртіншісі парасатты, ақылды әйелге үйленгісі келеді. Мені тыңда, осылардың қайсысы жақсы екенін айтайын: бай әйелге үйленіп, өзіңді құл етпе. Байлығына сүйеніп, көп сөйлейді; көп нәрсені қалайды және сен оның барлық қалауын орындауыңа тура келеді. Әйелдерден сұлулықты іздеме, өте әдемі әйелге үйленбе. Өйткені барлық еркектер әдемі әйелдерді қалайды. Шыққан тегі асыл адамдар асқақ сөйлейді, оған да құл болма. Парасатты, ақылды әйелге үйленсең, барлық

сұлулыққа бірден ие боласың. Ондай әйел тапсаң, бұл мүмкіндікті жіберіп алмай, тез арада үйлен. Тілегің байлық болса, ақша жинап, сені байытады, өміріңді жақсартады. Адамгершілігі мол адам әдемі көрінеді. Әйел ақылды, таза болса, асылға айналады.

Жар таңдау туралы

Егер әйел алам десең үздігіп,
Таңда жөндеп өте жіті көз тігіп.

Тегі таза, құтты болсын тамыры,
Ұяты мол, инабаты һәм ірі.

Қол тимеген, болсын аттап шықпаған,
Сенен басқа еркек бар деп ұқпаған.

Сені сүйіп, сенен басқа іздемес,
Жаман қылық, жарамсыз іс істемес.

Әйел алсаң – ал өзіңнен төменді,
Биік алсаң, мінер: «Құл бол, – деп, – енді!»

«Ал әйелді – атағы жоқ жарқынды,
Махаббатпен өткізесің бар күнді.

Түсін емес, ісін ескер қылықты, –
Қылықты қыз күшейтеді қарқынды!».

Ей, адамзат, ердің ері болсаңдар,
Қатарыңды ал, егер әйел алсаңдар.

Мінезін айт, қарамай-ақ әріне,
Болса мінез – жарасады бәрі де.

Құр тоздырып нұрлы жүздің жылуын,
Іздей көрме көрікті қыз сұлуын.

Бұл әйелдер бөлінеді топқа төрт,
Соның бірін өзің таңдап алу серт:

Кей жақсылар бай қыздарға үздігер,
Кей біреулер көріктіге көз тігер.

Баз біреулер қарап шыққан түбіне,
«Тегі асыл» – деп мақтанады күбіне.

Енді біреу іздер қызды ақылды,
Таба қойса – тез үйленген мақұл-ды.

Ей, ақылдым, жар таңдаушы ұл болып,
Бай әйелге қалып қойма құл болып.

Байлық қуған әйел тілі ұзарар,
Мүлік жиып, «екі көзі қызарар».

Ей, жас жігіт, жар таңдаған біледі,
Құр сұлуды іздесең – жұрт күледі.

Бәрі сүйер «сұлу» – деп ел жақтаса,
Мейірімді Тәңір жебеп сақтаса.

«Текті әйелді іздеу» – десек мұныңды,
«Текті алам» – деп құртып алма құныңды.

Үстем сөйлер қолы ұзындар, тектілер,
Сен өзіңді құл етуді бек тілер.

Ізде, досым, ақылды әйел-парасат,
Соны тапсаң төрт құбылаң жарасад.

Тапсаң егер ақылды қыз көз жетіп,
Қапы қалмай, үйленіп ал тездетіп.

Ақылды әйел мал да жинар, өндірер,
Байып алып, өзіңе де өң кірер.

Пейілді әйел көрікті де, текті ғой,
«Әйел көркі – қылығында» – депті ғой!

Ойы таза болса әйелің – асыл жар,
Осы үшеуі бір-ақ жерде қосылар.

Есті әйелдің етек-жеңі кең келер,
Соны тіле: төрт құбылаң тең келер.

Дәл осындай әйел тапсаң – ардақты,
Соған тырыс – сол әкелер бар бақты!

Балаларды тәрбиелеу туралы

Ұл-қызың болса, өз үйінде оқыт, бұл істі басқаның қолына берме. Ұл-қызың пәк болып өссін, өмір жасы ұзақ болсын десең, жақсы, пәк әйел ал. Ұлың мен қызыңды білім мен әдептілікке үйрет, өйткені бұл оларға екі дүниеде де пайдалы болар еді. Ұлыңды үйлендір, қызыңды тұрмысқа бер. Сонда алаңсыз өмір сүресің. Ұлыңа барлық ізгі қасиеттерді жақсылап үйрет, ол болашақта осы қасиеттер арқылы бай болады. Балаңның тентектігіне жол берме, себебі ол өз еркімен қараусыз өссе, әр жаққа кетіп, ұятты боласың. Қызыңды тұрмысқа беруге асық және оны үйде ұзақ отырғызба, әйтпесе бұл өкініш сені ауру жетпей тұрып-ақ өлтіреді.

Балаларды тәрбиелеу туралы

Өзіңнен ұл-қыз туса, асыл бекзат,
Қолда өсір, ұстай көрме алыста жат.

Күтуші, жақсы болса тәрбиесі,
Баланың еркін өсер ақыл-есі.

Ұл-қызға әдеп үйрет, білім-өнер,
Көп көріп содан пайда кемелденер.

Қызды ұзат, ұлыңа бер құс қондырып,
Сүре бер қамсыз өмір, істі оңдырып.

Ұлыңа үйрет білім, барлық амал,
Сонымен ел жияды қазына-мал.

Ұлыңа, тек жүрмесін, ақылың қос,
Тек жүрсе – бейбастақ боп сандалар бос.

Қызыңды ерге бермей ұстама көп, –
Өлерсің ауырмай-ақ күстана боп.

Ағайын, кесіп айтар сөзім – ірі,
Қыз туса, кеткені жөн қалмай бірі.

Қыз берсе егер адам баласына,
Апарып сал өліктің моласына.

Өгдүлміш Одғұрмышқа қонаққа барудың жөн-жоралғысын түсіндіруі

Ауызашарға шақыратын адамдар көп болғаны сияқты, той-томалақтың да сан алуан түрі бар. Солардың бірі – үйлену тойы, келесісі – шілдехана немесе сүндет той. Сондай-ақ оларды досы, туысы немесе бауыры тойға шақырады. Адам қайтыс болғанда оған арнап ас беріледі. Тіпті біреу шен алса, басқаларға той ұйымдастырады. Осы тойлардың қайсысына бару, қайсысына бармау керек екенін білу керек. Егер достарға, таныстарға және бауырларға арналған той болса, ол жерге бару керек. Жақын көршің той жасап, шақырса, міндетті түрде бар. Олардың қуанышын бөліс. Өзіңді де қуанышқа бөле. Басқа тойларға шақырса, бармағаның дұрыс, барсаң, өзіңе орын таппай мазаң қашады. Бір тойған тамақ пен сусын үшін өзіңді масқара етпе.

Қандай той болса да, ас ішкенде барынша абай бол. Өзіңнен үлкендер тамақ іше бастағаннан кейін ғана қолыңды соз – бұл әдеп. Оң қолыңды тамаққа созып, «Бисмиллаһ» деп айт. Осылайша ризық-несібе көбейіп, һәм бай боласың. Өзгенің алдында тұрған тағамға қол созба, алдында не болса, соны алып же. Үстел басында пышақ алып, сүйекті кемірме. Тым ашкөз болма. Қанша тоқ болсаң да, ұсынатын тағамнан бас тартпа. Тамақ ішкенде аз-аздан тістеп, ұзақ шайнап же. Ыстық тағамды

ауызбен үрлеуге болмайды. Тамақтану кезінде адамдардың тыныштығын бұзба, мінез-құлқыңа назар аудар, әдеп сақта.

Асты өзіңе шақтап іш. Ауру астан келеді, тамағыңа абай бол.

***Өгдүлміш қонаққа барудың
жөн-жоралғысын түсіндіруі***

«Айтсам, – деді Өгдүлміш, – оларды,
Ей, туысқан, саған керек болар-ды.

Қонақтардың талай түрі бар сыйлы,
Болады ғой қонақасы әр қилы:

Келер қонақ – үйлену той міндет қой,
Шілдехана, болар тағы сүндет той.

Шақырады құрбы, туыс кісіні,
Алыс, жақын, үлкен я кішіні.

Аза тұтып, ас бергенде «Аһ!» ұрар,
Азан айтып, ат қойғанда шақырар.

Бұл орайда ас-су берер арнаулы,
Сен өзің біл оған бару, бармауды.

Дос-туысқан шақырса егер – ескергін,
Оған барып, дайындығын тексергін.

Бара қалсаң, қонақ болып үйге жат,
Ішіп-жейтін азды-көпті дәмнен тат.

Етсе қонақ көрші, таныс, жақының,
Я досың – міндеті Алла хақының.

Аулап көңіл бар, қонақта боларда
Өзің қуан, мәз боп қалсын олар да.

Сені арнайы қонақ қылса – барасың,
Мәз қыл оны ішіп-же де бар асын.

Қонақасы болмаса егер арнаған,
Дұрыс болар оған, сірә, бармаған.

Ұзақ болар, қысқа болар отырыс,
Ой қағажу көрмесе егер – со дұрыс.

Бір мас ұрыс шығарса – ауру боласың,
Сіңбегендей өн бойыңа бұл асың.

Бірақ тояр тамақ үшін сенгіштеп, –
Қой, түсірме қадіріңді сен күштеп.

Өз еркімен билей білген нәпсіні,
Біреу айтқан, тыңда – сөздің дәп шыны:

«Ең жаманы болма жұрттың ішінде,
Құлқын құлы болма нәпсің үшін де!

Көп көріп ем – қадірі асқан ер болған,
Тыя алмастан бұ нәпсісін жер болған.

Дегенде ерді «мәртебесі асты енді»,
Көрдім – нәпсі құл қылып, жер жастанды.

Көрдім байды – нәпсісінен шыға алмай,
Жұрдай болған, ол – қайыршы Шығайбай.

Болма тұтқын қу нәпсіге, құлқынға,
Құл боп алсаң – құтылу жоқ, жұлқынба!».

Қайда қонақ болсаң дағы – әдеттен:
Ас жеуді біл ізет сақтап әдеппен.

Әдет білмеу – зердесіздің ұпайы, –
Басы айналар кісі көрсе сыпайы.

Жасы үлкендер асқа қарай сұнса қол,
Сен содан соң ұсын қолды – тәлім сол.

Оң қолды сал, Алла атын айт тағы да,
Сонда адамның өсер байлық, бағы да.

Кісі алдында тұрған асқа қол созба,
Өз алдыңнан алып жесең – болды, озба.

Пышақ алып, сен сүйекті мұжыма,
Сен шыдамсыз, жеңілтек боп мыжыма.

Тоқ та болсаң қол сап отыр асқа да,
Адам асты қарап жейді басқаға.

Алған асты шайна ұсақ қып – бас тісті,
Ыстық асты үрлей берме асты-үсті.

Ас жегенде тартпа өзіңе табақты,
Бұзба кісі жарастығын, қабақты.

Мұндай адам, ол – әдепсіз, қор болар,
Басқа жұртқа көргенсіздер сор болар.

Бұл сөзді айтқан бір әдепті ер еді:
«Әдеп білсе, адам құрмет көреді!».

Әр нәрсенің жөн, әдеті, жолы бар,
Соны білген қуанышқа жолығар.

Жөн бұзуды қылықсыздар бастайды,
Олар ісі алға содан баспайды.

Салып қолды асыңды же тиесі,
Бір қуансын көріп үйдің иесі.

Еңбек етіп ас бергенді теп-тегін,
Еш қып оны, сірә, сыртқа теппегін.

Сергек кісі айтқан бір сөз ерен ғой,
Ойлап көрсең, мағынасы терең ғой:

«Кісі көңлі – нәзік шиша сияқты,
Ол сынады, қозғама сен бұяқты.

Көңіл қалса, болмайды ғой ойда дәм,
Үзіледі жақындық та, пайда һәм.

Жақын болсаң – көңілді күт үңіліп,
Көңіл қалса, кетер жақын түңіліп!».

Таңдап асты, көп жеме, біл әліңді,
Ақылды адам берген солай тәлімді:

«Көп жеп, біреу асты асайды, қылғиды,
Со бөле боп, ел ауырар ылғи да.

Ауру – астан, нәпсіні күт, аңдап ал,
Аздап іш те, асыңды да таңдап ал.

Жабысса ауру – кісі әлсірер, кері кетер,
Емдемесе – өлім оны тербетер!».

Айтқан емші өте жақсы нақылын,
«Жаман» дейтін кім бар оның ақылын:

«Ауру алғаш, бұл – өлімнің хабары,
Өлім сонда көрші қонар не бәрі.

Ауру – бөле, азап, өлім жаршысы,
Жақсы түк жоқ, бір өлім ғой табары!».

«Мен – адам!» – деп бұл адамзат туыпты,
Ажырата білсін ыстық, суықты.

Білсін жайын ас жеуді де, тоюды,
Жақпайтын ас жеуді білсін қоюды.

Ыстық артса, суық ішіп жеңілден,
Суық қысса, ыстық ішіп көңілден.

Өмірің – жаз: жігіт көңіл тасады,
Суық қолдан – қан қысымың басады.

Қырық жаста күз келер де ұлытар,
Ыстық қолдан тал бойыңды жылытар.

Алпыс жаста сығып алар қартты қыс,
Қолдан ыстық, қаш суықтан – артты қыс!

Шөлдеп, тоңсаң – су мен ыстық дайында,
Бұлар қарсы бір-біріне дайым да.

Су мен суық зиян етер, қасарар,
Құрғақ, ыстық затпен оны басар ер.

Күт осылай жөндеп ұстап бойыңды, –
Болар тыныш өмір, жаның, ойың да!

Одғұрмыштың патшаға берген кеңесі

Уа, патша, Алла саған барлық істе жәрдем берсін. Бұл опасыз дүниенің еш мәні жоқ, талай бектерді қартайтты, ал өзі қартаймайды. Бұл дүние сен сияқты талай бектерді жақсы көрді, ақыры олардан бас тартты: енді сені де елемейді. Оған сенбе және оған жүрегінді берме. Ол саған шынайы адалдық көрсетпейді, одан бас тарт.

Сенен бұрын әлемге үстемдік еткен бектер қайда кетті? Олардың күші мен даңқы қазір қайда? Бұл саған сабақ болсын, ойла. Сен де кететін күн жақын. Алдыңғы бектер үшін пайдалы болған нәрсені бүгін істе: ертең одан сауап аласың. Өлім төсегінде өкініштің қандай болса да, одан аулақ болып, тек жақсылықты ойла.

Уа, патша, сенен бұрын осы елді басқарған адам сенің әкең еді. Оның қазынасы, уәзірлері мен сарбаздары болды. Ақырында ажал жетіп, алып кетті. Оған үлкен атағы да көмектеспеді. Әкең қайтыс болып, арамыздан кетіп, өлімімен саған ақыл айтты. Ата-ананың қайтыс болуы – балаларға ескерту болып табылады. Мұны білгенің жөн. Ажал анаңды да, әкеңді де аямады. Уақыты келгенде сені де аяй ме? Оларды аямаған, қинаған мына дүние саған адал болып қала ма? Өмірді бағалап, қажетті істермен айналыс. Адамдарға жақсылық жаса және өзің үшін сауап жина.

Еліңде біреу бір түнде аш ұйықтаса, Алла ол үшін сені жауапқа тартады. Сондықтан көзіңді аш. Уа, әмірші, сен бүгін шырақтай жан, бірақ оның нұры басқалар үшін екенін ұмытпа. Ажал келіп, есік қағатын болса, ұлылық, хандығың осының бәрі осында қалады. Шыншыл бол және елге әділдікпен билік жүргіз.

Құдай сені бұл қызметке адалдық пен әділдік үшін тағайындады. Сондықтан шынайы бол және адалдықпен өмір сүр. Барлығын ақылмен істе, өзіңнің менмендігіңнің құлы болма. Барлық адамдарға мейірімді бол, үлкен мен кішіге әділдікпен үкім ет. Адамдардың мінез-құлқы өзгерсе, оны үнемі бақылап, адасуға жол берме.

Кішіпейіл бол, мақтанба. «Менің қызметшілерім мен сарбаздарым көп! Төкаппар болма. Ажал талай ержүрек, төкаппар адамдарды жерге көміп, топырағымен жауып үлгерді. Ол бір нәрсемен айналысады. Ашуланба, ашуыңды бақыла. Діннен басқа істерге асықпа. Асығыс жасалған жұмыстан пайда жоқ. Әр іс-әрекетте асықпа немесе сабырлы бол. Жомарттық танытып, халыққа дүние таратып, тамақтандыр. Егер бектер сараң болса, олар жаман атаққа ие болады. Бектер ренжітетін сөздер айтауы керек және өзін-өзі ұстауы керек. Жаман, дөрекі сөздер адамның жүрегін жаралайды. Барлығына жылы сөздер айт.

Жамандық – у, ол уды жұтпа. У жегеннің өміріне қауіпті. Айналаңа ақылды адамдарды

жина. Адал, салиқалы, ақкөңіл жандарды жаныңда ұстап, жұмысты соларға тапсыр.

Харамға қолыңды созба, харам жегеннің орны тозақтың түбінен орын табады. Барлық адамдарға мейірімді бол. Өзгеге жамандық тілеме, өз жолыңнан адаспа. Шарап ішпе, бұзақылыққа араласпа. Олардан алыс бол.

Одғұрмыштың патшаға берген кеңесі

Сұм Дүние өткінші ғой, – текті ерді,
Өзін емес, қартайтады бектерді.

Ол өткізді талай бекті сайын, дүр,
Енді сені өткізуге дайын тұр.

Шындап бұған көңіл қойма үңіліп,
Опа қылмас іс қой – қара түңіліп.

Неге керек менен үгіт келелі,
Бұ заманның үгіті дәл келеді.

Әлем билеп сенен бұрын өткендер,
Қайда айбыны, қайда солар кеткен жер?

Ойлан: қайда әкетті өмір сүргіні,
Сен де ұзамай барасың ғой бір күні.

Бектік тиіп, болып тұр ғой дегенің,
Дұрыс болар кетерге қам жегенің.

Неңдей нәрсе қылды пайда оларға,
Істе соны ертең жақсы боларға.

Олар неге өкінді екен өлерде,
Сен содан қаш: «Басыма сол келер», – де!

Бір білімді айтқан екен, құлақ түр,
Білімдінің сөзі жақұт, асыл дүр:

Өлік көрген тірі қалмас, тырыс та,
Сен дайындал – бар ісінді дұрыста.

Ей, бейхабар, келер өлім қадалып,
Өмір өтер – үлесінді қал алып.

Ей, арманның құлы, бір күн басталар, –
Сені алғалы өлім келіп бас салар.

Бұ күндерің, байқа, көрген түстей-ді,
Кетер өтіп, ойлан, қолға түспейді.

Бір жақсылық, сірә, қылған шығарсың,
Мәңгілік деп Құдайды онда ұғарсың.

Өмір босқа кетсе – дертті қозғарсың,
Күні-түні өкінішпен боздарсың.

Өмірді әркім тілегіне телмейді,
Жігіт жігер енді қайтып келмейді.

Бос отырма, бой ұр мына тәлімге,
Қыл ғибадат дайындалып өлімге!».

Патшам, бұ жайт сенен бұрын орнаған, –
Әкең бек боп, елге өкімін арнаған.

Әскер, жасақ, қазынасы мол жеткен,
Қанша жасап, мақсатына ол жеткен.

Ақыры өлім өз дегенін істеді,
Атақ, байлық оған ара түспеді.

Әкең өлді, қалдырыпты өсиет,
Ұқсаң соны ол – бір төтті қасиет.

Дәл осылай айтар, тыңда, мына сөз,
Пайдасы мол, біле білсең, бұл да – көз:

«Саған әкең айтыпты өлер шағында:
«Оян, ұлым, дені-басың сағында,

Маған жеткен өлім саған келеді,
Жақсы ат қалдыр еңбек ет те, шағынба!

Жеткен кезде әке, шеше қазасы,
Ұл, қызына өсиет қой азасы.

Ата-анаңды өлім алды – қарағын,
Кезі келсе, сені де алар, қарағым!

Жалған жапа жасады ғой бұларға,
Ол түзеліп, саған опа қылар ма!

Іске жұмса, сыйла өмірді қиыл да,
Елге үлестір, өзің алма, тыйыл да!

Өтер күндер, ал керегі – мәзірлік,
Сен де өтерсің – істей бергін әзірлік.

Сені қамап, аш бөрілер күтеді,
Қатты күзет – қойыңды олар түтеді.

Өзің жүктеп алдың елдің салмағын, –
Ояу отыр ойлап, қапы қалмағын.

Елде біреу аш жатса егер нәр татпай,
Ертең Құдай сенен сұрар бұлтартпай.

Ей, падишам, сен – бір жанған шырақ та,
Жарығы оның жұртқа түсер бірақ та.

Жасың жетсе – жұрт өзіңнен күседі,
Сонда жұрттан қандай пайда түседі?

Біреу үшін өзіңді отқа тастама,
Қараса жүр – басқаны да жасқама.

Ұлықтығың, биіктігің, бектігің,
Өлім келсе, тигізбейді септігін.

Болсаң әділ елге билік ұқтырар,
Бектік көп жыл аяғынан тік тұрар.

Білімді ұлық айтқан білім тарайды,
Сөзін іске асырғаның жарайды:

Бекітесің бек билігін, негізін,
Ұста жолын әділдіктің тек ізін.

Тағы әлемді билеу үшін дұрыстап,
Әділ бол да, осы жолды тұр ұстап.

«Бекпін!», – дей бер – сен кеудеңді кермегін,
Дәулет, байлық, дүниеге ермегін.

Бұ Дүние бақытына бірақ Сіз,
Иланбаңыз – қылығы оның тұрақсыз!».

Ей, падиша, ордаң, орын, Сарайың –
Тек баспана келген саған орайы.

Мұнда түсіп бұрынғылар өтіпті,
Жұрт ұйықтап, көшіпті де кетіпті.

Ордаң енді тиді саған жалғасып,
Алдын ала жібер көшті жолға сап.

Қорған, сарай салма бүгін тас қалап,
Жылжыған жыл жетер бір күн баспалап.

Жатар жерің белгілі ғой – ойлап ал,
Осы орынды әдемілеп сайлап ал.

Бүгін «Сарай менікі!» – деп шайқасаң,
Бұл ақылды іс емес-ау, байқасаң!

Айтқан біреу бұ Сарайдың шындығын,
Назар салып, ей, батырым, сынды ұғын:

«Сен «менікі!» дерсің Сарай, бұл үйді,
Қалай айтып, қалай ішің жылиды?

Саған сенен кейінгілер: «Шық!» дейді, –
Кезек күтіп, «Менікі!» деп ұлиды!».

Дүниенің өзі түнек болады,
Түнек іші қасіретке толады.

Бұ түнекте қуаныш аз тым-ақ та, –
Қуаныш та, жұбаныш та жұмақта.

Мұнда рахат, қуаныш та болар-ды –
Бәрі – өткінші, тиянақ жоқ оларда!

Мұнда дәулет тұрақтамай қашады,
Жиған-терген бар нәрсені шашады.

О Дүние – бақи орын, ой таста,
Бұ Жалғанның нәрселерін қой, таста!

Қам жаса сен тыныштыққа еңбекке,
Мәңгі тыныш өмір келер еңбекте.

Бұ Құдайдың мейірімін еске алсаң,
Көп қылды ғой жақсылығын – көз салсаң.

Ел үстінде ұзын қылды қолыңды,
Тіл де берді, оңдады ғой жолыңды.

Жан-тәні бар сендей құлдар толып жүр,
Құдай қылды – сенен сорлы болып жүр.

Сен осыған шүкір қыл да, ей, ерім,
Қыл Құдайдың құлдарына мейірім.

«Бол деп әділ» жебеді Алла әмірі,
Енді әділ бол өзің – биік һәм ірі.

Әрбір іске құр ақылдың өрмегін,
Ойды оятып, нәпсіге тек ермегін.

Бар халыққа мейірім төк, «сен!» – деспе,
Үлкен, кіші, қатарыңа – теңдеске.

Сөзін мұндай білімдінің танып ал,
Әр ісіңді біліміне жанып ал:

Әр күн сайын болсын десең жақсылық,
Өзің жақсы бола біл, ей, жақсы ұлық!

Ел тазартам десең одан жалықпа,
Болсаң таза – тазарады халық та.

Бектер – бас ол, бастар қайда бастайды,
Ерген елі со бастардан аспайды.

Ел бұзылса – бек түзейді меңгеріп,
Бек бұзылса – кім түзейді дем беріп?

Құлық түзу, қылық тура ұстасаң,
Ел түзелер, тыныш жүріп, қыспасаң.

Сен қаласаң жарамды істі – сұра да,
Іске барма жарамайтын сірә да.

Дау-шар, пасық іс істеме бос қылып,
Жүзді қара қылады бұл қос қылық.

Жаман нәрсе тілемесең басыңа,
Жаман істің, сірә, барма қасына.

Шарап ішпе «қызық қуған» дегізбей,
Бұл екеуі – өткелі жоқ теңіздей.

Мінез-құлық таза болсын, қол – берік,
Кеңесші – ақыл, білімді қыл жолсерік.

Ой-тіліңді тура тұтып бақ тағын,
Тайма жолдан, сен өзіңді сақтағын.

Кекірейме, бос көңілге ермегін,
«Әскер – қолым көп!», – деп кеуде кермегін.

Қанша батыр, кеуде керіп шыққанды,
Өлім келіп, жер астына тыққан-ды!».

Жақсы айтыпты – білімдіге бас ұрғын,
Сөзін іске білімдінің асырғын:

«Сен көкіме қазынаңды көргенде, ер,
Әскер, жасақ, малың түтеп өргенде, ер.

Бір шыбынға билік қыла алмаған,
Күшке мәз боп, көкірегін кергендер!».

Іске жығыл, сен ашуға баспағын,
Ашу келсе – ұста өзіңді, аспағын.

Істе асықпа діннің ісі болмаса,
Пайдасы жоқ, асыққан іс – далбаса.

Сыйлық берсең – асығып бер, қымтылма,
Жаза берсең – келтек ала ұмтылма.

Сөз бен істе сен жеңілтек болмағын,
Сабыр етсең, абзал адам – сол дағын.

Сақи бол да, елге үлестір – тек бергін,
Сараң болсаң – атына кір бектердің.

Сөйлеме ірі, биязылық – мінезде,
Ірі сөзден көңіл қайтар лезде.

Бар адамға жылы сөйле, қарағым,
Қабақ ашып, жылы жүзбен қарағын.

Ел ішінде таңдаулы жан, сарасың,
Тіл, көңілдің ұста жөндеп арасын.

Жақсы болса қара қауым бұ халық,
«Жақсылығы – өзі үшін» деп ұғалық.

Сен – тәуіпсің, патшам, ауру бағатын,
Барша халық келіп мұңын шағатын.

Бірі – әлсіреп, зорға қалған көтерем,
Бірі сұрар кедейлікке етер ем.

Кей жалаңаш, кейбірі аштан құлайды,
Енді біреу қайғы қысып жылайды.

Мұның бәрін сен емдегін жол тауып,
Емі – сенде, дәрісін бер, бол тәуіп.

Ем-дом тауып, сен бермесең қол ұшын,
Жұт боласың өмір үшін, ел үшін.

Ертең Құдай сенен сұрар сауабын,
Атың қалар – бүгін ізде жауабын.

Өмір өтер, бектік жасай береді,
Саған сонда қандай атақ ереді?

Бұ Дүние бір егінжай жер еді,
Ексең нені – қолың соны тереді.

Езгілік ек, ізгілік қыл, бол ашық,
Сонда бақи жақсылықтың жолы ашық.

Ел бастаушы дана айтыпты – ол білген,
Бектің ісін біледі ғой жол білген:

«Ей, халыққа болатын ер ұлы бек,
Тіл, көңілді кішік ұста, жылы тек!

Бас болатын, ей, қолы ұзын асқағым,
Барлық істі білімменен бастағын.

Әрбір істе білімге бер ерікті,
Сол біліммен істелген іс көрікті.

Бұ Дүние көшетұғын көш дейді,
Езгілік қыл – жоғалмайды, өшпейді.

Туған – өлер, Жалған қалар, датталар,
Жаман, жақсы болса дағы ат қалар.

Сен жуыма – күйдіреді көр надан,
Жақсы атымен із қалдырар ер адам!».

Қыл әрекет, сергек отыр – аңсызға,
Бәле келіп ұрынады қамсызға.

Бектік түбі – бұ сақтықтың сабасы,
О Жалғанда сен осыдан табасың.

Сен алаңсыз болсаң – бектік құлайды,
Екі өмірде алаңсыздар жылайды.

Жау көбейтпе, қандап алма қол ұшын, –
Сен ұлисың жан шыққан соң ол үшін.

Қаш арамнан – берік бол да жанықпа,
Арам жесе – оның орны тамұқта.

Жұртты сүйіп өзің өле жаздағын,
Кісіге өсте зиян ойлап азбағын.

Қаш керістен, татып алма шарапты, –
Екеуінен орда, қорған харап-ты.

Ей, падишам, қылыш, қамшы иесі,
Қамшы азабы – жамандарға тиесі.

Елдің ішін жаман жұрттан тазала,
Сен қамшыны мықтап ұста – жазала!

Патша жаман болғанда өмір азады,
Ел бүлінер ол бермесе жазаны.

Жақсылық ет, жақсыларды құрметтей,
Сонда халық жақсы болар бір беткей.

Күлкіге ерме, ұста өзіңді қаз-қалып,
Қызық қума, күнің тұр ғой аз қалып.

Қыл әділет, тек әділет ұқтырар,
Бектік деген әділетпен тік тұрар.

Қыл hareket күшің әзір жеткенде,
Сен кешірім сұра бекер еткенде.

Тыңда, айтыпты ел басшысы байыпты,
Әділетпен елге атағын жайыпты:

«Істе жұмыс, ей, бек, болсын ой-талап,
Әділет қыл, ел алдына қой талап.

Қате қылсаң – дереу сұра кешірім,
Әр нәрседе тәуба қып жүр қайталап!».

Көп жинама алтын, күміс, қазына,
Елге тарат, қарама оның азына.

Өлім келсе, қалар малың-қыжылың,
Жаман іске жұмсар оны қыз-ұлың.

Мал-дүние бер ағыңнан жарылып,
Құтыл есеп-қисабынан арылып.

Халық бегі айтыпты бір нақылды,
Ел ұлығы өзге жұрттан ақылды:

«Ей, қазына жинаушы, сал зейінге,
Кел, қалдырма қазынаны кейінге.

Есеп алар, бұл рақат өзгерер,
Үлес тимей, бітер саған дейін де!».

Ей, байыған, байлық жидың – ол қайда,
Жоқ қыл оны – о Жалғанда сол пайда.

Ей, бек болған, жанды алқымнан алғанда,
Бектікті құрт, орның – анау Жалғанда.

Ей, көзі сұқ, ұзақ ойлап шаршама,
Өлім келмей – барыңды бер баршаға.

Өлім келсе – пайда қылмас арманың,
Дәмі кетер қалғаннан соң бар малың!».

Аз же, патша, ғибадатты жаса көп,
Аз сөйле де, білімді үйрен баса кеп.

Көз сал жетім, тұл, кедейге – әділ ет,
Қарайлассаң, соның болар әділет.

Өсек айтса, жақын тұтпа қол ұстап,
Төмен адам жүрсін сенен алыстап.

Біл зиянын мұндай жұрттың таудай деп,
«Жау» деп сана зиянкесті, жаудай деп.

Сұғы адамның – елге келген бүліктей,
Тыныш елді бұзар алакүліктей.

Сен тамұқтан өзіңді алыс, әрі әкет,
Сақтар Құдай: қыл езгілік, қарекет.

Езгі болсын бұ күндердің бәрі де,
Келер күнің, түнің... одан әрі де.

Айтқан мұны білімді, әділ кісі еді,
Қылған ісің ылғи хатқа түседі:

«Бұ күндердің бересің ғой жауабын,
О жағын да ойлан, істе сауабын.

Ілмей кірпік ояу отыр, қалғыма,
Бәрін ұмыт, қыл ертеңнің тауабын!».

Дін жолы мен Жалған жолы – екі айыр,
Бұл екеуі жанаспайды – не қайыр!

«Дін, Дүние – бірікпейтін іс», – дейді,
Екеуінің, білсең, басы піспейді.

Басын қосып ұстау қиын ондайды, –
Екі жолды бір ұстаған оңбайды.

Жел мен жаңбыр – бұ Дүние дүркіреп,
Ілезде өшер сатыр-күтір күркіреп.

Құт қаптайды есігіңе қас қағып,
Көңіл берсең, бәрін істер басқа қып:

Кедей етер – байысаң бір ердей қып,
Қадір өссе – көрсетеді жердей қып.

Бұ дүние тоқтығы – аштық зәрезап,
Қуанышы, рақаты – бәрі азап.

Бұ нәпсімен күрес, оған ермегін,
Тілегін де, тәттісін де бермегін.

Ең жаман жау – нәпсі арыңнан айырап,
Жақсылықты жамандық қып қайырап.

Опа қылсаң – дайын тұрар жапасы,
Жапа қылсаң – тап келеді опасы.

Тый нәпсіні – құның сонда білінбек,
Болар сонда ақылың – хан, білім – бек.

Нәпсі, Жалған – адамның жау, соры бұл,
Екі жаудың құрулы тұр торы бұл.

«Құт келді!», – деп құтырмағын сен тегін,
Тіршіліктен түңіл, артық сенбегін.

Ұлылық та, биіктік те көшеді,
Барша бақыт оты бір күн өшеді.

Тегі асылым! Қандай сөз бар – тыңдағын,
Мейірімін түсін, мойынсұн дағын:

«Көтерме иық, сақта бектік сабасын,
Кеуде керме, сақта сақтық тобасын.

Дүниені «сыпырынды» деп сана, –
О Жалғаннан жөнді ризық табасың!».

Ей, падишам, тиек етіп тілге енді,
Айтып бердім түсінгенді, білгенді.

Айтқан екен бір ақылды ең есті,
Тыңдап алсаң – берер үгіт-кеңесті:

«Бұ насихат – пайдалы, ойға баласа,
Оны айтып бер зейін қойса ол аса.

Айтқаныңды шайнап жұта білмесе,
Араласпа, – отқа түссін қаласа!».

Әділдікке – әділдік, адамдыққа – адамдық көрсету

Дүние жаратылғаннан бері өмірдің бір заңы мен жазылмаған қағидасы бар: ол – адамзатқа адамдық таныту. Адамдар жақсылыққа жақсылық жасайды, бір жақсылыққа он жақсылықпен қайтарылуы керек. Кімнің тегі әкеден таза болса, елге жақсылық, пайда әкеледі.

Енді әміршінің игілігі үшін еңбек ет, одан тамақ, киім-кешек сияқты көптеген нығметтерді алдың. Әмірші сенің бойыңдағы ізгі қасиеттердің, білім мен ақылыңның жетілуіне себепші болды, сондықтан да саған барлық есіктер ашылды. Саған атақ-дәреже берді, сені басқадан биік етті: жақсылық есігін ашты. Осы жақсылықтарды ұмыттың ба?

Ей, бауырым, мен қатты айттым. Маған ашуланба, көңілің түспесін. Шындықты есту әрқашанда ауыр, ол жүректі сыздатады. Егер біреу саған шындықты айтса, оған ашуланба. Оған қатал болма. Оның саған пайдасы тиеді.

Әкең жас кезінде қайтыс болды. Ол кезде өмірлік тәжірибең жоқ еді. Әмірші сені қабылдап, өсірді, үйретті. Сондықтан қазір маңызды адамдардың қатарындасың. Игілік пен жақсылыққа жеттің. Есімің елге жайылып, даңқың шықты. Енді осының бәріне қарамастан, билеушінің дұшпанындай одан бет бұру саған лайық па? Егер сен оған пайдалы

бола алатын уақытта одан қашсаң, сен оны ренжітесің. Өмірші саған неше түрлі жақсылық жасады; мұның қайтарымы болу керек емес пе?

Қайырымдылық жасаған адам – халықтың ең жақсысы және таңдаулысы. Сондықтан өмірші үшін жан мен тәніңді де құрбан ет. Ұйықтап жатпа, күні-түні оның қызметінде бол.

Кімнің нанын жесең, соның жұмысын істе, сонда жеген нан саған сіңімді болады. Бар тілегіңді тауып, ізгі жолға түстің, бүгін сен де мейіріміңмен оған пайдалы бола аласың.

***Әділдікке – әділдік,
адамдыққа – адамдық көрсету***

«Бұл бір ақыл, тағы бірін тыңдасаң,
Айтам – ұғып, зерделеуден тынбасаң.

Аңдай алмай, ұмыттың ба – сезбедің,
Бұл істі істеп қандай пайда көздедің?

Адал ердің, ей, ғазиз жан, білесің,
Көп айтылған мақтау сөз ғой үлесі.

Заң, тәртіпті мойындаса ел, кісі,
Ол – адамның кісілік қой белгісі.

«Жақсылыққа – жақсылық» деп айтады,
Бір жақсылық он есе боп қайтады.

Таза болса атасынан негізгі,
Пайда келер елге содан тек ізгі.

Ұрлап әйел құйдырса нәр беліне,
Ұл туады одан жұт боп еліне.

Сен патшаның байқа істерін, тиімін,
Көрдің сыйын, дәм-тұз, берген киімін.

Ақыл, білім сен үйрендің – жебеді,
Ашылды есік патша болып себебі.

Бұ жақсылық ұмыттың ба сауабын? –
Ей, ақкөңіл, қайтар соның жауабын.

Ей, туысқан, айттым ірі, саралап,
Болма қапа жүрегінді жаралап.

Шын сөз – ащы, ірі айтылып жанды жер,
Ұға білсең – пайдасы бар «дәмді» дер.

Ірі сөзге ашуланба, алайда,
Бұ тура сөз ірі болар қалай да.

Меңзеп бұған айтатұғын дер кезім
Келді тыңда, кермиығым, кербезім:

Ірі келер шын сөз, сірә, пайымда,
Қуанарсың көріп пайда дәйім да.

Шын сөз – ащы, жанға қатты батады,
Басқа жол жоқ айтсақ шын сөз жайында!».

Сен жас бала ең әкең марқұм өлерде,
Ашылмаған бетің білім, өнерде.

Патша сені жеткізді алып жанына,
Содан енді қосылдың жұрт санына.

Құлдар, күндер, жер-су, малдың несібін,
Берді патша ашып байлық есігін.

Жетті қолың бар байлық пен дәулетке,
Атын шығып кетті ел-жұрт, әулетке.

Жараса ма енді өскенде таудай боп,
Жүз үйірсең со патшаға жаудай боп.

Пайдаң тиер кезде қашып шеттесең,
Оның көңлі жүдер опа етпесең.

Бар жақсылық қылды салып бар ынта,
Қайтаруың керек енді қарымта.

Көрген кісі сені мақтар ырза боп,
Ел ішіне атың шығар «мырза» боп.

Не дер – тыңда, «жақсы» атанған ол кісі,
Кісілік қой нағыз адам белгісі:

«Қыл кісілік, кең болғаның қолайлы,
Кісіліктің жолы, сірә, солай-ды.

Кісі бол да, кісілік қыл халыққа,
Кісі деген атақ ап ал, жалықпа!».

Патша қылды жақсылығын мыңдаған,
Қайтарымын әзір ету – сын саған.

Қайтарым іс жасайды ердің сарасы,
Жақсылардың ол – танымал парасы.

Сен қаршадай надан едің – еледі,
Демеп сені, қолдап, құтқа бөледі.

Жан-төніңді оған енді құрбан қыл,
Күні-түні бір мызғымай тырбаң қыл.

«Жақсылыққа жақсылық қыл!» – айтарым,
Бір Жасаған жасар саған қайтарым.

Депті біреу кісілікті шыңдаған,
Ей, жарқыным, жөн-ау соны тыңдаған:

«Асын жесең – ісін істе қасында,
Болар адал сонда жеген асың да.

Нан мен тұздың хақын білген адамдар
Ас бергенге құрбан етер басын да!».

Бар тілекке жеттің кұрып базарды,
Енді, бұ күн аудар соған назарды.

Сен орандың үлде менен бұлдеге,
Күндеушілер қызығады – бұл неге!

Патшаға сен жақсы ат әпер, ал бірақ,
Дұшпан күйсін, жат иығы салбырап.

Түмен арман, байлыққа жан тойынды,
Бұқадай боп күдірейттің мойынды.

Жұмса күшті патша ісіне бүрсеңдеп,
Жұрт оқысын бар дұғасын: «Бір сен» – деп.

Бай да болдың – бар дәулеттің қорғаны,
Арғымақ ат, міндің тұлпар, жорғаны.

Бәрін жұмса ойлап патша пайдасын, –
Бар тілегі болсын, жүзі жайнасын.

Жаны тынып, патша мінсін тағына,
Жер боп жауы, шексін азап тағы да!

Қол ұзартып, үстем қылды сөзіңді,
Қас пен досқа ашты сенің көзіңді.

Ей, ізгі дос, оқып дұға тынбағын,
Жасап ұзақ, аса берсін тым бағың!

Кісі асылы жақсылық қып о тағы,
Мәңгі-бақи сақталады атағы.

Арабша бір сөз бар жанды жанитын,
Кісі асылын жазбай біліп танитын:

«Кісі қандай – қылығы да сондай-ды,
«Болмыс» деген со қылықты сомдайды.

Болмысы оңса, қылығы да жөн болар,
Ол оңбаса, қылығы да оңбайды».

Патша кенет бөтен қылық көрсетсе,
Айтып ақыл, түзеп отыр, ерсі етсе.

Бар жақсылық іске патша бас болды,
Сен шет қалма, бос қусырып қос қолды.

Сеніп өзің келгеннен соң тілге енді,
Түгел айтып бердім өзім білгенді.

Сен білгенді, мен айтқанды ойға асар,
Көр, салыстыр – іс орнына жайғасар!».

Айтты Өгдүлміш мәз боп еріп жүрегі:
«Осы дұрыс, кісіліктің тірегі!

Өте жақсы айттың сөзді иінді,
Шешіп бердің шиеленген түйінді.

Бұ сөз мәні қараңғы еді, перделі,
Ашып айттың ұғатын қып зерделі.

Енді бітсін арыз, арман, тілегім,
Бір Жаратқан болсын арқа – тірегім.

Сақтап Ием түзу етсін құлықты,
Тура жолға бағыштасын қылықты.

Сен дұғанда мені ұмытпай жүргейсің.
Сүйтіп жар бер – мен сенетін дүрдейсің!».

Түрегеліп, сонда сөзін кесіпті,
«Қош!» – деп, атқа іздеп қонды нәсіпті.

Түсті келіп, кірді үйіне, керілді,
Ас-су ішіп, демін алды, серілді.

Аспан төніп, күн қабағын түйінді,
Тұл әйелдей қара киім киінді.

Күн өрілген қара шашын жаяды,
Бар әлемді сусар түске бояды.

Салып төсек, тыныш тауып, жатты бір,
Тәтті ұйқымен рақатқа батты бір.

Ол оянды, көтеріп ап басты бір,
Аспан қыздың күлкісіндей шашты нұр.

Күн де шықты, түзеп әлем санатын,
Жазғандай боп сұлу аққу қанатын.

Тез Өгдүлміш тұрып кетті, таң да атты,
Ол жуынып, намаз оқып, дәм татты.

Атқа мініп, Сарайға кеп, түсті де,
Кірді тура патшасының үстіне.

Одғұрмышты сұрап патша саумалап,
Айтты: «Тыныш, көңілі хош, сау ма? – деп.

Оқып дұға, еске мені ала ма?
Дұға Алладан, сақтар, кетпес далаға.

Дұға үйретер жақсылық пен ізгіні,
Онда – мәңгі жұмақтың да тізгіні.

«Дұға» деген – бір ізгілік іс еді,
Онсыз аспан жер астына түседі».

Одғұрмыш Өгдүлмішке түс көргенін айтуы

Түсімде баспалдақ көрдім, оның елу сатысы бар еді. Баспалдақ биік және қорқынышты болды. Мен осы баспалдақтармен жоғары көтерілдім, әр қадамымды бір-бірлеп, соңына дейін қанша саты бар екенін санадым. Соңғы қадамда бір салт атты маған су берді. Оны алып, шөлімді қандырдым да, көкке көтеріліп, көзден ғайып болдым.

Одғұрмыш Өгдүлмішке түс көргенін айтуы

Берді жауап Одғұрмыш кең ілімді,
«Сөйлейін, тыңда қойып көңіліңді:

Түсіме бір басқыштың қатысы бар,
Өзі тік, елу оның сатысы бар.

Өрмелеп барады екем ана жаққа,
Басқыштың баспалдағын санамаққа.

Басында атты адаммен қауышыппын,
Су берді ол – қанып ішіп тауысыппын.

Содан соң ұштым көкке ерінбестен,
Ауаға кеттім сіңіп көрінбестен!».

Өгдүлмiштiң Одгұрмыштың түсiн жоруы

Бұл түс – өте жақсы және әдемі түс. Барлық түсте биікке көтерілу «биік мәртебеге ие болу» дегенді білдіреді. Адам көтерілген сайын абыройы артады. Адам түсінде биікке көтерілген сайын оның мәртебесі мен жағдайы жоғарылайды. Оның бақыты баспалдақпен көтерілгендей көтеріледі. Түсінде баспалдақ көру «ұлылықты» білдіреді. Адам жоғарлаған сайын, әр басқан сайын беделге ие болады. Биікке көтерілген сайын құрметке бөленіп, бақыттан, ырыс пен дүниелік байлықтан өз үлесін алады. Тостағандағы суды ішу сенің өте ұзақ өмір сүретініңді білдіреді. Аспанға ұшып, биік белестерге жетесің. Бұл Құдай сенің барлық тілектеріңді орындайтынын білдіреді.

Өгдүлмiштiң Одгұрмыштың түсiн жоруы

Өгдүлмiш айтты: «Қызық іс екен, – деп,
Пайдасы өте жақсы түс екен, – деп.

Жүрмесін жөнсіз ойға көңілің ауып,
Жоруға болады ғой инін тауып.

Түсінде көтерілсең, бұ қылығың –
Көретін құрметің мен ұлылығың.

Қаншама көтерілсең көкке жедел,
Бақ-дәулет, көтерілер сонша бедел.

Сатымен өрмелесең – сол үшін де,
Ұлы атың жайылады ел ішінде.

Жорушы түсті жақсы байыптаған,
Айтыпты дәлел сөзді сайып соған:

Сатымен көтеріле жөнелгенің,
Бір-бірлеп көп құрметке бөленгенің,

Кім қанша көтерілсе – сонша құрмет,
Құт-дәулет, бар байлыққа кенелгенің!».

Ыдыстан су ішкенің тоғарылып, –
Жұлдызың кетеді екен жоғарылап.

Көкке өрлеп, аспанға ұшып жағаласаң, –
Тәңірім береді екен не қаласаң!».

Одғұрмыштың өз түсін жоруы

– Әй, досым, түс жоруың меніңше қате. Бұл түсті сен көрген болсаң мағынасы өзің айтқандай болар еді. Сенің талпыныстарың әрқашан осы әлеммен байланысты. Кім нені қаласа, соны алады. Мен болсам бұл дүниені тастап кеттім, осында қиыншылықты мойныма алып, өмір сүріп жатырмын. Сен менің түсімді толық түсінбедің. Тыңда, бұл түсімді өзім жориын.

Мен биік баспалдақты өмір ретінде көретін қадамдармен түсіндіремін. Баспалдақтың басына көтерілуім – өмірімнің аяқталуы. Баспалдақтың басына шығып, сол салт аттының берген суын іштім. Салт атты – ол менің әкем. Ыдыстағы су – «өмір». Судың жартысын ішіп, жартысын қалдырсам, жарты өмірі әлі алда болар еді. Ал мен ыдыстағы суды түгел ішіп, өмірімді аяқтадым.

Көк аспанға ұшып, ғайып болғаным, енді қайтып оралмайтынымды, енді өлімге дайындалуым керек екенін ескертті. Сен менің көңілімді жұбатқың келеді. Бірақ өлім мені қуып жетті және оған қарсы тұрар ешбір амал да, құтылу да жоқ.

Одғұрмыштың өз түсін жоруы

«Ой болса, – деді Одғұрмыш, – торығаның,
Түсімді бұлай емес жорығаның.

Бұ түсті жатып алып көрсең өзің,
Жоруың солай шығар, жақсы сөзің.

Сен үшін қымбат нәрсе – дүние-мал,
Со болса тілегенің, қалауыңды ал.

Тәрк қып дүниені қашып, шөгіп,
Жатырмын осы жерде азап шегіп.

Жорыдың түсті шала алдың дағын,
Бұ түсті мен жориын, ал, тыңдағын!».

«Жүргенім саты өрмелеп бағаналы,
Тіршілік таусылмапты маған әлі.

Сатының басына өрлеп жеткендігім,
Көрсетер бұ тіршілік өткендігін.

Салт атты көтеріліп келді маған,
Су берді, іштім алып, болды ұнаған.

Әкесі бар адамның ол атты адам
Әкесін жоқ қылуды қолайттаған.

Болды ғой су ішкенім қалағаның,
«Осы – деп – ұзақ өмір» балағаның.

Рас ол, су – өмірдің жорамалы,
Ішкенім түк қалдырмай – жарамады.

Ішілмей жартысынан су қалғанда –
Қалар ед жарты өмірім бұ Жалғанда

Ішкенім суды түгел – есем боп тұр,
Тауыстым өмірімді, есен боп тұр.

Жоғары көтеріліп көкке жетсем,
Аспанға араласып сіңіп кетсем,

Көрінді ол жан шыққанның жорымына,
Ол кетті оралмайтын орынына.

Түсімде аян берді маған Құдай,
Өлімге дайындалам енді құлай.

Осылай жору керек – емес басқа,
Жорыдың сен басқаша, ойлап босқа.

Көңілді сен жұбаттың ең әрісі,
Келді өлім – жоқ қой оның ем-дәрісі!

Құмару Өгдүлмішке Одғұрмыштың қайтыс болғанын естіртуі

Одғұрмыштың қызметшісі Құмару Өгдүлмішті көзіне жас алып қарсы алды. Ол оған жақындап:

– Ей, бауырым, жүрегің ауырмасын, сабыр ет. Алла сабыр берсін. Ағаң өмірден өтіп, бұл дүниеден кетті. Сізге Алла денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін. Енді жылай бермей, шыдамды бол. Өзіңді ұста: тірілер үшін өлімнен басқа жол жоқ. Дүниеге келген әрбір адам өледі, дүниеде қожа, қызметші, пайғамбар қалмайды. Бұл өлім бізге алдын ала жазылған: өлімге қарсы ем жоқ.

Мұны естіген Өгдүлміш мұңын шағып, жоқтап, көзіне жас алды.

Билеушінің Өгдүлмішке көңіл айтуы

Әмірші Одғұрмыштың қайтыс болғанын естігенде, Өгдүлмішке келіп: «Одғұрмышқа Алла разы болсын, барлық күнәларын кешірсін», – деп көңіл айтады. Бұл жағдайда тірілерге Алла сабыр берсін. Ал мәйітке Алла сауаптан жазсын, тозақтан сақтасын.

Ағаңның басына түскен жағдай Алланың қалауымен. Өзіңе қамқор болып, өзіңді сақта. Неге езіліп, жылайсың? Бұлай істеу саған жараспайды. Бауырыңа келген Алланың үкімі – қазаға мойынсұн. Алланың қалауымен жоғары

көтерілген төмендейді, төменнен көтеріледі, ал алатын нәрсесін алады. Ағаңның өлімі саған сабақ болсын. Сен сабырлы бол. Өлімге куә болғандар мен аман қалғандар осыдан сабақ алуы керек».

Билеушінің Өгдүлмішке көңіл айтуы

Жарылқап Одғұрмышты жалғыз Алла,
Кешірсін бар күнәсін алда-жалда!

Тәңірі медет берсе оған һәман,
Тамұқтан, Құдай сақтап, болсын аман.

Есікті тас бекітіп кестің жолды,
Сөз тоқтап, жүз жасырып – о не болды?

Жарамас мұндай қылық, көңіл қосы,
Жүрмейді зерделі адам жолмен осы.

Айт маған мұндай күшті көрсеткен кім,
Өштесіп, өкпелетіп ерсі еткен кім?

Құдайдың бұйрығы ғой осы қаза,
Пейліңді түзеп енді, ұста таза.

Сен неге еңірейсің жылап-ұлып,
Жақсы емес бұ қылықты қой жоқ қылып.

Туса – өліп, өскен – құлап шынығады,
Берсе – алып, жүрсе – жатып тынығады.

Ғибрат бұл өлім де сендей ерге,
Сабыр ет жақсылығы кез келерге.

Тірілер тіршілікте өріп жүріп,
Ойланар өлгендерді көріп жүріп.

Өлгеннің сабағы бар: «Қара маған,
Бұл өлім мені тұтқан келер саған!».

Осыған меңзеп айтқан бөйітті оқы,
Көңілге жақсылап бір оны тоқы:

«Өлді ғой бұрын да адам мыңдап-мыңдап,
Олар да кеңес айтар алсаң тыңдап:

«Өткіздім бос өмірді сайран салып, –
Тұтты өлім, келер саған бір күн шындап!».

Одан кейін билеуші Өгдүлміштен Одғұрмыштың демінің қалай үзілгені туралы сұрады. Өгдүлміш көргендерін айтып, Одғұрмыштан мирасқа қалған құмырасы мен таяғын билеушіге ұсынады. «Бұл ағамның маған қалдырған мұрасы. Мұның бірін сіз алыңыз», – дейді ол. Өмірші қолын созып, таяқты қолына алып: «Мына жәдігерді мен алайын, маған сәттілік әкелсін. Сен мына құмыраны ал. Ағаңды еске аласың», – деді. Құмыраны алғанда көңілі босап, көзінен жас ағып кетті.

Әмірші ішіндегі шерін тарқатты. Ол сарайға оралып, бөлмесіне кірді.

Өгдүлміш бірер күн мұңын шағып, қайғысы тарқап, ақыры есін жиды. Уайым-қайғыны ұмытып, ішіп-жеп, қуанып, қайта күлді. Халықтың қасында болып, халық ісін біліммен басқаратын адам – «Қанша уайым мен мұң тұтқындаса да, қанша жылатса да, бір күні жүзің қайта күлімдетеді. Бұл дүниенің ежелгі заңы: зұлымдық пен жақсылық қанша уақытқа созылса да, бір күні бітеді» деген. Шынымен де Өгдүлміш қайғылы күндерін өткізіп, қызметіне оралды, жұмысын жалғастырды.

Сұрады тағы патша оның халін,
Өлгенін қалай, қайтіп – ахуалын.

Патшаға баян етті көргендерін,
«Өсиет қалдырды – деп – көргенді ерің».

Құмыра, бір таяқ ап, ойланды да,
Патшаның «естелік» деп қойды алдына.

Ол айтты (Одғұрмышты есіне алды):
«Сақталып туысымнан осы қалды.

Біреуін таңдап патшам өзіңе алар,
Бүгін – бақ, ертеңге де жарап қалар!».

Таяқты алды патша, «үлес» – делік, –
Әкелсін маған бақыт бұл естелік!

Сен өзің құмыраны алсаң онда,
Туысың жүзін көргін аңсағанда!».

Өгдүлміш ыдысты алды, қайғы буды,
Көз жасы көңілі кетіп бетін жуды.

Патша айтты: «Туысқаның болды бақұл,
Біз үшін бұл – ғибрат берген ақыл.

Жасады ол дүниеге көңіл бөлмей,
Жақсы аты қалды артында жүрер өлмей.

Тыңдап ал, пейілі таза ер не деген,
Ақылмен барлық істі зерделеген:

«Дүние қанша жисаң – болмайды көп,
Аз жисаң да өзіңе болады дөп.

Жалғанда бір – қуаныш, сор – мың талай,
Сүреді әркім өмір қалай-қалай.

Өлген соң пайдасы жоқ байлық – қыртың,
Қуанар оны жеген басқа жұртың».

Туысың бұ байлыққа қойды қалқан,
Лыпа киіп, ас қылды арпа талқан.

Жүрді өлмей, байлыққа бой алдырмады,
Ештеңе жұртқа жейтін қалдырмады.

Күні-түн ойлап жүгін жеңілдетті,
Басынан небір азап жеңіл өтті.

Құтылды енді азаптан күйттеп, күйін,
Біздің хал не болады, ол – бір түйін!».

Мың түрлі сөзбен патша кеңес құрды,
Беріліп оған түгел көп бой ұрды.

Сарайға патша тұрып, бара жатты,
Қайғырып үйге кірді, ойға батты.

Өгдүлміш аза тұтып алды сабақ,
Өткізіп нала күнді, ашты қабақ.

Ұмытты қасіретті, қайғы жемей,
Ішіп-жеп, көңілденді ләм-мим демей.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-том: Жүсіп Баласағұн. «Құтты білік» / Көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубай. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 бет.

2. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білік». Көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640 бет. 2-басылым.

3. Түркі академиясы халықаралық ұйымы ұсынған. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім / Й.Баласағұни – Астана, «Ғылым» баспасы, 2015. – 576 бет.

Мазмұны

«Құтты білік» еңбегі туралы түсінік.....	3
«Құтты біліктен» таңдаулылар	
Құдайға мадақ	7
Пайғамбарға мадақ.....	10
Пайғамбар сахабаларына мадақ	12
Адамзаттың құндылығы білім мен ақылдан туындайды	15
Тілдің қасиеті мен кемшілігі, пайдасы мен зияны.....	20
Жақсылық жасаудың мақтауы мен пайдасы	27
Сөздің басы. Күнтоғды патша туралы.....	31
Айтолдың Күнтоғды патшаның қызметіне кіруі.....	38
Айтолдың Күнтоғды патшаға көрінуі	48
Айтолдың ұлы Өгдүлмішке берген кеңесі	52
Өгдүлміштің патшаға бектің қандай болу керектігін айтуы.....	64
Өгдүлміштің патшаға уәзірдің қандай болуы керек екенін айтуы	91
Өгдүлміштің патшаға қолбасшының қандай болуы керектігін айтуы	102
Өгдүлміштің патшаға елшінің қандай болуы керектігін айтуы	120
Өгдүлміштің патшаға бас аспаздың қандай болуы керектігін айтуы	129
Одғұрмыш Өгдүлмішке дүниенің кемшіліктерін айтуы.....	136
Ғалымдармен араласуды үйретуі.....	146
Емшілермен араласуды үйретуі.....	149
Диқандармен араласуды үйретуі	150
Кедейлермен араласуды үйретуі	152
Жар таңдау туралы	153
Балаларды тәрбиелеу туралы	157
Өгдүлміш Одғұрмышқа қонаққа барудың жөн-жоралғысын түсіндіруі	159
Одғұрмыштың патшаға берген кеңесі	166
Әділдікке – әділдік, адамдыққа – адамдық көрсету	185
Одғұрмыш Өгдүлмішке түс көргенін айтуы.....	194
Өгдүлміштің Одғұрмыштың түсін жоруы.....	195
Одғұрмыштың өз түсін жоруы	197
Құмару Өгдүлмішке Одғұрмыштың қайтыс болғанын естіртуі	200

«Мектеп кітапханасы» топтамасы

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН

ҚҰТТЫ БІЛІК

Бас редактор А.Бекболатова / Редакторы Э.Исабаева
Техникалық редакторы В.Бондарев / Көркемдеуші редакторы
Т.Давлетова / Суретші-безендірушісі О.Подопригора
Мұқабаның дизайні В.Бондарев / Беттеген Г.Илишева

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.
Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54.
E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.
Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63.
E-mail: info@arman-pv.kz

Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

«Arman-PV baspasy» кітап дүкені

Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 29.07.23 берілді. Басуға 11.10.23 қол қойылды.
Пішімі 60х90 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Mekteptik».
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 13,0. Таралымы 1000 дана.
«Алматы Принт» ЖШС. Алматы қаласы, Кабдолов көшесі, 1/3.
E-mail: almatyprint@mail.ru

Артикул 6-004-001к-23